



ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП

2017

МАЗМҰНЫ

Компания туралы	002
Қызмет географиясы	004
«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының сөйлеген сөзі сөйлеген сөзі	006
«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының сөйлеген сөзі	008
2017 жылғы негізгі оқиғалар	010
Нарыққа шолу	012
Мемлекеттік реттеу. Қазақстан Республикасы электр энергетикасының құрылымы	012
Қазақстан Республикасы электр энергиясының нарығы	013
Электр энергиясының теңгерімі	016
«KEGOC» АҚ өндірістік қызметі	016
Электр энергиясын жеткізу	016
Техникалық диспетчерлендіру	017
Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру	017
Электр энергиясын сатып алу-сату бойынша операциялар	017
«KEGOC» АҚ Даму стратегиясы	018
1-мақсат. ҚАЗАҚСТАН БЭЖ-ДІҢ СЕНІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	020
Желінің сенімділігі	023
Инвестициялық қызмет	024
Технологиялық даму	024
2-мақсат. КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ДАМУ ҮШІН АҚША АҒЫНДАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	026
Тариф саясаты	029
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер талдауы	030
Корпоративтік басқару	032
Акционерлік капитал	032
Акционерлердің жалпы жиналысы	033
Дивидендтік саясат	034
«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі	035
«KEGOC» АҚ Басқармасы	044
Ішкі аудит қызметі	049
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	049
Ақпараттық саясат	052
Халықаралық ынтымақтастық	052
3-мақсат. ТҰРАҚТЫ ДАМУ	054
Кадр саясаты	057
Қоршаған ортаны қорғау	059
Өндірістік қауіпсіздік	060
1-қосымша. «KEGOC» АҚ еншілес ұйымдары	062
2-қосымша. 2017 жылға арналған корпоративтік күнтізбе	063
3-қосымша. 2017 жылы «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің сақталуы туралы ақпарат	064
4-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік	086
5-қосымша. Глоссарий	148
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	150



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН КОМПАНИЯСЫ» (KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID OPERATING COMPANY) «KEGOC» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ (БҰДАН ӘРІ – «KEGOC» АҚ, КОМПАНИЯ) «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУДЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ БОЙЫНША КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 1996 ЖЫЛҒЫ 28 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС ҚҰРЫЛДЫ. «KEGOC» АҚ 1997 ЖЫЛҒЫ 11 ШІЛДЕДЕ БАСТАПҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН ӨТТІ.

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100 % акциялары мемлекеттің меншігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеуге табыс етілді. 2008 жылы «Қазына» Тұрақты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру жолымен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамының құқығын иеленуші болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына» АҚ) еншілес және бағынысты объектілерінің акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияның 25 999 999 дана жарияланған жай акциялары жазылым жүргізу жолымен Қазақстан қор биржасында орналастырылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны - 260 000 000 дана, оның ішінде 234 000 001 акция (90% плюс бір акция) «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге, 25

998 609 акция (9,9995%) миноритарлық акционерлерге тиесілі, қалған 1 390 дана акцияны (0,0006%) «KEGOC» АҚ сатып алды.

Мекенжайы: Z00T2D0, Астана қаласы, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат.

Компанияның миссиясы – қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты сақтау стандарттарына сәйкес Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуі мен тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (БЭЖ) Жүйелік операторы бола отырып, мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру.

9

**ЖЭТ ЖӘНЕ ЖО ҰДО
ФИЛИАЛДАРЫ**

Жоғарыда көрсетілген қызмет түрлері табиғи монополиялар саласына жатады, соған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырады. Компанияның құрылымына 9 «Жүйеаралық электр тораптары» (ЖЭТ) филиалы және Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы (ЖО ҰДО) кіреді.

«KEGOC» АҚ Басқармасы 2016 жылғы 29 желтоқсанда «KEGOC» АҚ Алматы қаласындағы Өкілдігінің жұмысын тоқтату туралы шешім қабылдады. Өкілдікті тарату әділет органдарында 2017 жылғы 2 наурызда мемлекеттік тіркеуден өтті.

«KEGOC» АҚ «Энергоинформ» АҚ мен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-ның бас компаниясы болып табылады. «Энергоинформ» АҚ ҰЭТ жабдықтарына қызмет көрсетуді және Компания жұмысына телекоммуникациялық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС 2013 жылы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) секторына инвестицияларды ынталандыру және барлық ЖЭК (өздері үшін аталған қолдау схемасы таңдап алынды) объектілерінен тіркелген тарифтер бойынша электр энергиясын орталықтан сатып алуды мемлекет тарапынан кепілдендіру арқылы Қазақстанның энергия балансында ЖЭК-ті пайдалану үлесін арттыру мақсатында құрылды. Толығырақ ақпарат 1-қосымшада берілген.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ 2015 жылы «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысының өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру үшін құрылған «Батыс транзит» АҚ-ның серіктес құрылтайшысы (акцияларының 20%) болып табылады.

31.12.2017ж. жай-күй бойынша «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының балансында габариті 0,4-1150 кВ, жалпы ұзындығы 25 707,248 км (тізбектер бойынша) 363 әуе желісі бар, соның ішінде:

- **1 150 кВ ЭЖ** — 1421,225 км;
- **500 кВ ЭЖ** — 7403,247 км;
- **330 кВ ЭЖ** — 1864,092 км;
- **220 кВ ЭЖ** — 14511,046 км;
- **110 кВ ЭЖ** — 352,841 км;
- **35 кВ ЭЖ** — 44,13 км;
- **10 кВ ЭЖ** — 92,226 км;
- **6 кВ ЭЖ** — 12,851 км;
- **0,4 кВ ЭЖ** — 5,59 км.

«KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдары балансында 31.12.2017ж. жай-күй бойынша трансформаторларының белгіленген қуаты 36 660,05 МВА болатын кернеуі 35-1150 кВ-тық 78 қосалқы электр станциясы бар, соның ішінде:

- **1 150 кВ** — 3 дана, қуаты 9 384,1 МВА;
- **500 кВ** — 18 дана, қуаты 16 111,5 МВА;
- **220 кВ** — 54 дана, қуаты 11 136,25 МВА;
- **110 кВ** — 1 дана, қуаты 5 МВА;
- **35кВ** — 2 дана, қуаты 23,2 МВА.

«KEGOC» АҚ қосалқы станцияларында мыналар пайдалануда:

- **1150-10 кВ-тық 272** күштік трансформатор мен автотрансформатор (олардың 8-і – тараптық ұйымдардың балансында);
- **1150-35 кВ 184** шунттаушы реактор (олардың 9-ы – тараптық ұйымдардың балансында);
- **1150-35 кВ 1572** ажыратқыш (ауалық, майлы, элегазды, вакуумды) (олардың ішінде 97-сі тараптық ұйымдардың балансында);
- **1150-35 кВ** кернеу трансформаторларының **1583** фазасы (олардың ішінде 64-і тараптық ұйымдардың балансында);
- **1150-35 кВ** ток трансформаторларының **3 706** фазасы (олардың ішінде 244-і тараптық ұйымдардың балансында);
- **111** аккумулятор батареясы (олардың 2-уі тараптық ұйымдардың балансында);
- **45** сығымдауыш қондырғы;
- қатты оқшаулағыш пен трансформатор майын өңдеуге арналған **118** қондырғы мен құралдар;
- **63 296** бірлік РҚА және АА құрылғылары;
- **32 134** өлшеу құралдары.

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

ӘЖ ҰЗЫНДЫҒЫ

25 707,248

КМ (ТІЗБЕКТЕР БОЙЫНША)



78

ҚОСАЛҚЫ ЭЛЕКТР
СТАНЦИЯСЫ

«KEGOC» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



**ҚУАНЫШ
БЕКТЕМІРОВ**

«KEGOC» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы



Құрметті акционерлер!

2017 жыл қорытындылары «KEGOC» АҚ-ның тұтынушыларға барлық қызмет спектрін сапалы және тиімді ұсыну қабілетін, бизнес процестерін басқару деңгейінің жоғары және қаржылық жағынан сенімді екенін көрсетті. Табысты жұмыстың негізгі көрсеткіштері бұл қаржылық нәтиже болып табылады - 2017 жылды Компания өзінің 20 жылдық қызметінде шамамен 32,9 млрд.теңге мөлшеріндегі таза табыспен аяқтады.

«KEGOC» АҚ үшін негізгі басымдықтардың бірі акционерлердің құқықтарын қорғау мәселелері болып табылады. «KEGOC» АҚ акционерлерге есептік жылы 19,9 млрд.теңге жалпы сомасында дивидендтер төледі. 2014 жылы «Халық IPO» бағдарламасы шеңберінде акцияларды бастапқы орналастырған кезден бастап Компанияның акционерлеріне 37,4 млрд.теңге мөлшерінде дивидендтер төленді.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын іске асыру шеңберінде есептік жылы Компания өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. «KEGOC» АҚ жаңа технологиялық құрылымды қалптастыру бойынша еліміздің бірыңғай стратегиясында өз орнын алуды мақсат етіп отыр.

Компания қызметінің оң нәтижеге қол жеткізуінің маңызды шарты бұл ең үздік әлемдік тәжірибеге негізделген, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген жоғары корпоративтік басқару стандарттарын сақтауы болып табылады. Кәсібилігі жоғары, тәжірибесі мол директорлардан тұратын, барлық салаларда тиімді шешім қабылдауға қажетті біліктілігі бар Директорлар кеңесі бұл бағытта қомақты үлес қосып отыр. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 2017 жылы өзгерген жоқ, ірі акционердің өкілдері мен тәуелсіз директорларды қамтитын, жақсы теңдестірілген қалпын сақтап қалды. Бұл әртүрлі мүдделі тараптардың мүдделерін есепке ала отырып, басқарушылық шешімдердің дұрыстығы мен өте сапалы болуына мүмкіндік берді, сонымен қатар Даму стратегиясын іске асырудағы бірізділіктің кепілі болды. «KEGOC» АҚ корпоративтік басқару рейтингі атқарылған жұмыстардың нәтижесі бойын-

ша «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобында өте жоғары рейтингтердің бірі болып табылады.

2017 жылы директорлар еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру, өндірісте қауіпсіз жағдай жасау мәселелеріне, сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік мәселесіне көп көңіл бөлді. Осылайша Директорлар кеңесі еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті және Компания басшыларының жеке жауапкершіліктерін белгілеу жолымен оның орындалуына бақылауды ендірді.

Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ бастама жасаған және тиімді әкімшілік етуге, Компанияның кірісін арттыруға, қолайлы инвестициялық жағдай қалыптастыруға және инновациялық технологияларды ендіруді қолдауға бағытталған Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыруға ерекше назар аударды: бағдарламаны іске асырудың Жол картасы бекітілді, тоқсан сайын оның іске асырылуына мониторинг жүргізіліп отырады. 2017 жылы Компанияда жаңа ұйымдық құрылым енгізілді, бұл ұйымдық құрылым қолданыстағы бизнес-процестердің талдауы және қызметтің негізгі көрсеткіштері құрылымының негізінде озық тәжірибелер есепке алына отырып, әзірленді. Нәтижесінде басқарушылық аппараттың үлесі 15%-дан 12%-ға қысқартылды.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылы қабылдаған шешімдері, алдыға қойылған мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына жасалған тұрақты мониторинг Компанияның тиімді дамуына, жоғары өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізуіне себеп болды, нәтижесінде KEGOC үшін есептік кезеңнің бүкіл өндірістік-қаржылық жетістіктер спектрі болашақта оның дамуы, 2025 жылы әлемдік деңгейдегі Компанияға айналу және өңірлік ауқымдағы электр энергетикасы саласындағы құзырет орталығы болу жөніндегі стратегиялық мақсатына қол жеткізуі үшін тағы да бір маңызды қадам болды.

Акционерлерге «KEGOC» АҚ-ға сенім білдіргені және ұжымға Компания мен оның акционерлерінің игілігіне тиімді жұмыс істегені үшін алғыс білдіреміз.

**«KEGOC» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы
Куаныш Бектеміров**

«KEGOC» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



«KEGOC» АҚ
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

«KEGOC» АҚ
Басқарма төрағасы



2017 жыл «KEGOC» АҚ үшін мерейлі жыл болып табылады, себебі Компанияға жиырма жыл толды.

Қазақстан Республикасының Президенті Компанияның қызметіне жоғары баға беріп, өз құттықтау хатында бірнеше мыңнан астам қызметкері бар «KEGOC» АҚ-ның қалыптасу тарихы бүгінгі таңда ел экономикасының дамуымен үздіксіз байланысты екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Компания отандық Біртұтас электр энергетикалық жүйенің Жүйелік операторы ретінде экономиканың барлық секторларын электрмен сенімді жабдықтауды қамтамасыз ететінін атап кетті.

«KEGOC» АҚ Ұлттық электр торабын дамыту және Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін сенімді орындауды жалғастыруда.

2017 жылы елімізде электр энергиясын өндіру мен тұтыну көлемі 2016 жылмен салыстырғанда былайша өсті: электр энергиясын өндіру 8,8%-ға немесе 8,3 млрд. кВт сағатқа өсіп, 102,4 млрд. кВт сағ. құрады; электр энергиясын тұтыну 6%-ға немесе 5,5 млрд. кВт сағатқа өсіп, 97,9 млрд. кВт сағ. құрады. «KEGOC» АҚ қызмет көлемі орташа алғанда 9%-ға артты.

Компания мерейлі 2017 жылы жақсы қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізді. Компанияның акциялары өтімділігі жоғары болуымен және тұрақты өсуімен көзге түсті. Олардың құны 2017 жылғы қараша айында ең жоғарғы деңгейге жетіп, бір акцияға 1 434 теңгені құрады. Бұл орналастыру бағасынан тіпті үш есеге артық.

Өткен жыл өңірлік әріптестермен халықаралық байланысты дамыту жағынан да сәтті болды. Өзбекстан энергия жүйесінің қарыздарды өтеу мәселесі оң шешілді. Компанияның жұмыс жүргізуі арқасында «Узбекэнерго» АҚ 2011-2017 жылдар аралығы кезеңінде электр энергиясын жеткізу және қуатты реттеу

бойынша қызмет көрсету шарттарына сай «KEGOC» АҚ алдындағы негізгі берешегін толығымен өтеді. «Узбекэнерго» АҚ төлеген борыштың жалпы сомасы шамамен 143 млн. АҚШ долларын құрайды.

Компания үшін әлеуметтік мәселелер анағұрлым басым болып табылады. Соңғы бірнеше жылда «Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі» көрсеткіші бойынша «KEGOC» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының арасында алдыңғы қатарда келеді. Зерттеу қорытындылары бойынша бұл көрсеткіш 2017 жылы 82%-дан 88%-ға өсті, нәтижесінде Компания Қазақстан Республикасы бойынша да алдыңғы қатарда келеді.

2018 жылы «KEGOC» АҚ-ның алдында күрделі міндеттер тұр.

«Нұрлы-Жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылып жатқан «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500 кВ ӘЖ-сін салу» ірі инвестициялық жобасын толығымен аяқтауға ниетті.

«KEGOC» АҚ Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыру, бизнесі цифрландырудың Жол картасы мен Тұжырымдаманы әзірлеу жалғасатын болады.

Компания электр энергетикалық сектордағы даму үрдістерінде орын алған өзгерістерді есепке ала отырып, өзінің даму стратегиясын жаңартуға ниетті.

Жоғарыда баяндалғанды түйіндей келе Компания серіктестері мен барлық мүдделі тараптарға бірлесе тиімді жұмыс істегені үшін алғыс білдіремін. 2018 жылы да біздің арамыздағы ынтымақтастық нәтижелі болады деп сенемін.

«KEGOC» АҚ
Басқарма төрағасы
Бақытжан Қажиев

2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

5 ҚАҢТАР

«220кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру» инвестициялық жобасын іске асыру үшін 151,9 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі тартылған қарыз мерзімінен бұрын өтелді.

26 МАМЫР

Алматы қаласында «KEGOC» АҚ төрағалық етуімен Орталық Азияның Үйлестіру Электр Энергетикалық Кеңесінің (ОА ҰЭК) 26-отырысы өткізілді.

24 АҚПАН

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «KEGOC» АҚ Басқарма құрамы өзгерді («Корпоративтік басқару» бөлімінде анығырақ берілген).

9 МАУСЫМ

«Трансформация – Жаңа деңгей» атты ақпараттық күн өткізілді. Жоба демеушілері, жетекшілері мен менеджерлері іс-шараның спикерлері болды. Іс-шараға Қордың портфельдік компанияларының өкілдері - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ мен «Қазатомпром» АҚ қатысты.

12 МАМЫР

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда жылдық Шоғырландырылған қаржылық есептілік, таза кірісті бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және «KEGOC» АҚ 2016 жылғы бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін белгілеу тәртібі бекітілді, «KEGOC» АҚ Жарғысы жаңа редакцияда бекітілді және басқа да мәселелер қаралды.

Акционерлердің жалпы жиналысы 2016 жылғы таза табыстың 50%-ын «KEGOC» АҚ жай акцияларын барлық ұстаушылары арасында бөлу үшін жіберу туралы шешім қабылдады.

27 МАУСЫМ

«KEGOC» АҚ 2016 жылға «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төленетіні туралы хабарлады.

14 ШІЛДЕ

«KEGOC» АҚ «Астана EXPO-2017» халықаралық көрмесі шеңберінде, сонымен қатар «KEGOC» АҚ 20 жылдық мерейтойы қарсаңында, «болашақ энергиясы» жаһандық трендіне арналған «Электр энергетикалық жүйелерді дамыту – проблемалары мен перспективалары» тақырыбында конференция өткізді.

28 ШІЛДЕ

Moody's рейтингтік агенттігі «KEGOC» АҚ рейтингін Ваа3 деңгейінде бекітті және рейтинг бойынша болжамды «Терістен» «Тұрақтыға» өзгертті.

29 ҚЫРКҮЙЕК

Орталық коммуникациялар қызметінде «Электр энергетикасының өзекті мәселелері» тақырыбында баспасөз конференциясы өткізілді, онда «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Қажиев Б.Т. спикер болды.

7 ТАМЫЗ

«KEGOC» АҚ «Ұлттық электр торабын жаңғырту, 2-кезең» инвестициялық жобасын іске асыру үшін Еуразия Қайта құру және Даму Банкінің 2008 жылы 228,41 млн. еуро мөлшерінде тартылған қарызы бойынша 2018 жылға 23,8 млн. еуро мөлшеріндегі екі жарты жылдық төлемақыны мерзімінен бұрын төледі.

26 ҚАЗАН

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда аралық Шоғырландырылған қаржылық есептілік, таза кірісті бөлу тәртібі бекітілді, «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және 2017 жылғы бірінші жарты жылдығында бір жай акцияға есептегенде дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылданды.

Акционерлердің жалпы жиналысы 2017 жылғы бірінші жарты жылдықтағы таза кірістің 70%-ын «KEGOC» АҚ жай акцияларының барлық ұстаушылары арасында бөлу үшін жіберу туралы шешім қабылдады.

29 ТАМЫЗ

«KEGOC» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда-саттық алаңында жалпы көлемі 36,3 млрд. теңге (кірістілігі - 11,5%, мерзімі - 15 жыл) мөлшеріндегі екінші облигациялар шығарылымын табысты орналастырды.

10 ҚАРАША

«KEGOC» АҚ 2017 жылғы бірінші жарты жылдығы «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төленетіні туралы хабарлады.

5 ҚЫРКҮЙЕК

Fitch «KEGOC» АҚ рейтингін «BBB-» деңгейінде бекітті, болжам «Тұрақты».

24-25 ҚАРАША

Қарағанды қаласында «KEGOC» АҚ қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне және «KEGOC» АҚ 20 жылдығына арналған спартакиада өткізілді.

21 ҚЫРКҮЙЕК

«KEGOC» АҚ командасы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының қызметкерлері арасында мемлекеттік тілді білу деңгейіне өткізілген конкурста бірінші орын алды.

ЖЕЛТОҚСАН

«Ўзбекэнерго» АҚ 2011-2017 жылдар аралығындағы кезеңде қуатты реттеу бойынша қызмет көрсету және электр энергиясын жеткізу шарттарына сай «KEGOC» АҚ алдындағы негізгі берешегін толығымен өтеді.



НАРЫҚҚА ШОЛУ

МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасы Үкіметі әзірлейді және анықтайды. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті орган болып табылады. Электр энергетикасы саласындағы қадағалау мен бақылауды мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылар құқығын қорғау комитеті мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті (соның ішінде табиғи монополиялар субъектісі ретінде «KEGOC» АҚ қызметін) бақылау мен реттеуді, бәсекелестікті қорғау және

монополиялық қызметті шектеу саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің электр станциялары, электр жеткізу желілері мен қосалқы станциялары жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы мына секторларды қамтиды:

- электр энергиясын өндіру;
- электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясымен жабдықтау;
- электр энергиясын тұтыну;
- электр энергетикасы саласындағы басқа да қызмет.

Электр энергиясын өндіру секторы

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 128 электр станциясы жүзеге асырады. Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2018 жылғы 1 қаңтардағы жайкүй бойынша 21672,9 МВт; иелік қуаты 18791,4 МВт құрайды.

Электр энергиясын жеткізу секторы

Қазақстан Республикасының электр желілері өз алдына электр энергиясын жеткізу мен (немесе) таратуға арналған қосалқы станциялардың, тарату құрылғылары мен оларды қосып тұратын кернеуі 0,4-1150 кВ электр жеткізу желілерінің жиынтығын білдіреді. Қазақстан Республикасы БЭЖ-дегі жүйе құраушы рөлін **ұлттық электр торабы (ҰЭТ)** атқарады, ол Республиканың өңірлері мен шектес мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелері арасындағы электрлік байланысты, сонымен қатар электр станцияларынан электр энергиясын беруді және оны көтерме сауда тұтынушыларына жеткізуді қамтамасыз етеді. ҰЭТ-тың құрамына кіретін қосалқы станциялар, тарату құрылғылары, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электр жеткізу желілері мен электр станцияларының электр энергиясын беруді жүзеге асыратын, кернеуі 220кВ және одан жоғары электр жеткізу желілері «KEGOC» АҚ-ның теңгерімінде тұр.

Өңірлік деңгейдегі электр тораптары өңірлердің ішіндегі электрлік байланысты, сонымен қатар электр энергиясын бөлшек сауда тұтынушыларына жеткізуді қамтамасыз етеді және өңірлік электр желілік компаниялардың (ӨЭК) пайдалануында тұр.

Энергия беретін ұйымдар шарттар негізінде жеке немесе пайдаланылатын (жалға берілген, лизинг, сенімгерлікпен басқару және пайдаланудың басқа да түрлері) электр желілері арқылы көтерме және бөлшек сауда тұтынушыларына немесе энергиямен жабдықтайтын ұйымдарға электр энергиясын жеткізуді жүзеге асырады.

Электр энергиясымен жабдықтау секторы

Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығын энергиямен жабдықтау секторы электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықтан сатып алуды және оны бұдан әрі соңғы бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан (ЭЖҰ) тұрады. ЭЖҰ бөлігі электр энергиясының «көпілдікті жеткізушілері» функциясын орындайды.

Электр энергетикасы саласындағы басқа да қызмет

Энергетика саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелермен, маркетингтік зерттеулермен және болжамдармен, электр энергиясын өндіру және тұтынушыларды энергиямен жабдықтау үшін жаңа тиімді энергия үнемдейтін және экологиялық жағынан таза технологияларды өндіру проблемаларын шешумен **«Энергия» ҚазАЭТИІҒЗИ, «Қазселэнергожоба»**

институты» ЖШС, «Академик Ш.Ч.Чокин атындағы Қазэнергетика ҒЗИ» АҚ, «Алматы Энергетика және Байланыс университеті» ҰАҚ, Назарбаев университеті, «Energy System Researches» ЖШС сияқты ғылыми-зерттеу және жобалау-іздірету институттары айналысады.

«KEGOC» АҚ «КЭА» ЗТБ, «KazEnergy» ЗТБ, «Атамекен» Қазақстан Республикасы ҰКП, Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы, Қазақстанның Салық төлеушілер қауымдастығы мүшесі және ЭҚРПУЛ қатысушысы болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Электр энергиясы нарығы екі деңгейден: электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарығы деңгейлерінен тұрады.

Қазақстан Республикасы электр энергиясы көтерме сауда нарығының функционалдық құрылымы мыналарды қамтиды:

- **электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату нарығы** (электр энергиясын сатып алу-сатудың екі жақты шарттары);
- **электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығы**, онда қысқа мерзімді (спот-сауда), орта мерзімді (апта, ай) және ұзақ мерзімді (тоқсан, жыл) негізде электр энергиясын сатып алу-сату мәмілесін жүзеге асырады. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығының операторы – «КОРЭМ» АҚ;
- **нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуші нарық**, электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінде Жүйелік оператор бекіткен Қазақстан Республикасы БЭЖ-де электр энергиясын өндіру-тұтынудың шарттық және нақты шамалары арасында операциялық тәуліктерде туындайтын сағаттық теңгерімсіздіктерді табиғи және бұдан кейін қаржылық реттеу мақсатында жұмыс істейді. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімсіздіктерді табиғи реттеуді Жүйелік оператор, теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеуді Есептеу орталығы жүзеге асырады. «Энергоинформ» АҚ электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы Есептеу орталығы болып белгіленді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы Энергетика министрінің 30.11.2015 ж. № 676 бұйрығына сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін имитациялық режимде жұмыс істейді;
- **жүйелік және қосалқы қызметтер нарығы**, онда Қазақстан Республикасы БЭЖ жұмысының сенімділігін және электр энергиясының са-

пасын белгіленген мемлекеттік стандарттармен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы БЭЖ-інің Жүйелік операторы жүйелік қызметтер көрсетуді және Қазақстан Республикасы электр энергиясы нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 17.10.2014ж. № 61 бұйрығымен «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің Жүйелік оперторы болып тағайындалды;


- **электр қуатының нарығы**, электр энергиясына сұранысты қанағаттандыруға жеткілікті көлемде жаңа электр қуатын іске қосу үшін инвестициялар тарту және Қазақстан Республикасы БЭЖ-дегі электр қуатының болжамды теңгерімі негізінде анықталған электр қуатының шамасын қолдау мақсатында жұмыс істейді. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр қуатының нарығы 2019 жылғы 1 қаңтарда ендіріледі деп белгіленіп отыр.

Электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері:

- электр энергиясының көтерме сауда нарығына кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын жеткізетін энергия өндіруші ұйымдар;
- энергия беруші ұйымдар;
- жеке электр желілері жоқ және электр энергиясының көтерме сауда нарығында кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде оны қайта сату мақсатында сатып алатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;
- электр энергиясының көтерме сауда нарығында кемінде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде сатып алатын электр энергиясын тұтынушылар;
- функциясын Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ жүзеге асыратын Жүйелік оператор;
- функциясын «КОРЭМ» АҚ орындайтын электр энергиясының орталықтандырылған сауда-сатығының операторы;
- жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-ді орталықтан жедел-диспетчерлік басқаруды «KEGOC» АҚ «Жүйелік опертордың ұлттық диспетчерлік орталығы — ЖО ҰДО» филиалы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы БЭЖ-де орталықтан жедел-диспетчерлік басқару «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік диспетчерлік орталықты (ӨДО) ЖО ҰДО-ға тікелей жедел диспетчерлік бағындыру схемасы бойынша ұйымдастырылған.

Қазақстан БЭЖ-ін жедел-диспетчерлік басқарудың құрылымдық схемасы (01.01.2018 ж. жай-күй бойынша)



Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтан сатып алу мен сатуды жүзеге асыру «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ға жүктелді.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ

Қазақстан Республикасында электр энергиясын тұтыну 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 5545,0 млн.кВт сағ. немесе 6,0%-ға артты. Электр энергиясын тұтыну Қазақстанның Солтүстік аймағы бойынша 3113,0 млн.кВт сағ. (5,0%), Батыс аймағы бойынша 893,7 млн.кВт сағ. (7,8%), Оңтүстік аймағы бойынша 1538,3 млн.кВт сағ. (8,1%) өсті. Электр энергиясының Павлодар облысы бойынша 1043,7 млн.кВт сағ. (5,9%), Ақтөбе облысы бойынша 628,1 млн.кВт сағ. (11,9%), Атырау облысы бойынша 826,2 млн.кВт сағ. (17,5%), Қарағанды облысы бойынша 912,0 млн.кВт сағ. (5,8%), Жамбыл облысы бойынша 611,3 млн.кВт сағ. (19,2%) айтарлықтай өскені байқалады. Электр энергиясын тұтыну Маңғыстау облысында 55,4 млн.кВт сағ. (1,1%) төмендеді.

2017 жылы Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру 102383,6 млн.кВт сағ. құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 8307,1 млн.кВт сағ. немесе 8,8%-ға жоғары.

2017 жылы Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру тұтынадан 4527,0 млн.кВт сағ. асты.

Есептік кезеңде Ресейге сальдо-ағын 4528,2 млн. кВт сағ. (2016 ж. Ресейге 1640,2 млн.кВт сағ.) құрады. Бұл ретте Ресейге электр энергиясының экспорты 5788,1 млн.кВт сағ. (2016 ж. – 2773,1 млн.кВт сағ.) құрады, 2016 жылмен салыстырғанда 3015,0 млн. кВтсағ. өсті. Ресейден электр энергиясының импорты – 1259,9 млн.кВт сағ. (2016 жылмен салыстырғанда 127,0 млн.кВт сағ. артқан). Ресей Федерациясынан экспорт және импорт теңгерімдеуші электр энергиясының көлемдерін есепке ала отырып, келтірілді.

Орталық Азиядан (Қызығызстан) сальдо-ағын – 1,2 млн.кВт сағ. Бұл ретте Қырғызстанға электр энергиясының экспорты 7,7 млн.кВт сағ., импорты – 8,9 млн.кВт сағ. құрады.


2017 жылы электр энергиясын тұтыну деңгейінің өсуі «KEGOC» АҚ операциялық көрсеткіштерінде – тұтынушылары энергия өндіруші, энергия жеткізуші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, сонымен қатар электр энергиясын тұтынушылар болып табылатын электр энергиясын жеткізу, техникалық диспетчерлендіру және өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша «KEGOC» АҚ көрсететін қызметтердің көлемдерінде көрініс тапты.

«KEGOC» АҚ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІ

Электр энергиясын жеткізу

2017 жылдың нәтижелері бойынша ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу жөнін-

2017 жылы Қазақстан БЭЖ электр станцияларының электр энергиясын өндіру құрылымы



дегі қызметтің нақты көлемі 42 737,3 млн.кВт сағ. құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштерден 3 523,8 млн.кВт сағ. немесе 9,0%-ға жоғары. Артып кетудің негізгі себебі бұл электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері үшін қызмет көлемінің өсуі, сонымен қатар экспортталатын электр энергиясы көлемдерінің өсуі болып табылады.

2017 жылы «KEGOC» АҚ мен «ФСК ЕЭС» ӨАҚ арасында жасалған шарт бойынша «KEGOC» АҚ желілері арқылы Ресей Федерациясы-Қазақстан Республикасы-Ресей Федерациясы бағытында электр энергиясы жеткізілді (транзит). Көрсетілген қызмет көлемі 1 981,2 млн.кВт сағ. құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 1 649,3 млн.кВт сағ. төмен.

Қызметтердің ірі тұтынушылары, млн.кВт сағ.

«Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	4 706
«Теміржолэнерго» ЖШС	3 195
«Алматыэнерго» ЖШС	2 324
«Қазхром» ТҰК АҚ	2 093
«ФСК ЕЭС» ӨАҚ	1 981
«Қазцинк» ЖШС	1 974
«Қазфосфат» ЖШС	1 697
«Шығысэнерготрейд» ЖШС	1 642
«Алматы электр станциялары» АҚ	1 445
«Оңтүстік Жарық» ЖШС	1 210

Техникалық диспетчерлендіру

2017 жыл нәтижелері бойынша электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтің нақты көлемі 93 610,0 млн.кВт сағ. құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштерден 7 871,4 млн.кВт сағ. немесе 9,2%-ға жоғары, бұл өңірлік, сонымен қатар республикалық деңгейдегі энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндіруінің артуына байланысты.

Қызметтердің ірі тұтынушылары, млн.кВт сағ.

«Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	14 015
«Еуразия энергетикалық компаниясы» АҚ	13 886
«Kazakhmys Energy» ЖШС	5 876
«ЕМАЭС-2 станциясы»	5 215
«Алматы электр желілері» АҚ	5 070
«МАЭК Казатомпром» ЖШС	3 916
«Караганда Энергоцентр» ЖШС	3 789
«Павлодарэнерго» АҚ	3 476
«Казцинк» ЖШС	3 442
«СевКазЭнерго» ЖШС	2 834

**Электр энергиясын өндіру-тұтыну
теңгерімін ұйымдастыру**

2017 жылғы нәтиже бойынша электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемін ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 174 534,7 млн.кВт сағ. құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштерден 12 918,7 млн.кВт сағ. немесе 8,0% жоғары, бұл Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру мен тұтынудың нақты өсуімен негізделген.

Қызметтердің ірі тұтынушылары, млн.кВт сағ.

«Еуразия энергетикалық компаниясы» АҚ	23 177
«Б.Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	14 015
«Kazakhmys Energy» ЖШС	6 522
«АрселорМиттал Теміртау» АҚ	6 248
«Казцинк» ЖШС	6 111
«Астана – РЭК» АҚ	6 039
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	5 768
«ЕМАЭС-2 станциясы» АҚ	5 171
«Алматы электр желілері» АҚ	5 139
«МАЭК Казатомпром» ЖШС	4 602

**Электр энергиясын сатып алу-сату
бойынша операциялар**

2017 жылы «KEGOC» АҚ мына мақсаттарда электр энергиясын сатып алды:

- Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасында электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында 9 654,3 млн.теңге сомасына 1 020,4 млн.кВт сағ. көлемінде (соның ішінде: «Интер РАО» ӨАҚ-дан (Ресей Федерациясы) және ішкі энергия көздерінен - «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «МАЭК Казатомпром» ЖШС, «Батыс Пауэр» ЖШС);
- Қазақстан БЭЖ мен Қырғызстан энергия жүйесі арасындағы электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 58,1 млн.теңге сомасына 8,9 млн.кВт сағ. көлемінде («НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан);

- Қазақстан БЭЖ-ден Қырғызстанның энергия жүйесіне электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 48,0 млн.теңге сомасына 7,7 млн.кВт сағ. көлемінде (соның ішінде: «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-дан және «АЕС Шүлбі ГЭС» ЖШС-дан).

2017 жылы «KEGOC» АҚ мына мақсатта электр энергиясын сатты:

- Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасында электр энергиясы ағындарының нақты мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында 4 084,7 млн.теңге сомасына 1 020,4 млн.кВт сағ. көлемінде («Интер РАО» ӨАҚ үшін);
- Қазақстан БЭЖ мен Қырғызстанның энергия жүйесі арасындағы электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 50,1 млн.теңге сомасына 7,7 млн.кВт сағ. көлемінде («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін).

«KEGOC» АҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ ҮШІН ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР, СЕБЕБІ ЕЛІМІЗДІҢ МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ СІЯҚТЫ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ ЖОҒАРЫ ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫМЕН СИПАТТАЛАДЫ. СӘЙКЕСІНШЕ, ҚАЗАҚСТАН ӨНЕРКӘСІБІНІҢ БӨСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ХАЛҚЫНЫҢ ТІРШІЛІК ЕТУ САПАСЫ КӨБІНЕСЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ЭНЕРГИЯМЕН СЕΝІМДІ ЖӘНЕ САПАЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ.

«KEGOC» АҚ электр энергетикасы саласында атқаратын функцияларға сүйене отырып, сонымен қатар мемлекеттің бағдарламалық құжаттары мен ірі акционер ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ болжамын есепке алумен «KEGOC» АҚ 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясы әзірленді. «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес «KEGOC» АҚ алдында мындай стратегиялық мақсаттар тұр:

**1. ҚАЗАҚСТАН
БЭЖ-ДІҢ СЕΝІМДІ
ЖҰМЫС ІСТЕУІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**3. ТҰРАҚТЫ
ДАМУ**

**2. КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ
АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ДАМУ ҮШІН АҚША
АҒЫНДАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу, стратегиялық өндірістік, қаржы-экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің мәндеріне қол жеткізу «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылға қарай Стратегияның болжамы – әлемдік деңгейдегі Компания және өңірлік ауқымдағы электр энергетикасы саласындағы құзырет орталығы болу мақсатына қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Алдағы жылдарға Компанияның ерекше назар аударуын талап ететін негізгі кезеңдер мыналар:

- ЖЭК өндіру үлесінің артуымен, Қазақстан экономикасының жаңғыруымен («Индустрия 4.0») және электр энергиясы мен қуаты нарығы механизмдерінің электр тұтынуға әсер етуімен негізделген Қазақстандағы электр энергиясын тұтыну үрдісінің өзгеруі;
- инвестицияларды электр энергиясын жеткізу желілерінде өте тиімді технологиялық шешімдерді құру мен ендіруге ынталандыру/тарту;
- 2019 жылы теңгерімделген энергия мен қуат нарықтары ендірілетінін есепке ала отырып, электр энергетикасы секторында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігі, сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақ шекараларында жалпы энергия нарығын құру.

Осыған байланысты «KEGOC» АҚ жуық арадағы перспективаға мынадай негізгі міндеттерді қойып отыр:

- SML (System Minutes Lost – жүйелік минуттарды жоғалту), ENS (Energy Not Supplied – толық жеткізілмеген электр энергиясы) және WWP (Percentage of Work Without Problems – жүйенің тоқтамастан жұмыс істеу уақытының пайызы) сияқты негізгі стратегиялық ҚНҚ-ға қатысты тиімділікті арттыру мақсатында жүйелік оператордың қызмет көрсету сапасы мен кірістері арасындағы тікелей тәуелділікті орнату;
- ЖЭК-тен генерация өндірісін, сұранысты болжамдау кезінде жүйелік оператордың жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- инвестицияларды өте тиімді пайдалану және желі жұмысын бұдан әрі жақсартуды қамтамасыз ету, сонымен қатар электр энергиясының технологиялық шығысын (ысыраптарын) қысқару мақсатында бизнес бастамалар мен жобалар портфелін (жаңа технологиялар, инновациялар, цифрландыру және т.б.) қалыптастыруға жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету;
- тұрақты дамуды қамтамасыз ету, экология, өндірістік қауіпсіздік, кадр саясаты саласында белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша компания менеджментінің жауапкершілігін арттыру;

- Корпоративтік басқару кодексінің сақталуын қамтамасыз ету, Корпоративтік басқару рейтингін арттыру мақсатында Корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- төртінші индустриалды революция элементтерімен бизнесті цифрландыру саясатын жүргізуді есепке алып, сонымен қатар электр энергетикасы секторындағы даму үрдістерінің өзгеруін есепке ала отырып, «KEGOC» АҚ даму стратегиясын қайта қарау/ жаңарту;
- Қазақстан БЭЖ-нің коммерциялық және физикалық жақтары туралы міндетті жария есептеменің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Қазақстанның электр энергетикасы секторындағы болып жатқан өзгерістерді, энергия жүйесінің жұмыс режимдерін барлық деңгейде басқаруды жұмылдыру арқасында Қазақстан БЭЖ-дің жүйелік операторы рөлін күшейтуді назарға ала отырып, «KEGOC» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасын толығымен іске асыруды жалғастырады. Бизнесті трансформациялау бағдарламасы ең алдымен тиімді әкімшілік етуді, компанияның кірістілігін арттыру үшін ынталандыру, қолайлы инвестициялық жағдай жасау және инновациялық технологияларды қолдау жүйесін құруға бағытталған.

2017 жыл қорытындысы бойынша Компания бағдарламаның үш кезеңінің барлығын орындады және бұрын қарастырылған бастамаларды ендіруді көздейтін «Іске асыру» атты шешуші кезеңіне кірісті. Барлық бастамалар Компанияның Жобалар портфелінің 7 жобасына топтастырылды.

Компания нысаналы бизнес-процестер әзірледі; нысаналы ұйымдық құрылым ендірілді; мұнда топ-менеджменттің деңгейі басқарудың бір ғана деңгейіне – басқарушы директорлар деңгейіне ғана жеткізілді, Компанияның ҚНҚ құрылымына негізделген бағалау жүйесі жаңартылды.

Компанияның қатыстырылған қызметкерлері мен шығындарын қамту бөлігіндегі ең үлкені және аса күрделісі бұл «Кәсіпорын процестерін ендіру» жобасы және оларды SAP платформасында автоматтандыру болып табылады. Негізгі жобаны іске асыру үшін TerraLink компаниясымен жобаның әдіснамалық базасын әзірлеу бойынша консультациялық қызмет көрсету туралы шартқа қол қойылды.

Жобаны іске асыру бекітілген базалық жоба бойынша жүргізілуде. Қалған жобалар БЭЖ жұмысының сенімділігін, компанияның кірістілігін арттыруға, деректерді пайдалануды оңтайландыруға және дұрыстығын арттыруға, тұтынушылармен өзара қарым-қатынасты жетілдіруге бағытталған.

Қазақстан БЭЖ-дің

жұмыс істеуін қамтама

мақсат

1.

ҚАЗАҚСТАН
БЭЖ-ДІҢ СЕНІМДІ
ЖҰМЫС ІСТЕУІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2017 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ

ІСКЕ АСЫРУ ЖАЛҒАСУДА:

- «СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС-ОҢТҮСТІК» ЖОБАСЫНЫҢ 2-КЕЗЕҢІ
- «ПАВЛОДАР ЭНЕРГИЯ ТОРАБЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН БЭЖ-МЕН БАЙЛАНЫСЫН КҮШЕЙТУ»

«KEGOC» АҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОБАЛАРЫ «ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНА «ҚАЗАҚСТАН БЭЖ РЕЖИМДЕРІН БАСҚАРУДЫ АВТОМАТТАНДЫРУ» АТАУЫМЕН ЕНГІЗІЛДІ

2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР

«500 КВ ШҮЛБІ ГЭС (СЕМЕЙ)-АҚТОҒАЙ-ТАЛДЫҚОРҒАН-АЛМА ӘЖ-НІ САЛУ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ АЯҚТАУ

ӘЖ-НІҢ ТОЗУ ҮРДІСТЕРІН ЕҢСЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН «ҰЭТ-ТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖАЛҒАСУДА

ЖЕЛІНІҢ СЕНІМДІЛІГІ

2017 жылы «KEGOC» АҚ-ның электр тораптарында 280 авариялық ажыратулар болды (бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 4 %-ға көп): 155 жағдайда тораптың тұрақты жұмысы автоматты қайталама қосылу (АҚҚ) құрылғыларының сәтті жұмыс істеуі арқылы сақталды, 125 жағдайда АҚҚ сәтсіз жұмыс істеуімен ажыратылды. 2017 жылы Компанияда 52 технологиялық бұзылыстар тіркеліп, тексерілді, олардың ішінде I дәрежелі 1 тоқтап қалу («Ақмола ЖЭТ» филиалында қолайсыз метеожағдайдың салдарынан) және II дәрежелі 51 тоқтап қалуы тіркелді. Авариялар болмады. 2016 жылы 41 технологиялық бұзылыс – II дәрежелі тоқтап қалулар есепке алынды. Авариялар мен I дәрежелі тоқтап қалулар болған жоқ. Технологиялық бұзылыстардың жалпы саны 2016 жылмен салыстырғанда 27 %-ға өсті.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ЫСЫРАБЫ

6,2%

Технологиялық бұзылыстардың жалпы санының өсуі 2017 жылғы қолайсыз метеожағдайға байланысты деп түсіндіріліп отыр, дауылды жел мен басқа да табиғи құбылыстардың нәтижесінде 34 технологиялық бұзылыстар тіркелді (жалпы санынан 65,4%).

2017 жылы электр жеткізу желілерінде 38 технологиялық бұзылыстар болды, бұл жалпы санының 73 %-ын құрайды. ӘЖ-дегі жалпы технологиялық бұзылыстардың 13-інде ӘЖ элементтері бүлінді.

2017 жылы қосалқы станцияларда 14 технологиялық бұзылыстар болды, бұл жалпы санынан 27 %-ды құрайды. ҚС-дағы жалпы технологиялық бұзылыстардың 4-інде негізгі жабдық бүлінді.


Электр энергиясының жиынтық толымсыз босатылуы артып, 2016 жылғы 56,7 мың кВт сағ. қарағанда 246,7 мың кВт сағ. құрады. Электр энергиясын толымсыз босату екі түрлі себеп бойынша болды – табиғи құбылыстардың әсері және бөгде тұлғалар мен ұйымдардың әсер етуі, ал оның өсуі тек табиғи апаттардың әсер етуімен ғана негізделген (161,6 мың кВт сағ. немесе жалпы көлемнің 65%).

SML


1,04

МИНУТ

Технологиялық бұзылыстарды жіктеу белгілері бойынша бөлу



Жіктеу белгілері бойынша электр энергиясының толымсыз босатылуы (МВт.сағ.)



WPP ПАЙЫЗЫ

98,99%

Компания өндірістік тәртіпті қамтамасыз ету, жабдықтарды пайдалану және жөндеу сапасын арттыру шараларын қолдануы нәтижесінде 2017 жылы персоналдың қате әрекет етуі мен нашар пайдаланылуы салдарынан болатын технологиялық бұзылыстар орын алған жоқ.

Тораптың сенімділік деңгейін бағалау үшін Компанияда SML (System Minutes Lost – жүйелік минуттар ысыраптары) және WWP (Percentage of Work Without Problems – жүйенің тоқтаусыз жұмыс уақытының пайызы) индикаторлары белгіленді. 2017 жылы SML көрсеткішінің мәні 1,04 минутты, ал WWP – 98,99% құрады және Компанияның стратегиясын жаңарту шеңберінде жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері бойынша электр энергетикалық тораптардың ұқсас жүйелік операторларының сенімділік көрсеткіштері мәндерінің деңгейіне сәйкес келеді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ

Тиімділікті арттыру, технологиялық ысыраптарды азайту, ҰЭТ жұмыс істеу сенімділігін және Компания тораптарының өткізу қабілеттерін арттыру мақсатында Компания инвестициялық жобаларды іске асыруды белсенді түрде жалғастыруда. 2017 жылы күрделі қаржы салымдары 65,4 млрд. теңге (соның ішінде кредит үшін капиталдандырылатын сыйақылар – 10,8 млрд. теңге) мөлшерінде жоспарланған кезде 57,6 млрд. теңге (соның ішінде кредит үшін капиталдандырылатын сыйақылар – 5,1 млрд. теңге) игерілді. Жоспарланған жұмыс көлемдерін орындау кредит үшін капиталдандырылатын сыйақыларды есепке алмағанда 96,3%-ды құрады.

2017 жылы 107,6 млрд. теңге жалпы сомасына инвестициялық жобаларды іске асыру жалғастырылды, соның ішінде: «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500кВ ЭЖ-сін салу» жобасының 500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма желісін салу («Нұрлы-Жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша) және «Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту». Екі жылдың ішінде 500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма желісін салу жобасы бойынша 882 км құрайтын жалпы ұзындығының 544 км, соның ішінде 2017 жылы 380 км салынды.

Сонымен қатар, 500 кВ «Талдықорған» және «Ақтоғай» ҚС-ны салу және 500 кВ «Семей» және «Алма» ҚС-ны кеңейту бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары орындалды. 110 кВ Павлодар ҚС-да «Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-мен байланысын күшейту» жобасы бойынша қуаты 125 МВА болатын екі 220кВ автотрансформатор орнатылды.

2017 жылы ағымдағы өндіріс деңгейін қолдау мақсатында күрделі қаржы салымдары бойынша 5,3 млрд. теңге сомасындағы жоспарлы сома 100 %-ға игерілді.

2017 жылы «KEGOC» АҚ Ғылыми-техникалық кеңесі «KEGOC» АҚ Ақтөбе ЖЭТ, Сарыбай ЖЭТ, Батыс ЖЭТ филиалдарының «ҰЭТ-ты қалпына келтіру» жобасының ТЭН-ін мақұлдады. Жоба 26 жоғары вольтті әуе желілерінде іске асырылады, олар географиялық жағынан Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында орналасқан.

Жобаның мақсаты:

- ресурсты кем дегенде 30 жылдық перспективаға ұзарту;
- электр энергиясын жеткізу талаптарын жақсарту;
- ЭЖ бойынша берілетін қуаттың ұйғарынды деңгейлерін арттыру және ысыраптарды азайту.

Объектілердің техникалық жағдайын бағалау, желілердің ажыратылу себептерін талдау жүзеге асырылды, техникалық қорытынды, электр энергетикалық саладағы озық технологияларға шолу жасалды және ЭЖ-ні қалпына келтіру нұсқалары ұсынылды.

2018 жылы «KEGOC» АҚ 2015-2019 жылға арналған «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын «500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей)-Ақтоғай-Талдықорған-Алма ЭЖ-ні салу» жобасы бойынша жұмыстарды аяқтауды және «ҰЭТ-ты қалпына келтіру» жобасын іске асыруды жалғастыруды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

610 км

АСТАМ 3 ЭЖ
ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

Қазіргі заманғы әлемде Компанияны технологиялық дамыту бизнесті өркендету мен дамыту драйвері болып табылады және Компания қызметі үшін жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар жасауға мүмкіндік береді.

2017 жылы Қазақстан БЭЖ-нің сенімділігін, басқарушылығы мен бақылануын арттыру мақсатында «KEGOC» АҚ мынадай технологиялық даму жобаларын іске асыруды бастады:

- аварияға қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесін (ААОЖ) ендіру.
- қуат жиілігі мен ағындарын автоматты реттеу жүйесін (ҚЖАР) ендіру.

- синхрофазорлық технологиялар (WAMS/WACS) негізінде мониторинг және басқару жүйелерін ендіру.

Көрсетілген жобаларды іске асырудан болатын негізгі нәтиже бұл қосымша электр желісін салмай-ақ электр энергиясын торап арқылы жеткізу артады, Ресей Федерациясымен шекарада қуаттың ауытқуы қысқарады, торапта технологиялық бұзылыс болған жағдайда тұтынушылардың ажыратылуы азаяды деп болжануда.

Көрсетілген жобалар «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына «Қазақстан БЭЖ-нің режимдерін басқаруды автоматтандыру» атауымен енгізілді.

Қолданылатын технологиялардың, жабдықтардың энергетикалық тиімділігін арттыру, энергия үнемдеу және электр энергиясының технологиялық шығысы деңгейін оңтайландыру Компания үшін маңызды міндеттердің біреуі болып табылады. Электр энергиясының технологиялық шығысы – бұл электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізген кезде болатын сымдар мен электр жабдықтарындағы физикалық процестермен негізделген электр энергиясының ысыраптары, электр тораптарындағы электр энергиясының ысыраптарын азайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен ендірудің негізгі мақсаттары бұл электр энергиясының техникалық ысыраптарының нақты мөнін оңтайлы деңгейге дейін жеткізу болып табылады. «KEGOC» АҚ тораптарында 2017 жылы болған электр энергиясының нақты ысыраптары 2 798,7 млн.кВт сағ. немесе электр энергиясын желіге босатудың 6,2 %-ын құрады. Бұл ТМРБжәнеТҚҚК белгілеген норматив шегінде. Бұл көрсеткіш Компания үшін оның қызметінің тиімділігін көрсететін стратегиялық көрсеткіш болып табылады.

2017 жылы «Қазақстан БЭЖ-де тәжге жұмсалатын электр энергиясының ысырабын азайту бойынша техникалық-экономикалық зерттеу» жұмысы жалғастырылды. Бұл жұмыс «NURIS» ЖМ («Назарбаев университет» АҚ-ның ғылыми бөлімшесі) тартумен жүргізіліп отыр. Жұмыс шеңберінде жоғары вольттық әуелік электр жеткізу желілері сымдарының бетін өңдеуге арналған технологияларды қолдану арқылы «KEGOC» АҚ 500кВ желісіндегі «тәжге» кететін ысыраптарды азайту жұмыстары жүргізілуде. «KEGOC» АҚ желісіндегі жалпы ысыраптардың құрылымында «тәжге» кететін ысыраптардың үлесі 30%-ға жетеді. Сәйкесінше, ҰЭТ ауқымында оң зерттеу нәтижелеріне қол жеткізген және тиісті технологиялық шешімдерді іске асырған жағдайда айтарлықтай экономикалық нәтиже алуға болады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы «Инженерный центр «ОРМАЭС» ААҚ (Ресей Федерациясы) КАОК-сы бар 500 кВ ЭЖЖ-дегі электр энергиясының ысыраптарын азайту бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Оның мақсаты «KEGOC» АҚ КАОК-мен жаб-

дықталған, көп көлемде электр энергиясының ысыраптары анықталған 500кВ ЭЖЖ-дегі электр энергиясы ысыраптарын азайту бойынша негізделген шараларды әзірлеу және себептерін анықтау болып табылады.

Компанияның Қазақстан БЭЖ сенімді жұмыс істеуі мен табысты технологиялық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі мақсатына қол жеткізу үшін АТК дамыту бағдарламасында мынадай мақсаттар көзделген: сервистердің талап етілетін деңгейін ұсыну, салада озық шешімдерді ендіру, сонымен қатар АТК-ның Компания бизнесіне қатысуын арттыру болып табылады.

Аталған мақсаттарды іске асыру үшін АТК қызметтерді ұсынудың сервистік моделіне көшу, АТК шығындарды басқарудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану, сонымен қатар ұсынылатын сервистердің икемділігі мен сенімділігі арасындағы балансты қамтамасыз ету есебінен бизнес-көрсеткіштердің деңгейін сапасын өзгертуге және толассыз бизнес-процестерді автоматтандыруға бағытталған нақты міндеттер мен жобалар айқындалды.

Алдыға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бастапқы қадамдардың бірі корпоративтік процестерді автоматтандыру жүйесін ендіру, бағдарламалық жасақтама, басып шығаратын жабдық және инфрақұрылымдық қуаттар ұсыну жөніндегі қызметтердің сервистік моделіне ауысу жөніндегі бастамалар болып табылады.

Алдағы уақытта да Компания Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған, ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар мен технологиялық жүйелер саласындағы ауқымды жобаларды іске асыруды жалғастырады.

Компания қызметкерлерді техникалық шығармашылыққа ынталандыра отырып, ұтымгерлік және өнертабыстық қызметке көп назар аударады. 2017 жылы Компания қызметкерлері өндірістік қызметтің тиімділігін, еңбек өнімділігін, электрмен жабдықтау сенімділігін арттыруға бағытталған 32 ұтымгерлік ұсыныстар әзірледі. Осылайша, «Солтүстік ЖЭТ» филиалы қызметкерлерінің ұсынған «220кВ ЭЖ-дағы оқшаулағыштардың керме тізбегін ауыстыруға арналған құрал» ауыстыру жұмыстарын орындаған кезде оқшаулағыштардың керме тізбектерінің салбырауын болдырмауға мүмкіндік береді және жүргізілетін жөндеу жұмыстарының қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға бағытталған. Бұл ұтымгерлік шешім Компанияның қалған филиалдарында пайдалану үшін ұсынылған. «Ақмола ЖЭТ» филиалы қызметкерлерінің желілік оқшаулағыш пен жоғары вольттық желілердің сымдарын ластанудан қорғауға бағытталған, желінің сенімді жұмысын арттыруға арналған ұтымгерлік ұсынысы да Компанияның қалған филиалдарында қолдануға ұсынылды.

32

ҰТЫМГЕРЛІК ҰСЫНЫС

Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету

мақсат

2.

КОМПАНИЯНЫҢ
ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ
АКЦИОНЕЛЕР МЕН ДАМУ
ҮШІН АҚША АҒЫНДАРЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2017 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ»
АҚ (KASE) САУДА-САТТЫҚ
АЛАҒЫНДА ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ
ЕКІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТАБЫСТЫ
ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ

36,3 МЛРД
ТЕҢГЕ

«УЗБЕКЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ
ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІ
ӨТЕЛДІ

ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША
БЕРЕШЕКТЕР ІШІНАРА
МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕЛДІ

2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР

«ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ», «ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ», «ТҰРАҚТЫ ДАМУ» БАҒЫТТАРЫ
БОЙЫНША КОМПАНИЯНЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

ТАРИФ САЯСАТЫ

ҰЭТ-тің сенімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі миссияны орындау үшін «KEGOC» АҚ негізгі кіріс көзі уәкілетті орган бекітетін реттелетін қызметтер тарифтерінің шекті деңгейлері болып табылады.

Компания ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыра отырып, тарифтерді жоспарлы өсіру саясатын ұстанады. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес табиғи монополиялар саласына «KEGOC» АҚ мынадай қызметтері жатады:

- Ұлттық электр торабының желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру мен тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

«KEGOC» АҚ өзінің құрылған кезінен бастап реттелетін қызметтердің тарифтік саясатын жетілдіру бойынша жұмысты бірізді жүзеге асырады, тиісті ұйымдардың тариф саясатын жетілдіру жұмысына белсенді қатысады.

«KEGOC» АҚ-да Заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ТМРБжәнеТҚҚК-ға табиғи монополиялар саласына жататын реттелетін қызметтер тарифтерін бекіту (қайта қарау) жөнінде өтінімдер беру жұмыстары жүргізіледі.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді, соған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тариф белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағасына және капиталдың кірістілігінің әділ нормасына сүйенеді.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін қолдануға көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидаттары тарифтердің шекті деңгейлері келесі бірнеше жыл мерзіміне бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтердің есебіне ұқсас. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өзінің мүмкіндіктерін ұзақ кезеңге жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлердің Компания туралы аса толық ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Белгіленген рәсімдерге сәйкес «KEGOC» АҚ ТМРБ және ТҚҚК-ға «KEGOC» АҚ-ның ұзақ мерзімді кезеңге арналған реттелетін қызметтері тарифтерінің шекті деңгейін және тарифтік сметаларын бекіту жөнінде өтініммен жүгінген болатын. Қарау қорытындылары бойынша ТМРБжәнеТҚҚК 2015 жылғы 21 қыркүйектегі №388-ОД бұйрығымен «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалардың шекті деңгейлері 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі бес жылдық кезеңге бекітілді.

теңге/ кВт сағ.	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
электр энергиясын жеткізу	2,080	2,246	2,496	2,823	2,797
техникалық диспетчерлендіру	0,231	0,234	0,249	0,306	0,306
өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру	0,084	0,086	0,091	0,098	0,098

2016 жылғы тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау қорытындылары бойынша ТМРБжәнеТҚҚК «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтеріне уақытша өтеу тарифтері бекітілді:

1. мына қызметтер бойынша 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2017 жылғы 30 маусымды қоса алған аралықта қолданысқа енгізумен:
 - электр энергиясын жеткізу бойынша кВт сағ. үшін 2,245 теңге мөлшерінде;
 - электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кВт сағ. үшін 0,233 теңге мөлшерінде.
2. 2017 жылғы 1 шілдеден бастап 2017 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған аралықта қолданысқа енгізумен:

- электр энергиясын жеткізу бойынша кВт сағ. үшін 2,2457 теңге мөлшерінде;
 - электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кВт сағ. үшін 0,2339 теңге мөлшерінде.
3. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 30 маусымды қоса алған аралықта қолданысқа енгізумен:
 - электр энергиясын жеткізу бойынша кВт сағ. үшін 2,4957 теңге мөлшерінде;
 - электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша кВт сағ. үшін 0,2489 теңге мөлшерінде.

Компания реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсыну жөніндегі қызмет туралы жыл сайын

есептік тыңдаулар өткізеді, оның мақсаты тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың алдында қызметтің айқындығын қамтамасыз ету болып табылады. Жыл сайынғы есептік тыңдауларды өткізудің негізгі қағидаттары бұл Компания қызметінің жариялылығы, ашықтығы және тұтынушылардың мүдделері балансын сақтау болып табылады.

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ТАЛДАУЫ

2017 жылғы қаржы-экономикалық қорытындыларға мына факторлар оң әсер етті: «Ўзбекэнерго» АҚ дебиторлық берешегі толығымен өтелді; қарыздар бойынша берешектер мерзімінен бұрын ішінара өтелді.

Сонымен қатар, болашақта тұрақты ақша ағындарын қамтамасыз ету үшін «KEGOC» АҚ ірі инвестициялық жобаларды іске асырады. 2017 жылы күрделі қаржы салымдарының негізгі көлемі 500кВ Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитін салудың құрамдас бөлігі болып табылатын «500 кВ Шүлбі ГЭС-Ақтоғай-Талдықорған-Алма желісін салу» жобасын іске асы-

руға бағытталған. Бұл жобаны қаржыландыру үшін 2017 жылғы 29 тамызда «KEGOC» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында 36,3 млрд. теңге жалпы көлемінде облигациялардың екінші шығарылымын 15 жылдық айналым мерзімімен тіркелген купондық сыйақы мөлшерімен сәтті орналастырды. Тартылған ақша қаражаты компанияға «Нұрлы-Жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500кВ ӘЖ-сін салу» инвестициялық жобасын уақтылы аяқтауға мүмкіндік береді. Бұл жоба Ұлттық электр торабының Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік бағыты бойынша транзиттік әлеуетін арттыруға, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының электр энергиясы тапшылығын өтеу және электр энергиясын үнемдеу сенімділігін қамтамасыз етуге, Қазақстан БЭЖ энергетикалық тәуелсіздігін арттыруға және шекара маңындағы аумақтарды дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

ТАЗА КІРІСТІҢ ӨСУІ

19,2%

Кірістер мен шығыстардың жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын талдау


	2017 жоспар	2017 факт	Ауытқу	Ауытқулардың негізгі себептері
Шоғырландырылған кірістер	156 975,65	178 134,83	+13,5%	
негізгі қызметтен болған кіріс	153 887,52	152 379,82	-1,0%	Жоспардан тыс алудың болмауы салдарынан жоспардан тыс алуды өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер бойынша жоспардың орындалмауы. Операциялар көлемін азайту салдарынан болған теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер бойынша жоспардың орындалмауы. ЖЭК-ті пайдаланатын объектілер өндірген электр энергиясын сатудан болған кірістердің азаюы.
негізгі емес қызметтен болған кіріс	3 108	25 775,00		Бағамдық айырмашылық бойынша шығыстарды есептеу. Депозиттермен жүргізілетін операциялардан түсетін кірістер бойынша жоспардың асыра орындалуы. «Батыс транзит» АҚ капиталында қатысу үлесінен болатын кірістерді есептеу.
Шоғырландырылған шығыстар	122 505,24	135 493,13	+10,6%	
өзіндік құны	102 923,38	89 399,37	-13,1%	Электр энергиясын сатып алу шығындарын қысқарту: • жоспардан тыс алуды өтеу үшін, жоспардан тыс алудың болмауы себепті, электр энергиясын сатып алу шығындарын қысқарту үшін, • операциялар көлемінің азаюы себепті теңгерімсіздіктерді өтеу үшін, • сатып алу рәсімдерін оңтайландыру шеңберінде орташа сатып алу бағасын төмендету нәтижесінде технологиялық шығысты өтеу үшін, • өндіру көлемінің азаюы салдарынан ЖЭК пайдаланатын объектілер өндірген э/э үшін. БЭЖ-дің жұмыс режимін және негізгі жабдықты жөндеуге шығару кестесін оңтайландыру нәтижесінде үшінші тараптардың желілері арқылы электр энергиясын жеткізу және қуатты реттеу бойынша қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығыстар қысқарды.
жалпы және әкімшілік шығыстар	14288,71	13 142,39	-8,0%	«Ўзбекэнерго» АҚ берешегі бойынша бұрын есептелген резервті қалпына келтіру. Ендіру мерзімдерінің өзгеруі нәтижесінде SAP базасында ERP жүйесін ендіруге байланысты шығындарды азайту.

2017 жылғы кірістер мен шығыстардың көрсеткіштерін 2016 жылға қатысты талдау

	2016	2017	ауытқу	Негізгі себептері
Шоғырландырылған кірістер	188 716,29	178 134,83	-5,6%	
Негізгі қызметтен болған кіріс	130 001,44	152 379,82	+17,2%	Көрсетілетін қызмет көлемдерінің және олардың тарифтерінің өсуі. ЖЭК-ті пайдаланатын объектілер өндірген электр энергиясын сату көлемдерінің өсуі.
Негізгі емес қызметтен болған кіріс	58 734,84	25 775,00		Бағамдық айырмашылық бойынша кірістердің қысқаруы.
Шоғырландырылған шығыстар	152 741,44	135 493,13	-11,3%	
өзіндік құны	79 388,77	89 399,37	+12,6%	ЖЭК өндірген электр энергиясын сатып алу шығыстарының артуы. Электр энергиясын сатып алу шығындарының артуы: • технологиялық шығыстарды өтеу үшін, • теңгерімсіздіктерді өтеу үшін. Өндірістік персоналға еңбек ақы төлеуге жұмсалатын шығыстардың артуы.
жалпы және әкімшілік шығыстар	17 640,42	13 142,39	-25,5%	2016 жылы 2015 және 2016 жылдардағы мүлік салығын есептеу, негізгі құралдар жіктеуішінің өзгеруі нәтижесінде. 2016 жылы «Узбекэнерго» АҚ берешегі бойынша резервті есептеу.

Жоғарыда санамалап көрсетілген барлық факторлар 2017 жылғы қорытындылар бойынша операциялық пайда мен қаржылық нәтижеге әсер етті.

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер динамикасы, млн.теңге



Бұл жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамды сипатта және «KEGOC» АҚ-ның алдағы болатын оқиғаларға қатысты ағымдағы көзқарастарын көрсетеді, «KEGOC» АҚ бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, даму стратегиясы мен өтімділігіне жататын сол немесе басқа да тәуекелдерге, екіұштылықтар мен жорамалдарға бейім.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«KEGOC» АҚ алдына әлемдік жетекші компаниялар деңгейіне жету бойынша мақсат қоя отырып, корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша толыққанды жұмысты жалғастырады:

- акционерлердің құқықтарын тиімді іске асыру;
- теңгерімделген тиімді дивиденд саясаты;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігі;
- мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастың тиімді жүйесі мен тұрақты дамуы;
- мүдделі тараптарға Компания туралы ақпаратты тиісінше ашып көрсету;
- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ

ВВ

Акционерлік капитал

«KEGOC» АҚ бағалы қағаздардың қазақстандық ұйымдастырылған нарығында орналастырылған жай акцияларының саны 10 % минус бір акцияны немесе 25 999 999 (жиырма бес миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) дананы құрады. «KEGOC» АҚ бір жай акциясын орналастыру бағасы - 505 (бес жүз бес) теңге.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны - 260 000 000 дана, оның

ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге 234 000 001 акциясы (90% плюс бір акция) тиесілі, 25 998 609 акция (9,9995%) миноритарлық акционерлерге тиесілі, қалған 1 390 дана акцияны (0,0006%) «KEGOC» АҚ сатып алды.

Компанияның акциялары және орналастырылған акциялары санының бес және одан көп пайызын иеленетін акционерлері бойынша маңызды мәмілелер мен өзгерістер 2017 жылы болған жоқ.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті

БАСҚАРМА

2017 жылы акциялардың нарықтық бағасының өзгеруі, теңге



Деректер көзі - Қазақстан қор биржасы (www.kase.kz)

Заңнамаға және Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес «KEGOC» АҚ акционерлері жарғыда және қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысуға; дивидендтер алуға; Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға; тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға иелік ету құқығын растайтын көшірме үзінді алуға; «KEGOC» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына Компанияның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға; «KEGOC» АҚ органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға; Компанияны таратқан кезде мүліктің бөлігіне құқығы бар.

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ жоғары органы болып табылады және өз қызметін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қоғамның Жарғысына және «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. 2017 жыл ішінде «KEGOC» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысын екі рет өткізді:

2017 жылғы 12 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді, онда:

- акционерлердің «KEGOC» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне қатысты өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралды;
- жылдық Шоғырландырылған қаржылық есептілік, таза кірісті бөлу тәртібі бекітілді,

«KEGOC» АҚ 2016 жылғы жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылданды;

- Жарғы жаңа редакцияда қабылданды;
- «KEGOC» АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында сатып алған кезде акциялардың құнын анықтау әдістемесі жаңа редакцияда бекітілді;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерін іріктеу және тағайындау қағидалары, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидалары жаңа редакцияда бекітілді.

2017 жылғы 26 қазанда Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді, онда:

- аралық Шоғырландырылған қаржылық есептілік, таза кірісті бөлу тәртібі бекітілді, «KEGOC» АҚ 2017 жылғы бірінші жарты жылдықтағы жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу және бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылданды;
- «KEGOC» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеге өзгерістер бекітілді;
- 2017-2019 жылдар аралығындағы кезеңге шоғырландырылған негізде «KEGOC» АҚ қаржылық тұрақтылығының бастапқы және нысанлы мәндері белгіленді;
- «KEGOC» АҚ Жарғысына толықтырулар бекітілді.

Дивидендтік саясат

«KEGOC» АҚ дивидендтік саясаты дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеу кезінде акционерлердің мүдделерін сақтауға, Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру мен оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген акционерлердің құқықтарын қатаң сақтау мен құрметтеуге негізделеді. Дивидендтер төлеу шарттары: Компанияда есептік кезеңде таза пайданың немесе бөлінбеген пайданың болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы; Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі.

Акционерлерге дивидендтер төлеу көзі бұл «KEGOC» АҚ-ның ҚЕХС-ға сәйкес жасалған шоғырландырылған Шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде есептелетін тиісті қаржы жылындағы таза кіріс немесе бөлінбеген пайда болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі қаржы жылындағы немесе жарты жылдықтағы таза кірісті

бөлу тәртібі және дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстарды дайындаған кезде дивидендтерді төлеуге жіберілетін сома таза кірістің кем дегенде 40 %-ын құрауы тиіс екеніне сүйенеді. Бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Компанияның жылдық Шоғырландырылған қаржылық есептіліктен бекіткеннен кейін қабылдайды. Жарты жылдық қорытындылар бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Компанияның тиісті кезеңдегі Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізгеннен кейін үш ай ішінде қабылдауы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсынысын қарай келе өз қарауы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивидендтердің мөлшерін бекітеді, сонымен қатар дивидендтер төлене бастайтын күнді белгілейді.

Дивиденд тарихы

Дивидендтер есептелген кезең	2015 жылғы 1-жарты жылдық	2016 жыл*	2017 жылғы 1-жарты жылдық
Бір акцияға есептегенде дивиденд мөлшері, теңге	9,4	53,06	48,4
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы, мың теңге	2 444 000	13 795 526	12 583 933
ҚЕХС бойынша дивидендтер төлеуге жіберілген таза пайда үлесі, %	40,01%	50%	70%
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған эмитенттің басқару органының атауы	Акционерлердің жалпы жиналысы	Акционерлердің жалпы жиналысы	Акционерлердің жалпы жиналысы
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған эмитенттің басқару органы жиналысының өткізілген күні	2015 жылғы 16 қазандағы № 2 хаттама	2016 жылғы 28 қазандағы № 5, 2017 жылғы 12 мамырдағы № 6 хаттамалар	2017 жылғы 26 қазандағы № 7 хаттама
Дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізімі жасалған күн	2015 жылғы 30 қазан	2016 жылғы 13 қараша, 2017 жылғы 22 мамыр	2017 жылғы 6 қараша

* 2016 жылғы дивидендтер жеке 2016 жылғы бірінші жарты жылдыққа (бір акцияға 24,93 теңге, Жалпы жиналыстың 28.10.2016ж. №5 хаттамасы) және 2016 жылғы екінші жарты жылдыққа (бір акцияға 28,13 теңге, Жалпы жиналыстың 12.05.2017 ж. №6 хаттамасы) бекітілді.

Директорлар кеңесі

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

2012 ЖЫЛҒЫ 31 ҚАҢТАРДА ЖӘНЕ 2012 ЖЫЛҒЫ 8 МАМЫРДА «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»¹ АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН; 2015 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛДІ.

1970 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университеті «Физика» мамандығы бойынша (1993 ж.), Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті «Инженер-электрик» мамандығы бойынша (2004 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2017 жылғы шілдеден бастап – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының активтерін оңтайландыру жөніндегі серіктес басқарушы директор;
- 2014–2016 жылдар – «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару жөніндегі бас директор;
- 2012–2014 жылдар – «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры;
- 2011–2012 жылдар – «Астанаэнергоконтракт» бас директоры.

Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысу:

- «Самұрық Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- «Қазатомпром» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Объединенная химическая компания» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы.

«KEGOC» АҚ мен оның ЕҰ-ның акцияларын иеленбейді.



БЕКТЕМІРОВ ҚУАНЫШ ӘБДІҒАЛИҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар
кеңесінің төрағасы

2011 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАЗАНДА ЖӘНЕ 2012 ЖЫЛҒЫ 8 МАМЫРДА «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН; 2015 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1939 жылы туылған, Ресей Федерациясының азаматы.

Білімі: Теңіз Флоты инженерлерінің Одессалық Университеті «Инженер-құрылыс» мамандығы бойынша (1962 ж.), КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасы (1972 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2013 жылдан бастап – Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастықтың Интеграциялық проблемаларды стратегиялық зерттеу институтының директоры;
- 2010–2013 жылдары – Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы ХМҚжәнеБИ-ның қоғамдық сектор экономикасы мен қаржысы кафедрасының профессоры;
- Еуразиялық ғалымдар клубының бірінші вице-президенті.

Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысу:

- «Карагандинский завод комплексных сплавов» ЖШС Бақылау Кеңесінің төрағасы;
 - «Самұрық Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей табиғи ғылымдар академиясының толық мүшесі, РТҒА вице-президенті;
- «KEGOC» АҚ мен оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.



СПИЦЫН АНАТОЛИЙ ТИХОНОВИЧ

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің төрағасы, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі

¹ Компания акцияларын 2014 жылы қазақстан қор нарығына шығарғанға дейін «Самұрық-Қазына» АҚ «KEGOC» АҚ жалғыз акционері болып табылды.

2012 ЖЫЛҒЫ 8 МАМЫРДА «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ; 2015 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1971 жылы туылған, Италия азаматы.

Білімі: «Л.Боккони» университеті, Италия – бизнес экономикасы сала-сындағы магистр дәрежесі (1997 ж.), Global Executive MBA - «I.E. Business School» бизнес мектебі, Испания (2012 ж.). CPA (Certified Public Accountant) халықаралық сертификаты, Британ директорлар институты директорлар кеңесі мүшелерінің халықаралық сертификаты (Chartered Director IoD) бар.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2015 жылдан бастап – топтың бас қаржы директоры, Nebras Power (Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық компаниясы) Басқарма мүшесі;
- 2011–2015 жылдары – аға вице-президент және бас қаржы директоры – Global power & water business (Абу-Даби ұлттық энергетикалық компаниясы (TAQA), БАӘ).

2014 жылғы сәуірден бастап IoD (Ұлыбритания директорлар институты) мүшесі, 2011 жылғы сәуірден бастап Ресей тәуелсіз атқарушы емес директорлар қауымдастығының мүшесі.

Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысу:

- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.



ЛУКА СУТЕРА

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі

2015 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1949 жылы туылған, Франция азаматы.

Білімі: Сорбонна университеті, Франция (1972 ж.), инженер дипломы, М.В. Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік Университеті, Ресей.

Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі және басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

- 2016 жылдан бастап – «РТФ» жауапкершілігі шектеулі қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы;
- 2013 жылдан бастап – София-Антиполис Технопарк Директорлар кеңесінің мүшесі, Франция;
- 2008–2013 жылдары – Директорлар кеңесінің төрағасы, EnelОГК-5 президенті.

SophiaAntipolis технопарк шеңберінде бірқатар ғылыми және инновациялық іс-шаралардың, конференциялар мен фестивальдердің негізін қалаушы, Еуропалық Энергетикалық Форумын өткізетін ұйым - ClubdeNice негізін қалаушы.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.



ДОМИНИК ФАШ

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің төрағасы, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі

2015 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1955 жылы туылған, Ұлыбритания, Польша және Солтүстік Ирландия азаматы.

Білімі: Варшава Технология университеті, Польша – электр техникасы саласындағы магистр (1977 ж.), инженерия саласындағы ғылымдар докторы (PhD) (1980 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2014 жылдан бастап – «Сколтех» зерттеу орталығының энергетикалық жүйелер жөніндегі директоры, Сколковский ғылым және технологиялар институты;
- 2009-2013 жылдары – Дарем университеті электрмен қоректендіру және бақылау кафедрасының басшысы, инженерлік және компьютерлік ғылымдар факультетінің зерттеу жұмыстары жөніндегі директоры, Ұлыбритания.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.



ЯНУШ БИАЛЕК

Тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасы, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің мүшесі

2016 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАЗАНДА «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1946 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: Алматы қ., В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, «Инженер-электрик» мамандығы бойынша (1968 ж.), Карол Мартин Гаттон Бизнес және экономика колледжінің Бизнес және менеджмент орталығы, Кентукки университеті, АҚШ (1996ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2004–2016 жылдары – «ЭҚНҚО» АҚ Басқарма төрағасы.

Техникалық ғылымдардың кандидаты, «Становление рынка электрической энергии в Казахстане» монографиясының авторы. ҰЭТ-ты қалыптастыруға, бірегей ЭЖЖ мен 1150-500 кВ қосалқы станцияларды және электр энергиясының мынадай ірі өндірушілерін өндіруге қатысушы: Ақсу МАЭС, Екібастұз МАЭС. Теңіз мұнай-газ кен орнын электрмен сырттан жабдықтау схемасын; Қазақстандағы электр энергиясы мен қуаты нарығының жобасын, 1995 жылғы алғашқы Электр энергетикасы туралы заңды; Қазақстанның электр энергиясы нарығының жұмысына қатысты барлық нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеу мен өндіруге қатысушы.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.



ТИЕСОВ СҮЙНШЛІК ӘМІРХАМЗАҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің мүшесі

2016 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАЗАНДА «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1953 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматшасы.

Білімі: С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті «Заңгер» мамандығы бойынша.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2016 жылдан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ кеңесшісі;
- 2011–2016 жылдары – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесі Басшысының орынбасары.

Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысу:

- «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.



ЕГІМБАЕВА ЖАННА ДАЧЕРҚЫЗЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, «KEGOC» АҚ
Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және
сыйақылар жөніндегі және қауіпсіздік және
еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі
комитеттерінің мүшесі

2011 ЖЫЛҒЫ 31 МАМЫРДА, 2012 ЖЫЛҒЫ 8 МАМЫРДА «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІМЕН; 2015 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕ «KEGOC» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫМЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.

1964 жылы туылған, Қазақстан Республикасының азаматы.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.



ҚАЖИЕВ БАҚЫТЖАН ТӨЛЕУҚАЖЫҰЛЫ

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және тағайындау процесі Акционерлердің жалпы жиналысымен 2017 жылғы 12 мамырда бекітілген, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және «KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес

әзірленген қағидалармен регламенттелген, мұнда сонымен қатар тәуелсіз директорларды тағайындауға арналған өлшемдер белгіленген. Директорлар кеңесінің құрамына төрт тәуелсіз директор кіреді, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 50%-ын құрайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті

Директорлар кеңесінің мүшелері	Қуаныш Бектеміров	Анатолий Спицын	Лука Сутера	Януш Биалек	Доминик Фаш	Жанна Егімбаева	Сүйіншілік Тиесов	Бақытжан Қажиев
Саладағы жұмыс өтілі/жалпы өтілі, жыл	19/25	7/62	21/21	5/38	46/46	1/43	50/50	32/32

Негізгі құзыреттер

Саланы білуі

Саладағы өндірістігі жұмыс өтілі								
Саланы терең білуі								
Техникалық дағдылары/тәжірибесі								

Айырықша дағдылары мен тәжірибесі

Қаржылық сауаттылығы								
Қаржыны терең білуі								
Маркетингті терең білуі								
Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша терең білімі								

Басқарудағы және құқықтанудағы жұмыс өтілі

Корпоративтік басқару								
Трансформация								
IPO жүргізу тәжірибесі								
Стратегия әзірлеу және іске асыру								
Халықаралық тәжірибе								

Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарға қатысуы туралы мәліметтер

Директорлар кеңесінің мүшелері	Директорлар кеңесінің отырыстары	Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет	Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет	Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет	Аудит жөніндегі комитет
Қ. Бектеміров Ірі акционердің өкілі	9/9 Директорлар кеңесінің төрағасы	—	—	—	—
А. Спицын, тәуелсіз директор	9/9	8/8 Комитет төрағасы	1/1*	1/1*	10/10
Л. Сутера, тәуелсіз директор	9/9	1/1*	9/9	1/1*	10/10 Комитет төрағасы
Д. Фаш, тәуелсіз директор	8/9	1/1*	1/1*	5/6 Комитет төрағасы	10/10
Я.Биалек тәуелсіз директор	7/9	7/8	7/9 Комитет төрағасы	1/1*	1/1*
С.Тиесов ірі акционердің өкілі	9/9	8/8	—	6/6	—
Ж.Егімбаева ірі акционердің өкілі	9/9	—	9/9	6/6	—
Б.Қажиев «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы	9/9	—	—	—	—
Р.Сауранбаев дауыс беру құқығынсыз		5/7			
С.Сатжан дауыс беру құқығынсыз					7/9
Д.Кәрімов дауыс беру құқығынсыз			7/8	5/5	

* Директорлар кеңесінің Комитеттердің жаңа құрамдарын қалыптастыру туралы шешіміне байланысты 2017 жылғы 27 қаңтардан бастап аталған директорлар (сарапшылар) бұл Комитеттердің мүшелері болған жоқ.

2017 жылы Директорлар кеңесі 9 (тоғыз) күндігі және 2 (екі) сырттай отырыстар өткізді, онда 155 мәселе бойынша тиісті шешімдер қаралды және қабылданды:

Стратегиялық, қаржы-экономикалық және инвестициялық мәселелер	• Жылдық/аралық Шоғырландырылған қаржылық есептіліктер қаралды, «KEGOC» АҚ таза кірісін бөлу тәртібі және дивидендтер төлеу мөлшері ұсынылды • «KEGOC» АҚ инвестициялық бағдарламасын, ірі инвестициялық жобаларын, портфелінің инновациялық-технологиялық стратегиясын іске асыру жөніндегі есептер қаралды • «KEGOC» АҚ есептеу әдістемесі бар 1-деңгейлі стратегиялық негізгі қызмет көрсеткіштері (ҚНҚ) тізбесі және портфелінің негізгі параметрлері бекітілді • «KEGOC» АҚ 2018-2022 жж. арналған даму жоспары (бизнес-жоспар) бекітілді, сонымен қатар «KEGOC» АҚ 2017-2021 жылдарға арналған даму жоспарының орындалу барысы туралы тоқсан сайынғы есептер қаралды • Жасалуында мүдделілік бар мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылданды • «KEGOC» АҚ бірінші облигациялық бағдарламасы шегінде облигациялардың екінші шығарылымы туралы шешім қабылданды • «KEGOC» АҚ Бизнесі трансформациялау бағдарламасының 2017-2018 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді
Корпоративтік басқару және тұрақты даму мәселелері	• «KEGOC» АҚ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру және «KEGOC» АҚ 2017-2021 жылдарға арналған Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, оның орындалуы бойынша тоқсан айынғы есептер қаралды • 2016 жылғы Корпоративтік басқару кодексінң қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп бекітілді • Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің 2016 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша қызметін бағлау нәтижелері жөніндегі есеп қаралды • Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін Кәсіби даму бағдарламасы бекітілді • Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитеттің құзыретіне Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыру және мониторингтеу мәселелері енгізілді • «KEGOC» АҚ еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі тоқсан сайынғы есептер қаралды • 2016 жылғы жылдық есеп және тұрақты даму саласындағы есеп бекітілді
Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит мәселелері	• 2018 жылға арналған тәуекел-аппетит, тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, төзімділік деңгейлері, 2018 жылға арналған негізгі тәуекелдер бойынша негізгі тәуекелдер көрсеткіштері бекітілді, сонымен қатар тәуекелдер жөніндегі тоқсан сайынғы есептер қаралды • «KEGOC» АҚ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді • «KEGOC» АҚ Валюталық және пайыздық тәуекелдерді хеджерлеу саясаты мен Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидалары бекітілді • ІАҚ қызметі туралы есептер, ІАҚ жылдық аудиторлық жоспары қаралды • Тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі басшылыққа, Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі стандартқа, Ішкі бақылау жүйесі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу регламентіне, Ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді
Кадр саясаты мәселелері	• «KEGOC» АҚ Басқармасының жаңа құрамы бекітілді • Басқарма мүшелерінің ҚНҚ мотивациялық карталары бекітілді және олардың орындалуы жөніндегі тоқсан сайынғы есептер қаралды • «KEGOC» АҚ 2016 жылғы сабақтастық жоспары бойынша есеп қаралды • «KEGOC» АҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қағидалары жаңа редакцияда бекітілді • Атқарушы дирекцияның (орталық аппарат) Ұйымдық құрылымына және қызметкерлерінің жалпы санына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді • «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары бекітілді
Еншілес ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша	• «Батыс транзит» АҚ Акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысының мәселелері қаралды • «Энергоинформ» АҚ, «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС 2016 жылғы Шоғырландырылған қаржылық есептіліксі бекітілді • «Энергоинформ» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселесі қаралды және 2016 жыл қорытындылары бойынша бір жай акцияға есептегенде дивидендтер мөлшері бекітілді • «Энергоинформ» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі 2017 жылы мынадай шешімдер қабылдады:

1. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 24 қаңтардағы «500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай –Талдықорған – Алма ӘЖ-ні салу» жобасын «кілтпен тапсыру» тәсілімен салуды қоса алғанда, кешенді жұмыстарды ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі шартты жасау жолымен ірі мәміле жасау туралы шешіміне (№ 1 хаттама) өзгерістер енгізу туралы.

2. Жасалуында мүдделілік бар мына мәмілелерді жасау туралы:

- «Батыс транзит» АҚ-мен 2007 жылғы 5 қазандағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату шартына қосымша келісім жасау туралы;
- «Батыс транзит» АҚ мен «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ» филиалы арасында 500 кВ «Өлке» ҚС 220 кВ АТҚ-да орнатылған «Батыс транзит» АҚ жабдықтарына және 220 кВ «Өлке-Қазхром 1» және «Өлке-Қазхром 2» 220

кВ ЭЖ электр жеткізу желілеріне пайдалану бойынша қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға;

- «Батыс транзит» АҚ мен «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ» филиалы арасындағы 500 кВ «Өлке» ҚС 500 кВ АТҚ-ға орнатылған «Батыс транзит» АҚ жабдықтарына және 500кВ «Жітіқара-Өлке» электр жеткізу желісіне пайдалану бойынша қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға;
- «Батыс транзит» АҚ мен «KEGOC» АҚ «Сарыбай ЖЭТ» филиалы арасындағы 500 кВ «Жітіқара» ҚС 500 кВ АТҚ-да орнатылған «Батыс транзит» АҚ жабдықтарына және 500 кВ «Жітіқара» ЭЖ электр жеткізу желісіне пайдалану бойынша қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға;
- «Балқаш АЭТ» АҚ мен «KEGOC» АҚ «Алматы ЖЭТ» филиалы арасындағы № 122 «Водо-дизель» ҚС-да орнатылған (1 ұяшық 6кВ) «Балқаш АЭТ» АҚ жабдықтарына жедел қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға;
- «Тенгизшевройл» ЖШС мен «KEGOC» АҚ «Батыс ЖЭТ» филиалы арасындағы 220 кВ «Құл-сары» ҚС-да орнатылған (2 ұяшық 10 кВ) «Тенгизшевройл» ЖШС жабдықтарына пайдалану бойынша қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға;
- «Казахстанско-Китайский Трубопровод» ЖШС мен «KEGOC» АҚ «Орталық ЖЭТ» филиалы арасындағы 220кВ «Балқаш» ҚС-да (2 ұяшық 110кВ) орнатылған «Казахстанско-Китайский Трубопровод» ЖШС жабдықтарына пайдалану бойынша қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға;
- «Казахстанско-Китайский Трубопровод» ЖШС мен «KEGOC» АҚ «Орталық ЖЭТ» филиалы арасындағы 500 кВ «Ағадыр» ҚС-да орнатылған «Казахстанско-Китайский Трубопровод» ЖШС жабдықтарына (трансформатор Т-2, 1 ұяшық 220кВ, 6 ұяшық 35 кВ, 5 ұяшық 10 кВ) пайдалану бойынша қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Астана қаласында өткен «Астана EXPO-2017» халықаралық көрмесі, сонымен қатар «KEGOC» АҚ 20 жылдық мерейтойы арқылы бүкіл әлемге танымал болған «Болашақ энергиясы» жаһандық трендіне арналған «Электр энергетикалық жүйелерді дамыту – проблемалары мен перспективалары» халықаралық конференциясына қатысты. Тәуелсіз директорлар Лука Сутера мен Януш Биалек «Астана EXPO-2017» халықаралық көрмесінде спикерлер болды, Спицын А.Т. IX Астана экономика-

лық форумына қатысып, «Болашақ энергиясы және инновациялық экономика» тақырыбында баяндама оқыды.

Өте маңызды мәселелерді қарау және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін мынадай Комитеттер құрылды:

- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет;
- Аудит жөніндегі комитет.


Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет

Комитеттің қызметі Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

Комитеттің құрамы:

- Спицын Анатолий Тихонович – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Тиесов Сүйіншік Әмірхамзаұлы;
- Януш Биалек – тәуелсіз директор;
- Сауранбаев Рустем – дауыс беру құқығынсыз.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет қараған негізгі мәселелер



Комитеттің функциялары:

Мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну:

- қызметтің, стратегиялық жоспарлаудың басым бағыттары;
- инвестициялық бағдарламаларды және ірі инвестициялық жобаларды іске асыру;
- корпоративтік басқару мен тұрақты дамуды жетілдіру;
- Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыру.

2017 жылы Комитет күндізгі нысанда 8 отырыс өткізді, онда 24 мәселе қаралды.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

Комитеттің қызметі Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

Комитет құрамы:

- Януш Биалек – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Лука Сутера - тәуелсіз директор;
- Егімбаева Жанна Дачерқызы;
- Кәрімов Дәулет Сәбитұлы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы.

Комитеттің функциялары:

Мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну:


- Басқарманың сандық құрамы, өкілеттік мерзімдері, Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың қызмет нәтижелерін бағалау және дағдылары негізінде олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау;
- Директорлар кеңесінің, ІАҚ, Корпоративтік хатшының қызметін тұрақты және дұрыс бағалауды қамтамасыз ету;
- тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу, сонымен қатар қызметкерлерді әлеуметтік қолдау, кәсіби дамыту және оқыту жүйесін қамтамасыз ету.

2017 жылы Комитет күндізгі нысанда 9 отырыс өткізді, онда 38 мәселе қаралды.

Сонымен қатар, Комитет мүшелері 2017 жылы қызметкерлерді жаңа лауазымдарға және CEO-1 басқарушылық командасын қоса алғанда, функционалы (Job-matching) өзгертілген лауазымдарға кезең кезеңімен іріктеу рәсіміне белсенді қатысты.

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

Комитеттің қызметі Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет қараған негізгі мәселелер**Комитет құрамы:**

- Доминик Фаш – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Тиесов Сүйіншік Әмірхамзаұлы;
- Егімбаева Жанна Дачерқызы;
- Кәрімов Дәулет Сәбитұлы – дауыс беру құқығынсыз.

Комитеттің функциялары:

Мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саясаты мен рәсімдері;
- қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және аталған салада мақсатқа қол жеткізу бөлігінде «KEGOC» АҚ стратегиялық ҚНҚ мониторингі;
- қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау бөлігінде тұрақты даму.

2017 жылы Комитет күндізгі нысанда 6 отырыс өткізді, онда 10 мәселе қаралды, соның ішінде:

- «KEGOC» АҚ еңбекті қорғау жүйесін дамыту тұжырымдамасы.
- Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- «KEGOC» АҚ Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі тоқсан сайынғы есебі;

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ өндірістік активтерін басқару жөніндегі басқарушы директорының ҚНҚ мотивациялық картасына «LTIFR» көрсеткішін енгізу жөнінде ұсыныс берді.

Аудит жөніндегі комитет

Комитет қызметі Аудит жөніндегі комитет туралы ережемен реттеледі.

Комитет құрамы:

- Лука Сутера - Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор;
- Доминик Фаш – тәуелсіз директор;
- Сатжан Салтанат – дауыс беру құқығынсыз.

Комитеттің функциялары:

Мына мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну:


- Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін (соның ішінде, Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін орнату;
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сонымен қатар корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;
- тәуелсіз және ішкі аудитті, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау.

2017 жылы Комитет күндізгі нысанда 10 отырыс өткізді, онда 71 мәселе қаралды.

Сонымен қатар, Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2016-2018 жылдардағы Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін таңдап алынған «Эрнст энд Янг» аудиторлық компаниясының өкілдерімен «KEGOC» АҚ шоғырландырылған Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудитінің қорытындыларын талқылау мәселелері бойынша 3 отырыс өткізілді.

Тұтастай алғанда, Директорлар кеңесінің қызметі 2017 жылы Компанияның тиімді дамуына, Компанияның қысқа, орта, ұзақ мерзімді кезеңге белгілеген стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуіне көмектесті. Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ корпоративтік басқаруды, бизнес-процестердің кең ауқымына қатысты ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару механизмдерін жетілдіруге белсенді қатысты.

Аудит жөніндегі комитет қараған негізгі мәселелер



«KEGOC» АҚ ағымдағы қызметіне басшылық етуді «KEGOC» АҚ қызметінің басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған мәселе бойынша шешімдер қабылдайтын алқалық атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады. Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатады.

«KEGOC» АҚ 2016 жылғы 1 маусымда бекітілген жаңа ұйымдық құрылымға көшеуіне байланысты «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 24 ақпандағы шешімімен «KEGOC» АҚ Басқармасының құрамы 6 адам болып бекітілді.

«KEGOC» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша құрамы

САЛАДАҒЫ ЖҰМЫС ӨТІЛІ 31 ЖЫЛ.

1964 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: техникалық – «Электр желілері мен жүйелері» мамандығы бойынша Алматы энергетикалық институты (1986 ж.), экономикалық - Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті «Экономика» мамандығы бойынша (2007 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2011 жылғы 31 мамырдан бастап «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.
- «KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.



ҚАЖИЕВ БАҚЫТЖАН ТӨЛЕУҚАЖЫҰЛЫ

«KEGOC» АҚ
Басқарма төрағасы

САЛАДАҒЫ ЖҰМЫС ӨТІЛІ 24 ЖЫЛҒЫ.

1973 ж.р., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: техникалық – «Семей» мемлекеттік университеті «Тамақ өнеркәсібінің машиналары мен аппараттары» мамандығы бойынша (1997 ж.), экономикалық – Т.Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша (1999 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2017 жылғы ақпаннан бастап – «KEGOC» АҚ Стратегия және бизнес-трансформация жөніндегі басқарушы директоры;
- 2015 жылғы желтоқсаннан бастап – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- 2015 жылғы қаңтар – 2015 жылғы қараша – «Архарлы-Майбүйрек» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы;
- 2012 жылғы ақпан – 2014 жылғы қараша – «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының кеңесшісі.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: стратегиялық жоспарлау, стратегиялық жоспарлау процесін, бизнес бастамаларды басқару, даму институттарымен және халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастық, жобаларды басқару, трансформациялау жобаларын іске асыру.

«Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.



ОСПАНОВ СЕРІК КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Стратегия және бизнес-трансформация
жөніндегі басқарушы директор

САЛАДАҒЫ ЖҰМЫС ӨТІЛІ 17 ЖЫЛ.

1968 ж.р., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: экономикалық – Т.Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы «Маркетинг және коммерция» мамандығы бойынша (1994 ж.), техникалық – Павлодар С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «Электр энергетикалық жүйелері мен желілері» (2005 ж.).

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2017 жылғы ақпаннан бастап – Өндірістік активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;
- 2015 жылғы қараша – 2017 жылғы ақпан – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
- 2012 жылғы ақпан – 2012 жылғы қараша – «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: өндірістік активтерді пайдалану, жөндеу, қызмет көрсету бойынша қызметті жоспарлау; активтерге қызмет көрсету нормативтерін қоса алғанда, активтерді басқару бойынша саясатты және рәсімдерді әзірлеу; ЖЭТ филиалдарының орта мерзімді бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; ЖЭТ филиалдарының сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; релелік қорғау және қосалқы станцияларды автоматтандыру құралдарын пайдалану және жаңғырту, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.



ЖАЗЫҚБАЕВ БАҚЫТХАН МЕДЕҒАЛИҰЛЫ

Өндірістік активтерді басқару жөніндегі
басқарушы директор

САЛАДАҒЫ ЖҰМЫС ӨТІЛІ 40 ЖЫЛ.

1955 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: техникалық – Алматы энергетикалық институты, мамандығы бойынша – «Өнеркәсіп кәсіпорындары мен қалаларды электрмен жабдықтау» (1977 ж.), экономикалық ғылымдардың кандидаты, экономика доценті.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2017 жылғы ақпаннан бастап – Технологиялық даму жөніндегі басқарушы директор;
- 2015 жылғы қараша – 2017 жылғы ақпан - Басқарма төрағасының ҰЭТ-ты дамыту және корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары;
- 2017 жылғы сәуір – 2015 жылғы қараша – «KEGOC» АҚ ҰЭТ-ты дамыту жөніндегі басқарушы директоры, ҰЭТ-ты дамыту және жүйелік қызметтер жөніндегі басқарушы директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: «KEGOC» АҚ техникалық саясатын басқару; ҰЭТ-ты дамыту, ҰЭТ-ты дамыту жобалары бойынша жоспарлар мен жобаларды, техникалық-экономикалық зерттеулерді, техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу; 7 жылдық перспективаға Қазақстан БЭЖ электр қуаты мен электр энергиясының болжамды теңгерімдерін әзірлеу; энергетика саласында біріктірілген бірлестіктермен және ұйымдармен ынтымақтастық; ҰЭТ-тегі электр энергиясының технологиялық шығысын (ысыраптарын) мониторингтеу, талдау және нормалау; ЖЭК-ті пайдалануды дамыту саласындағы қызметті үйлестіру; Жүйелік оператордың Қазақстан БЭЖ-ге технологиялық қосылу, электр станцияларының қуатын беру схемалары, тұтынушыларды сырттан электрмен жабдықтау схемалары, желіге қосуға арналған техникалық шарттарды келісу мен беру мәселелерін келісуі бойынша жұмыстарды үйлестіру.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымы Бақылау кеңесінің төрағасы болып табылады.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.



ҚУАНЫШБАЕВ ӘСКЕРБЕК ДОСАЙҰЛЫ

Технологиялық даму жөніндегі
басқарушы директор

САЛАДАҒЫ ЖҰМЫС ӨТІЛІ 13 ЖЫЛ.

1979 ж.т., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: заңгерлік – Қазақ мемлекеттік Заң академиясы «Құқықтану» (2000 ж.) мамандығы бойынша, экономикалық – Қазақ технология және бизнес университеті «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша (2013 ж.), экономика ғылымдарының магистрі.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2017 жылғы маусымнан бастап – «KEGOC» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры;
- 2012 жылғы сәуір – 2017 жылғы маусым – «KEGOC» АҚ Заң департаментінің директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: құқықтық мәселелер, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, корпоративтік басқару жүйелерін, қызметтің үздіксіздігі мен БМЖ ендіру мен жетілдіру; экономикалық, техникалық және ақпараттық қауіпсіздік; кінәраттық-талап ету жұмысы; корпоративтік басқару рейтингін алу және сақтап тұру.

«Энергоинформ» АҚ еншілес ұйымы Директорлар кеңесінің және «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС еншілес ұйымы Бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.



САФУАНИ ТӨЛЕГЕН ЕСЕНҚҰЛҰЛЫ

Құқықтық қамтамасыз ету және қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор

САЛАДАҒЫ ЖҰМЫС ӨТІЛІ 20 ЖЫЛ.

1976 ж.р., Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі: экономикалық – Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша (1997 ж.), «Назарбаев университет» (2016 ж.), іскери әкімшілік ету магистрі.

Соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі:

- 2017 жылғы ақпаннан бастап – Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор;
- 2009 жылғы маусым – 2017 жылғы ақпан – «KEGOC» АҚ Экономика жөніндегі басқарушы директоры.

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, баға белгілеу, «KEGOC» АҚ бағалы қағаздарының KASE ресми тізімінде болу процесіне басшылық ету және үйлестіру; «KEGOC» АҚ миноритарлық акционерлерімен және бағалы қағаздарының басқа да ұстаушыларымен өзара іс-қимыл; «KEGOC» АҚ шоғырландырылған аудиттелген жылдық қаржылық есебін дайындау, қаржы институттарымен, аудиторлық компаниялармен ынтымақтастық, басқарушылық есептеме жүйесі.

«Батыс транзит» АҚ қауымдастырылған ұйымының Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді.



БОТАБЕКОВ АЙБЕК ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ

Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, әділдік, кәсібилік, байқампаздық, нақтылық, жүйелілік болып табылады.

2017 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының 29 отырысы өткізілді, онда 229 мәселе қаралды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған және Басқарма алдын ала қараған мәселелерден басқа Басқарманың құзыретіне кіретін мына мәселелер қаралды:

- Компания қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарға өзгерістер бекітілді және енгізілді;
- Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері;
- мәмілелер жасау жөніндегі шешімдер;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет қызметінің мәселелері;
- персоналды басқару мәселелері;
- басқалары.


Алқалық шешімдерді алдын ала қарау, қабылдау және «KEGOC» АҚ Басқармасына жетекшілік ететін мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау үшін Компанияда консультативтік-кеңесу органдары құрылды:

1. Инвестициялық комитет,
2. Тәуекелдер жөніндегі комитет,
3. Бюджет комитеті,
4. Кадрлық даму жөніндегі комитет
5. Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет,
6. Тауарлы-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметін бағалау

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау қағидаларымен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі қызметіне корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау шеңберінде жыл сайынғы бағалау жүргізу көзделген. 2017 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ РwC компаниясымен бірлесе «KEGOC» АҚ корпоративтік басқаруға тәуелсіз диагностика жүргізді. Бұл Директорлар кеңесінің тиімділігін бағалауды көздейді. Диагностика нәтижелері бойынша «Директорлар кеңесі мен атқарушы орган тиімділігі» құрамдасы «ВВ» деңгейінде, яғни белгіленген өлшемдердің көпшілігіне барлық маңызды аспектілерде сәйкес келетін деңгейде бағаланды.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы және өтемақы шығыстарын төлеу қағидаларына сәйкес тәуелсіз директорларға өз лауазымдық міндеттерін атқарған кезеңде сыйақы төленеді және



Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруға байланысты шығыстары өтеп беріледі.

«KEGOC» АҚ тәуелсіз директорларына сыйақы беру мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- жылдық тіркелген сыйақы;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы.

Акционерлердің жалпы жиналысының 2016 жылғы 28 қазандағы шешіміне сәйкес «KEGOC» АҚ ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне өзіне жүктелген міндеттерді орындағаны үшін тіркелген жылдық сыйақы төленеді.

Директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына шығуға, тәуелсіз директорлардың тұрақты мекенжайынан тыс жерлерде өткізілетін кеңестерге баруына байланысты шығыстар өтеледі: Қазақстан Республикасындағы (жолақысы, соның ішінде трансфер, қонақ үйде тұру, тәуліктік, телефон байланысы (ұтқыр байланысты қоспағанда), құжаттарды көшірмелеу, сканерлеу, басып шығару, компьютерде теру, факс, Қазақстан Республикасындағы интернет желісіне қол жеткізу қызметтері, курьерлік және почта қызметі).

«KEGOC» АҚ Басқарма мүшелеріне еңбеақы және сыйақы төлеу тәртібі «KEGOC» АҚ Басқарма

сы туралы ережемен, «KEGOC» АҚ басшы қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне және корпоративтік хатшысына еңбекақы және сыйақы төлеу қағидаларымен белгіленді. Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесіне қызметтағы және бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша төленетін сыйақы кіреді. «KEGOC» АҚ бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы «KEGOC» АҚ бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде, аудиттелген Шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерін бекіткен соң төленеді. Сыйақы төлеу үшін негізгі шарт бұл есептік жылдағы шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалаған кезде мотивациялық ҚНҚ қолданылады, бұл «KEGOC» АҚ стратегиялық мақсаттарын ҚНҚ карталары түрінде «KEGOC» АҚ бизнес-процестері/қызметінің бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге каскадтау жолымен әзірленеді. Бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алуға есептік жылдағы бекітілген ҚНҚ орындау қорытындылары бойынша есептік кезеңде кем дегенде 5 (бес) жыл нақты жұмыс істеген Басқарма мүшелері құқылы. Жоспарланатын кезеңге төленетін шекті мөлшерін Директорлар кеңесі бекітеді. Осылайша, 2017 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша осындай болып табылған мүшелеріне төленген жалпы сома 372 млн.теңгені құрады.

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды. 31.12.2017 ж. жай-күй бойынша ІАҚ бекітілген штаты 8 адамды құрайды.

Қызметтің миссиясы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасына Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсетуде болып табылады. ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелік тәсілді енгізу жолымен Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және дұрыс ақпаратты беру.

2017 жылға арналған барлық аудиторлық тапсырмалар Қызметтің негізгі қызмет мақсаттары мен миссиясы есепке алына отырып, жоспарланды. Ішкі аудитті жоспарлаған кезде тәуекелге бағытталған тәсіл қолданылды, яғни жоспарға енгізу үшін басымдылық теріс оқиғалардың туындауына көбінесе ұшырайтын бизнес-процестерге берілген.

ІАҚ 2017 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспармен 15 тапсырманы орындау көзделген. Қызмет 2017 жылға арналған жылдық аудиторлық жопарға сәйкес орындаған аудиторлық тапсырмалардың тақырыбы Компания филиалдарын кешенді тексеруді, Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің, сыртқы аудитті, сатып алуды, тәуекелдерді басқаруды, ақпараттық технологияларды, жобаларды және т.б. қамтыды. Барлық тапсырмалар орындалды.

Одан басқа Қордың Аудит жөніндегі комитетінің тапсырмасын, сонымен қатар Қордың Ішкі аудит қызметінің Қор тобының компанияларында синергетикалық аудит жүргізу жөніндегі бастамаларын іске асыру шеңберінде Қызмет 2017 жылы «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-дағы «SAP АБЖ-дағы қолданбалы бақылаулар аудиті және MasterPOS БЖ-мен біріктіру» аудиторлық тапсырмасына қатысты. Сонымен қатар Қызмет Қордың тапсырмасын іске асыру шеңберінде Трансформациялау бағдарламасын (ПМО) іске асыру аудитіне қатысты.

2017 жыл ішінде Қызмет Аудит жөніндегі комитеттің атына келіп түскен төрт өтініш бойынша, сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары үшін бірыңғай «қызу желіге» келіп түскен бір өтініш бойынша тексеру жүргізді. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша Аудит жөніндегі комитет «KEGOC» АҚ Басқармасына тиісті ұсынымдар берді.

2017 жылы орындалған аудиторлық тапсырмалардың қорытындылары бойынша Қызмет 162 ұсыным берді. Аудит объектілері Қызметпен бірлесе Түзету іс-қимылдары жоспарын әзірледі, оларға мониторингті Қызмет тоқсан сайынғы негізде жүргізеді.


Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

«KEGOC» АҚ-да 2007 жылдан бастап тәуекелдерді басқару жүйесі сәтті ендірілді және жұмыс істейді, бұл жүйе «Самұрық-Қазына» АҚ талаптары мен тәуекелдерді басқарудың үздік әлемдік тәжірибелері есепке алумен құрылды.

«KEGOC» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі Тредвей Комиссиясының Демеушілік ұйымдары комитеті әзірлеген тәуекелдерді басқару жүйесінің жалпы қабылданған концептуалды модельдері - COSO ERM «Ұйымның тәуекелдерін басқару. Біріктірілген модель» (COSO) негізінде құрылды.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, оларды бағалауға және «KEGOC» АҚ стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді басқару шараларын өңдеуге бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі контенті болып табылады.

Тәуекелдерді басқару процесі



Қолданыстағы ТБКЖ мақсаты Компанияның шаруашылық қызметі мен беделін тиімді жүзеге асыруға, қызметкерлердің денсаулығына, қоршаған ортаға, сонымен қатар акционерлердің мүлктік мүдделеріне қауіп төндіретін «KEGOC» АҚ қызметіне ішкі және сыртқы теріс факторлардың әсер ету дәрежесін шектеу жолымен қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары мыналар:

- Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға қатысуы;
- тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру;
- Компания қызметкерлерін тәуекелдерді басқару саласында оқыту мен білім алмасудың үздіксіздігі;
- есептеме беру мен тәуекелдердің күшеюі кезіндегі ашықтық және әділдік.

Тәуекел-менеджмент Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, құрылымдық бөлімшелердің – тәуекелдер иелерінің, тәуекел-

дерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің қатысуымен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, оның міндеті Компания тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша «KEGOC» АҚ Басқармасына ұсынымдар дайындау болып табылатын Аудит жөніндегі комитет өз жұмысын жүзеге асырады. 2017 жылы 9 отырыс өткізілді.

«KEGOC» АҚ өз қызметін бизнеспен байланысты, стратегиялық тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер және құқықтық тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген тәуекелдердің кең спектрін есепке алумен жүзеге асырады. Компанияның 2017 жылға арналған тәуекелдер тізіліміне тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері бойынша 48 тәуекел енгізілді. Әрбір тәуекел бойынша оларды басқару бойынша іс-шаралар әзірленді, тәуекелдердің иелері белгіленді. Компания Басқармасына және Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептемені ұсыну жолымен негізгі тәуекелдердің динамикасына және оларды жұмсарту бойынша іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

«KEGOC» АҚ 2017 жылы ұшыраған маңызды тәуекелдер

Негізгі тәуекел	Тәуекелді басқару
Еңбек қызметіне байланысты жазым жағдайлардың туындау тәуекелі	Компанияның қызметінде персонал қауіпсіздік техникасының бұзылуы, кәсіби ауру нәтижесінде өндірісте жазым жағдайлардың туындау тәуекеліне ұшырауға бейім. «KEGOC» АҚ-дағы тәуекелдерді азайту мақсатында жүргізушілерді жол қозғалысы ережелері бойынша оқыту, «KEGOC» АҚ «Үздік электр монтері» номинациясы бойынша электр монтерлері арасында кәсіби шеберлік конкурсын ұйымдастыру және өткізу, персоналдың жұмыс орнындағы жеке қауіпсіздігіне түсіністікпен қарауын арттыру мақсатында ЖЭТ филиалдарында бейнероликтер мен слайдтарды әзірлеу және ұсыну, бұдан әрі іс-шараларды әзірлей отырып, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау бойынша бұзушылықтарды анықтау мақсатында жедел ауыстырып-қосу және жөндеу жұмыстарын жүргізу процесін бейнежазбаға тіркеу, бұзушылықтарды анықтай отырып, электр тораптарының техникалық жай-күйін, олардың пайдаланылуын, еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігін тексеру, мамандандырылған ұйымдардың филиалдардағы еңбек жағдайы бойынша өндірістік объектілерді аттестатауды жүргізуі, шетелдік және отандық Компаниялардың өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы тәжірибелерін зерттеу және талдау жүргізіледі.
Банк-контрагенттерге қатысты кредиттік тәуекел	Негізгі кредиттік тәуекелдер банктерде ақшалай қаражаттың сақталуына байланысты. Депозиттік және/немесе ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражаттың жоғалу тәуекелі банктік рейтинг өзгерістерін, банк-контрагенттерге баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша лимиттер белгілеу және оның тиімділігі көрсеткіштерін мониторингтеу есебінен азайтылады.
Активтердің бұзылу тәуекелі	Бұл тәуекел көбінесе Компания қызметінің салалық ерекшелігімен, яғни өндірістік активтердің құрылымымен негізделген. 2017 жылы табиғат апаттарының әсер етуі себепті 3 жағдай болды. Авариялық қорды пайдалана отырып, болған оқиғаларға уақтылы әрекет ету электр энергиясының толымсыз босатылуына мүмкіндік берді.
Орталық Азия БЭЖ энергия жүйелерінің э/э жоспардан тыс ағындары және қуатты реттеу бойынша қызметтер үшін төлем жүргізеу тәуекелі	Тәуекел «Узбекэнерго» АҚ-ның э/э жоспардан тыс ағындары және қуатты реттеу бойынша қызметтер үшін берешектерін төлемей салдарынан туындады. Орындалған жұмыстың нәтижесінде «Узбекэнерго» АҚ 2011-2017 жылдардағы шарттар бойынша негізгі борышын толығымен өтеді.

Компанияның ТБКЖ жетілдіруді жалғастыра келе, «KEGOC» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесі жөніндегі басшылыққа түзетулер енгізілді, «KEGOC» АҚ валюталық және пайыздық тәуекелдерін хеджерлеу саясаты және «KEGOC» АҚ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидалары бекітілді.

Компанияда «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі жыл сайынғы негізде өз бетімен немесе сыртқы сарапшыны тартумен ТБКЖ тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

«KEGOC» АҚ Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) Компанияның тәуекелдерге жылдам әрекет ете алатын, негізгі және қосалқы бизнес-процестер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыра алатын, сонымен қатар тиісті деңгейдегі басшылыққа кез келген кемшіліктер мен жақсаруға арналған салалар туралы тез арада хабарлауды жүзеге асыра алатын басқару жүйесін құруын көздейді.

«KEGOC» АҚ Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі стандартқа сәйкес ІБЖ тиімділігін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процестеріне қатысты олардың атқаратын рөліне байланысты ІБЖ-ға кіретін ор-

гандардың құзыреті шектеледі. ІАҚ қатысушылары бұл Директорлар кеңесі, Басқарма, Аудит жөніндегі комитет, Ішкі аудит қызметі, құрылымдық бөлімшелер - бизнес-процестердің иелері, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.

2017 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі ІБЖ-ны жетілдіру мақсатында «KEGOC» АҚ Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі стандартқа және «KEGOC» АҚ Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу регламентіне өзгерістерді бекітті.

2016-2017 жылдары «KEGOC» АҚ-да 3-деңгейге дейін декомпозициялай отырып, 1-деңгейлі 58 процестер сипатталды және тәуекелдер мен бақылау матрицалары және өкілеттіктерді бөлу матрицалары қалыптастырылды.

2017 жылы жүргізілген «KEGOC» АҚ корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ РwC компаниясымен бірлесе ТБЖ мен ІБЖ тиімділігіне бағалау жүргізді. Диагностикалау нәтижелері бойынша «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» компоненті «ВВ»

деңгейінде, яғни беліленген өлшемдердің көбісіне барлық маңызды аспектілерде сәйкес келетін деңгейде бағаланды.

Ақпараттық саясат

2017 жылы «KEGOC» АҚ акционерлер, инвесторлар мен басқа да стейкхолдерлер үшін ақпаратты теңдей, толық, дұрыс және жедел ашып көрсету қағидаттарын сақтау мақсатында ақпараттық саясатты іске асыруды жалғастырды.

«KEGOC» АҚ инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс-қимыл бойынша белсенді жұмыс жүргізеді, осылайша 2017 жылы «KEGOC» АҚ қызметі туралы акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтитын ақпаратты ашып көрсетуден басқа «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) алаңында «Эмитент күндері» өткізілді. Бұл күндері Қазақстан Республикасының негізгі инвестициялық компаниялары өкілдерінің, бағалы қағаздар нарығы сарапшылары мен БАҚ-тың қатысуымен 2016 жылғы және 2017 жылғы 1-жарты жылдықтағы өндірістік-шаруашылық қызметтің қорытындылары талқыланды.

«KEGOC» АҚ «Инвестициялық имиджді» қалыптастыру мақсатында «KEGOC» АҚ мен нарық сарапшылары арасындағы сындарлы сұхбатты, келіс-сөз процесі мен инвесторлармен өзара іс-қимылды, инвесторларға ақпараттық-талдау бойынша қызмет көрсетуді, акционерлер мен инвесторлардың менеджментпен сенімгерлік қарым-қатынастарды қалыптастыруды ұйымдастыруға тырысады.

Акционерлердің құқықтарын іске асыру, сонымен қатар пайдаланушылар үшін аса маңызды ақпараттың өте жеделдігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «KEGOC» АҚ БАҚ-та, сонымен қатар Компанияның корпоративтік веб-сайттары мен Facebook және Twitter әлеуметтік желілері беттерінде өндірістік-шаруашылық қызметі туралы, сонымен қатар Компанияның 20 жылдық мерейтойын атап өту және отандық және шетелдік ұйымдардың қатысуымен «Электр энергетикалық жүйелерді дамыту – проблемалары мен перспективалары» атты бірінші халықаралық конференцияны өткізу туралы

ақпаратты жариялауды қамтамасыз етті. Сонымен қатар, инвестициялық қызметті ақпараттық қолдау және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында «KEGOC» АҚ Компания басшылығының брифингтерде, салалық мамандандырылған көрмелерде, форумдар мен басқа да имидждік іс-шараларда сөз сөйлеуі мен сұхбат беруін ұйымдастырды.

«KEGOC» АҚ-ның стейкхолдер арасындағы имиджін кешенді бағалау үшін, сонымен қатар ақпараттық айқындықты бағалау және ақпаратты ашып көрсету процестерінің тиімділігін анықтау мақсатында 2017 жылы тәуелсіз тарап дәреже аудитін өткізді. Зерттеу нәтижелері Компанияның персонал арасында да, сыртқы сарапшылар мен Қазақстан Республикасы халқы арасында да имиджі жақсарғанын, олардың «KEGOC» АҚ қызметі туралы пікірлерінің жақсы екенін дәлелдейді. Осылайша, есептік жылы Компанияның дәреже аудиті 2016 жылмен салыстырғанда дәреженің барлық негізгі шамалары бойынша өскенін көрсете отырып, 9%-ға артты және 7,3 рейтингтік тармақты құрады.

Ақпаратты ашып көрсеткенде «KEGOC» АҚ бұрынғыдай коммерциялық, қызметтік және заңнамамен қорғалатын басқа да құпиядан тұратын мәліметтерді, сонымен қатар таратылуы шектеулі мәліметтерді қорғауды басшылыққа алады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Өз қызметінде «KEGOC» АҚ басқа да мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады:

- Ресей Федерациясы («ФСК ЕЭС» ӨАҚ, «СО ЕЭС» АҚ, «Интер РАО» ӨАҚ),
- Қырғыз Республикасы («Электрические станции» ААҚ, «НЭС Кыргызстана» ААҚ),
- Өзбекстан Республикасы («Узбекэнерго» АҚ),
- Тәжікстан Республикасы («Барки Точик» ХКАҚ).

Ресей Федерациясы

2017 жылы «KEGOC» АҚ-ның Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы біртұтас электр энер-



гетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы 2009 жылғы 20 қарашадағы үкіметаралық келісімге сәйкес қатарлас жұмысты қамтамасыз ету үшін 2010 жылдан бастап жасалған шарттар бойынша Ресей Федерациясының контрагенттерімен өзара қарым-қатынастары жалғасты. Бұл шарттар Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ қатарлас жұмысы кезінде тараптардың негізгі техникалық және қаржылық міндеттерін регламенттейді:

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмысы туралы шарт;
- «KEGOC» АҚ «Интер РАО» ӨАҚ арасында жасалған Ресей БЭЖ-мен шекарада Қазақстан БЭЖ-нің электр энергиясы ағындарының нақты сағаттық мемлекетаралық сальдосының жоспардағыдан ауытқуларын сатып алу-сату шарттары;
- «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу (транзиті) бойынша қызмет көрсету шарты.

2017 жылы «KEGOC» АҚ мен «Интер РАО» ӨАҚ арасындағы шарттар бойынша Қазақстан БЭЖ және Ресей БЭЖ шекарасында нақты сальдо ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқуларын өтеу мақсатында электр энергиясын сатып алу-сату операциялары жүргізілді.

2017 жылы «KEGOC» АҚ мен «ФСК ЕЭС» ӨАҚ арасындағы шарт бойынша Ресей Федерациясы – Қазақстан Республикасы - Ресей Федерациясы бағытында «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясы жеткізілді (транзит).

Орталық Азия

2017 жылы:

- «KEGOC» АҚ мен «Узбекэнерго» АҚ арасындағы шарт бойынша Өзбекстанның энергия жүйесі үшін 561 МВт көлемінде қуатты реттеу (жиілік) бойынша қызмет көрсетілді;
- «KEGOC» АҚ мен «НЭС Кыргызстана» ААҚ арасындағы шарт бойынша Қазақстан мен Қырғызстан энергия жүйелерінің арасындағы жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін Қырғы-

зстанға 7,7 млн.кВтсағ. көлемінде электр энергиясын сату және Қырғызстаннан 8,9 млн.кВтсағ. көлемінде электр энергиясын сату жүзеге асырылды.

Есептік кезеңде Орталық Азияның энергия жүйелерімен қатарлас жұмыстың басқа да аспектілері бойынша шарттық қатынастарды ресімдеу жұмыстары жалғастырылды.

«KEGOC» АҚ 2017 жылы Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық кеңесінің (ОА ҮЭК), ТМД Электр энергетикалық кеңесінің жұмысына қатысты.

2017 жылғы 14 шілдеде «KEGOC» АҚ компанияның 20 жылдығына және «Астана EXPO-2017» халықаралық көрмесіне орай «Электр энергетикалық жүйелерді дамыту – проблемалары мен перспективалары» тақырыбында халықаралық конференция өткізді.

Конференцияға Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктер мен ведомстволарының, «Самұрық-Қазына» АҚ мен оның еншілес компанияларының, салалық электр энергетикалық компаниялар мен ірі энергетикалық компаниялардың өкілдері, Қазақстан Республикасының жетекші университеттерінің өкілдері қатысты. Сонымен қатар, конференцияға қатысу үшін Астанаға 26 шетелдерден электр желілік компаниялардың, соның ішінде State Grid Corporation of China (ҚХР), FINGRID (Финляндия), RTE (Франция), TERNА (Италия) Manitoba Hydro (Канада) компанияларының өкілдері мен жетекші қаржылық даму институттарының - ЕҚДБ, ХҚДБ және Азия даму банкінің өкілдері қатысты. Іс-шараларға қатысушылар электр энергетикалық жүйелерді дамыту саласында ақпарат алмасты, ЖЭК-ті пайдалану саласындағы практикалық тәжірибені қорытындылады, жаңа техника мен технологияларды пайдалану перспективаларын талқылады.

Конференция шеңберінде отандық және шетелдік электр желілік компаниялармен басқару және электр энергетикалық саланы дамытудың әлемдік озық тәжірибелерін, жаңартылатын энергия көздерін дамытудың өзекті мәселелерін талқылау бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

тұрақты

даму

мақсат

3.

ТҰРАҚТЫ
ДАМУ

2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ НЕГІЗІНДЕ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР ЕСЕПКЕ АЛЫНА ОТЫРЫП, ӘЗІРЛЕНГЕН ЖАҢА ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЕНДІРІЛДІ

ІШКІ ӘДІЛДІК ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЕҢБЕКАҚЫНЫҢ ГРЕЙДІК ЖҮЙЕСІ ЕНДІРІЛДІ

БАСҚАРУШЫЛЫҚ КОМАНДАНЫ ҚОСА АЛҒАНДА, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖАҢА ЛАУАЗЫМДАРҒА ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ ӨЗГЕРГЕН ЛАУАЗЫМДАРҒА КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢМЕН ІРІКТЕУ (JOB-MATCHING) ЖҮРГІЗІЛДІ

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ «KEGOC» АҚ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ ӘЗІРЛЕНДІ

ПХД-МЕН ЛАСТАНҒАН ЭЛЕКТР ЖАБДЫҒЫ ЖОЮҒА ТАПСЫРЫЛДЫ

2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕЛЕРІН КОМПАНИЯНЫ БАСҚАРУДЫҢ БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ ПРОЦЕСТЕРІНЕ БІРІКТІРУДІ КҮШЕЙТУ

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ТӘРТІПТІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ЖЫЛ САЙЫН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ МОНИТОРИНГТЕУ ЖҮЙЕСІ ЕНДІРІЛДІ

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТІН ДАМУ ЖӘНЕ ІСКЕРИ ЭТИКА КОДЕКСІН ЖАҢАрту

КАДР СЯСАТЫ

«KEGOC» АҚ кадрлық әлеуеті Компанияның даму табысын анықтайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады. «KEGOC» АҚ адами ресурстар менеджменті Копоративтік басқару кодексінің, Іскери этика кодексінің, біріктірілген менеджмент жүйесінің, Кадр саясатының, «KEGOC» АҚ персоналын мотивациялау саласындағы ішкі құжаттардың қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Компанияның адами ресурстарды экономикалық және әлеуметтік тиімді пайдалану арасындағы балансты қамтамасыз етуге негізделген Кадр саясаты «KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес мыналарға бағытталған:

- Компанияның қызметкерлерді іздестіру мен іріктеуді, оқыту мен дамытуды, қызметкерлердің қызметін бағалау мен сыйақыларды басқаруды қоса алғанда, меритократия қағидаттарына берілгендігін қамтамасыз ету;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын жақсарту бойынша іс-шараларды іске асыру (кері байланыс, басшылықтың ұжым алдындағы есебі, ұжымның әлеуметтік ахуалын мониторингтеу);
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

88%


ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ РЕЙТИНГІ

Компания қызметкерлерінің тізім бойынша саны еншілес ұйымдарды есепке алғанда 31.12.2017 ж. жай-күй бойынша 4 731 адамды құрады.


Адами капиталды дамыту «KEGOC» АҚ басым міндеттерінің алдыңғы қатарында тұр. Біз үшін үздік қызметкерлерді тарту мен сақтап қалу, қызметкерлердің әлеуетін анықтау, өсіру мен дамыту үшін жағдай жасау маңызды.

2017 жылы «KEGOC» АҚ Бизнесі трансформациялау бағдарламасын іске асыру жалғасты. Оның шеңберінде «Нысаналы ұйымдық құрылымға көшу» жобасы іске асырылды. Жобаны іске асыру барысында бөлімшелер туралы ережелер, жаңа лауазымдар және функционалы өзгертілген лауазымдар сипатталды, жаңа лауазымдарға және функционалы өзгерген лауазымдарға (Job-matching) басқарушы команданы қоса алғанда, қызметкерлерді кезең кезеңмен іріктеу жүргізілді. Сонымен қатар, HR-дың Компаниядағы рөлі өзгереді – ол «әкімшілік» рөлінен «HR бизнес-әріптес»

Қызметкерлердің білім деңгейлері бойынша құрылымы



Қызметкерлердің жас санаттары бойынша құрылымы



рөліне трансформацияланды, өзара байланысты жүйелерді құру және оларды автоматтандыру үшін барлық HR процестерді қайта қарау басталды.

Корпоративтік мәдениетке диагностика жүргізілді, құндылықтары қалыптасқан құзыреттер моделінің сенімділігі расталды. Бұл жобаның қорытындысы бойынша Компанияның құндылықтары жаңартылды, Жол картасы мен нысаналы корпоративтік мәдениетке көшу бойынша коммуникациялар жоспары құрылды.

Кадр саясатының барлық элементтері жаңа қызметкерлердің тез және тиімді бейімделіп, лауазымға кірігуін жылдамдататындай құрылған. Тұрақты негізде ұйым мақсаттарымен, оның қызметінің ерекшеліктерімен, сонымен қатар компанияның негізгі қағидалары мен қызметкерлерден күтетін нәтижемен тұрақты түрде таныстырылып отырады. Бейімдеу процесінде қызметкерлер қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтеді.

«KEGOC» АҚ персоналды оқыту мен дамыту процесіне көп мән береді және мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін оқыту тиімділігі және нәтижеге бағытталу, нақты міндеттерді шешу;
- оқыту мен дамытудың ілгерінді сипаты – компанияны дамытудың стратегиялық мақсаттарын қолдау;
- мақсатқа сәйкес болуы – оқыту бағдарламаларын таңдау қызметкерлердің алдында қойылған мақсаттар мен міндеттерге сай келеді;
- даму жүйесінің тұтастығы, оқытудың үздіксіздігі мен жүйелілігі.

Персоналды оқыту қазіргі заманғы оқыту әдістерінің бүкіл спектрі – бизнес-практикумдар, семинарлар, тренингтер, тағылымдамалар, біліктілікті арттыру, кәсіби даярлау мен қайта даярлау,

форумдар, конференциялар түрлерін қолданумен өткізіледі. Есептік жылда оқудан 2066 қызметкер өтті, бұл қызметкерлердің тізімдік санынан 43,67%-ды құрайды.

«KEGOC» АҚ кадрлық резерві бойынша жұмыс толығымен жүзеге асырылуда: 293 адамнан тұратын кадрлық резерв құрылды. 2017 жылы кадрлық резерв құрылған бос лауазымдар саны - 35, олардың ішінде 23-і кадрлық резервке кіретін қызметкерлермен толықтырылған. «KEGOC» АҚ сабақтастық жоспарына сай 5 қызметкер жоғары лауазымға ауыстырылды. 2017 жылғы желтоқсанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің корпоративтік мәдениет диагностикасының нәтижелері, сонымен қатар оны жетілдіру жолдары ұсынылған компанияның перспективалы қызметкерлерімен жыл сайынғы кездесуі өтті.


Біздің Компанияның басшылары 2017 жылғы «Жас өркен» дарынды тұлғаларды дамыту бағдарламасы шеңберінде көпсатылы іріктеуден өткен ЖОО 2017 жылғы үздік тұлғалары үшін тәлімгер болды. Сонымен қатар «Жылдың ең үздік тәлімгері» атты жыл сайынғы конкурс өткізілді, соның нәтижелері бойынша жеңімпаз бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды. Осылайша, «KEGOC» АҚ-да тәлімгерлік институты қалыптасты.

Әулет сабақтастығы мен әлеуметтік тұрақтылықты қоғамдық ынталандыру ретінде еңбек әулетін танымал ету және қолдау мақсатында 2017 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-да компаниялар тобының Еңбек әулеті күні аталып өтті, оған еңбек әулетінің өкілдері қатысты.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

4 731 АДАМ

Компаниядағы сыйақы жүйесі



2017 жылы ішкі әділеттік және сыртқы бәсекеге қабілеттілік қағидаттарына негізделген грейдтік еңбекақы төлеу жүйесі ендірілді. Грейдтік жүйе еңбекақы деңгейін әрбір лауазымның құндылығына байланыстыруға мүмкіндік берді. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде қызметкерлердің жалақылары орташа алғанда 15%-ға өсті.

«KEGOC» АҚ тиімді жұмыс істеу, адалдықты арттыру үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында компания қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау көрсетеді: жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берген кезде сауықтыруға арналған, мерейлі жасқа толуына орай, баланың туылуына байланысты, қызметкердің, қызметкердің отбасы мүшелерінің және «KEGOC» АҚ есепте тұрған зейнеткерлердің қайтыс болуына байланысты, қызметкердің және мүгедектік тобы мен жасына қарамастан мүгедек балалардың, бала кезінен мүгедектердің медициналық ем қабылауын төлеу үшін берілетін материалдық көмек.

Зейнеткерлік жастағы қызметкерлерге зейнетке шыққан кезде өтемақы төленеді, сонымен қатар Компанияның есебінде тұрған зейнеткерлерге «Энергетик күні» кәсіби мерекесіне орай бір жолғы материалдық көмек төленеді.

2017 жылы Компания үйді жалға алу шығыстарын ішінара төлеп беру жолымен 100 қызметкердің баспана мәселесін шешуге көмектесті, 43 қызметкер «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ шарты бойынша кейінен сатып алатын мүмкіндікпен тұрғын үйді алуға үміткерлер болды.

Есептік кезеңде «KEGOC» АҚ 2435 қызметкері ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру жүйесімен қамтылды.

2017 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ-ның 114 қызметкері сіңірген ерекше еңбегі үшін мемлекеттік және салалық наградамен ынталандырылып, 224 қызметкер Компанияның 20 жылдығы медалімен наградталды.

«KEGOC» АҚ мен оның ұжымы арасында жасалған 2016-2020 жылдарға арналған ұжымдық шарттар Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негізгі ережелерінен басқа Компания қызметкерлерін, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен оларға теңдестірілген тұлғаларды, адрагер-энергетиктерді, медициналық қызмет көрсетуді, мәдени-көпшілік демалыстарын әлеуметтік қолдауға қатысты мәселелер көрсетілген. Ұжымдық шарт Компанияның барлық қызметкерлеріне (100%) қолданылады.

2003 жылы өндірістік-салалық қағидаттар бойынша құрылған және Компанияның қызметкерлері үшін ғана емес, барлық энергетикалық сала қызметкерлері, оқу және жобалау институттары, зейнеткерлер және т.б. үшін де ашылған Қазақстан электр

техникалық саласы қызметкерлерінің кәсіподағы – «Энерготехникалық сала қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ (бұдан әрі – Кәсіподақ) құрылды. Кәсіподаққа 7 мыңнан астам адам кіреді, олардың 4 мыңнан астамы Компания қызметкерлері. Кәсіподақтың негізгі міндеттерінің бірі кәсіподақ мүшелерінің еңбек құқықтарын қамтамасыз ету, еңбек қатынастарын реттеу болып табылады. Кәсіподақ сонымен бірге еңбекақы төлеу талаптарына, қызметкерлерді материалдық ынталандыру нысанына, тәртіптік жазалау шараларын қолдануға дейін еңбек тәртібін сақтауға ықпал етеді және еңбек туралы заңнаманың сақталуын бақылауға, кепілдіктер мен өтемақылардың, жеңілдіктер мен т.б. сақталуын бақылауға арналған.

2017 жылы Кәсіподақ Қазақстан Республикасының Үкіметі, қызметкерлердің республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасында жасалған 2018-2020 жылдарға арналған бас келісімді әзірлеуге қатысты. Кәсіподақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу жөніндегі комиссияның мүшесі болып табылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

«KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының мақсаты электр энергиясын жеткізу және тарату кезінде қоршаған ортаға теріс әсерді азайту болып табылады.

«KEGOC» АҚ Экологиялық саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мыналар:

- Қазақстан БЭЖ-ді дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік;
- энергия үнемдеу және табиғи және энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалану;
- Қазақстан Республикасының экология саласындағы заңнамасына және ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- ақпараттың, соның ішінде экологиялық мониторинг нәтижелерінің ашықтығы мен қолжетімділігі.

Экологиялық менеджмент жүйесі

Компанияда экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) енгізіліп, ISO 14001 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігіне сертификатталды. ЭМЖ «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде жұмыс істейді және өндіру мен жұмыс істудің негізгі мақсаты Компанияның өндірістік және шаруашылық қызметінің экологиялық аспектілеріне әсерді күшейтуге мүмкіндік беретін басқарудың жаңа тәсілдерін қолдану болып табылады.

Экологиялық спектілерді басқару «KEGOC» АҚ-дағы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің элементі болып табылады. Тиімді басқару үшін 2017 жылы мына құжаттар әзірленді: «KEGOC» АҚ сәйкес экологиялық аспектілеріне қолданылатын нормативтік құқықтық актілердің тізілімі; «KEGOC» АҚ 2017 жылға арналған экологиялық аспектілер мен маңызды экологиялық аспектілер тізілімдері. Аспектілерді анықтаған кезде Компания қызметінің барлық экологиялық әсерінің компоненттері (энергия үнемдеу, су, топырақ, шығарындылар, қалдықтар) талданады. Экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі іс-шаралар Компанияның 2017 жылға арналған экологиялық бағдарламасымен белгіленген.

2017 жылғы маңызды экологиялық аспектілер ретінде «құрамында ПХД бар қалдықтар», «трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» анықталды. «Құрамында ПХД бар қалдықтар» аспектісінің маңыздылығы бұл полихлорландырылған дифенил Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай зиянды зат (қауіпсіздіктің қызыл деңгейі) екеніне негізделген. «Пайдаланылған трансформатор майы» және «трансформатор майы» аспектілерінің маңыздылығы май толтырылған жабдықтың болуына байланысты.

Су объектілері мен топыраққа әсер

«KEGOC» АҚ-да суды тұтыну көлемдері шамалы, себебі технологиялық процесте су қолданылмайды. Су объектілеріне және рельефке лақтырындылар жоқ. «KEGOC» АҚ 7 филиалында: Ақтөбе ЖЭТ, Ақмола ЖЭТ, Алматы ЖЭТ, Шығыс ЖЭТ, Сарыбай ЖЭТ, Орталық ЖЭТ, Оңтүстік ЖЭТ филиалдарында артезиандық сумен жабдықтайтын ұңғымалар бар. Филиалдардың объектілерінде жұмыс істеп тұрған ұңғымалар арнайы су пайдалануға алынған рұқсаттарға сай және жергілікті санитариялық қызметтердің келісімі бойынша пайдаланылады.

Су объектілері мен топырақты ластауы мүмкін көздер бұл май толтырылған жабдықта қолданылатын трансформатор майы, сонымен қатар шаруашылық қажеттіліктеріне арналған суды пайдалану нәтижесінде пайда болған ағын сулар болып табылады. Судың лстануын болдырмау үшін Компанияның май толтырылған жабдығы май қабылдайтын құрылғылармен немесе тұпқоймалармен жабдықталған, бұл майдың топырақ пен суға түсуін болдырмайды.

Шығарындылар

«KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді стратегиясымен қоршаған ортаны қорғау саласында «Нормативтерге қатысы бойынша тұрақты көздерден болатын нақты шығарындыларды азайту» мақсатына қол жеткізу көрсеткіші анықталды. Бұл көрсеткішке қол жеткізу

мақсатында ЖЭТ филиалдарында 2017 жылы жедел мониторинг жүргізілді – жабдықтың әрбір бірлігінің жұмыс сағаттары саны мен материалдар шығыстары есепке алынды. Тұрақты көздерден болатын ластайтын заттардың жаппай шығарындыларының көлемі 15,81 т құрады (белгіленген норматив - 20, 7 т). Осылайша, тұрақты көздерден болатын ластайтын заттардың жаппай шығарындылары (нормативтерге қатысы бойынша) 23 %-ға азайды. Ақтөбе ЖЭТ, Алматы ЖЭТ, Батыс ЖЭТ, Оңтүстік ЖЭТ филиалдарында шығарындылардың азаюы мамандандырылған ұйымдар жүргізген өндірістік экологиялық мониторинг нәтижелерімен расталды.

Өндіріс қалдықтары

«KEGOC» АҚ объектілеріндегі өндірістік қалдықтар қосалқы станциялардың жабдықтарын пайдалану, жөндеу және жаңарту кезінде пайда болады.

ЖЭТ филиалдарында қалдықтарды уақытша қауіпсіз және бөлек сақтауға арналған жер белгіленген, эскпликациясымен объектілердің аумақтарында қалдықтарды орналастырудың карта-схемалары дайындалды, бұдан әрі көдеге жарату үшін оларды уақтылы алып кету қамтамасыз етіледі.

2017ж. «KEGOC» АҚ бөлімшелерінде 2548,7 тонна қалдық түзілді. Қалдықтарды полигонда орналастыру шығындары 10,6 млн теңгені, көдеге жарату (құрамында сынап бар қалдықтар мен өнеркәсіптік қалдықтар) шығындары 11,5 млн теңгені құрады. Трансформатор майы мен металл сынықтары мамандандырылған ұйымдарға сатылды.

Трансформатор майы мен металл сынықтарын мамандандырылған ұйымдар іске асырды: 2016-2017жж. пайда болған 584 тонна пайдаланылған май, 241,2 тонна түсті және қара металдар әкетілді.

2017 жылы Компанияның балансында 22 бірлік ПХД-мен ластаған бөлшектелген электр жабдығы болуына байланысты маңызды экологиялық аспектілердің бірі «Құрамында ПХД бар қалдықтар» болып анықталды. Бұл аспектілерді басқару үшін 2017 жылғы 4-тоқсанда аталған жабдықтар жасалған шартқа сай мамандандырылған ұйымға жою үшін табыс етілді.

2017 жылға жоспарланып, өткізілген зертханалық талдаулардың нәтижелері бойынша май толтырылған жабдықта ПХД болған жоқ.

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК

«KEGOC» АҚ Ұзақ мерзімді даму стратегиясымен кәсіби қауіпсіздік жүйесін жетілдіру стра-

**ТҰРАҚТЫ
КӨЗДЕРДЕН
БОЛАТЫН НАҚТЫ
ШЫҒАРЫНДЫЛАР-
ДЫ ҚЫСҚARTY**

23%

(НОРМАТИВКЕ ҚАТЫСТЫ)

тегиялық болжамға қол жеткізу үшін маңызды міндет болып табылады. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі қауіпсіздік және денсаулықты қорғау мәселелеріне көп көңіл бөледі, сол үшін Директорлар кеңесінің арнайы комитеті құрылды, оның функциялары саясат пен рәсімдерді жасау, жүйені жетілдіру және өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуді мониторингтеу болып табылады. Осылайша, Комитеттің мәліметтері бойынша 2017 жылы «KEGOC» АҚ еңбекті қорғау жүйесін дамыту тұжырымдамасы қаралды, сонымен қатар Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар тиімді іске асыру және бақылауды күшейту үшін Комитет Жоспардың орындалуы бойынша ҚНҚ-ны Компанияның басшы және басқарушы қызметкерлерінің ҚНҚ мотивациялық карталарына енгізу ұсынылды.

Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, технологиялық операциялар кезінде жарақаттануды азайту, қызметкерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту, зиянды және қолайсыз факторларды азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі. 2017 жылы Компанияның жұмыс орындарындағы зиянды және қауіпті өндірістік факторлар бағаланды және «KEGOC» АҚ 2017 жылға арналған тәуекелдер мен қауіптер тізілімі әзірленді, бұл тізілімнен «KEGOC» АҚ 2017 жылға маңызды қауіптері мен тәуекелдері анықталды:

- 1000 В және одан жоғары электр қондырғыларын пайдалану және жөндеу кезінде электр тогынан зақымдану;
- пайдалану бойынша және жүк көтеретін механизмдерді қолданумен жұмыс істеген кезде электр тогынан зақымдану;
- жоғарыға өрмелеу жұмыстары және биіктегі жұмыстар кезінде биіктіктен құлау.

Анықталған қауіптер мен тәуекелдер негізінде «KEGOC» АҚ аталған тәуекелдерді басқару іс-шараларын қарастыратын Кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау менеджменті жүйесі бойынша 2017 жылға арналған бағдарлама әзірленді. Бағдарламаның іс-шараларын орындау барысында 2017 жылы Компанияда жүк көтеретін механизмдерді пайдалану бойынша және оларды қолдана отырып жұмыс істеген кезде электр тогынан зақымданған жағдайлар және жоғарыға өрмелеу жұмыстары мен биіктіктегі жұмыс кезінде биіктіктен құлау жағдайлары тіркелген жоқ.

2017 жылы жол-көлік оқиғаларымен байланысты бір жазым жағдай болды. Жазым жағдай фактісі бойынша «KEGOC» АҚ тиісті шарлар қабылдады.

Сонымен қатар барлық филиалдарда мынадай іс-шаралар өткізілді:

- жөндеу науқаны кезінде жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру және жүргізу бойынша семинарлар,
- қорғаныс құралдарымен, құралдармен, тақежабен, арнайы киіммен жасақталғанын тексере отырып, жөндеу бригадаларын аттестаттау;
- объектілерді техникалық пайдалану, қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жай-күйіне нысаналы тексеру жүргізілді, нәтижесінде бұзушылықтар туралы ұйғарым актілері берілді;
- Қауіпсіздік техникасы күндері өткізілді, нәтижесінде түзету іс-шаралары әзірленді.

Сонымен қатар, 2017 жылы Компания қызметкерлеріне, соның ішінде ЖЭТ филиалдарының директорларына қауіпсіз тәртіп мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша корпоративтік оқу өткізілді.

Сенімділік және еңбекті қорғау қызметтерінің (топтарының) «KEGOC» АҚ электр желілері жұмысының сенімділігін арттыру және қызметкерлердің еңбегін қорғау жұмысын жетілдіру, проблемалық мәселелер бойынша тәжірибе алмасу мақсатында барлық ЖЭТ филиалдарының сенімділік және еңбекті қорғау қызметтерінің бастықтары, ЖО ҰДО филиалдары мен «Энергоинформ» АҚ өкілдері қатысқан кеңес өткізді.

2017 жылы Компания қызметкерлері медициналық тексеруден және аауысым алдындағы медициналық тексеруден; кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты қорғау мәселелері бойынша қажетті оқудан, біліктілікті арттырудан өтті; қажетті жеке қорғаныс құралдарымен, соның ішінде электрден қорғайтын құралдармен, арнайы тамақпен, медикаментпен қамтамасыз етілді. Жұмыс процесінде зиянды факторлардың әсеріне ұшыраған қызметкерлер олардың жұмыс орындарын зиянды жағдайлардың болуына аттестаттау нәтижесі бойынша нормалармен белгіленген өтемақыларды алды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қызметкерлер еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде жазым жағдайлардан сақтандырылды, сонымен қатар Компанияның үшінші тұлғаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылды.

Қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыру деңгейін бағалау үшін 1 млн. жұмыс істелген адам/сағатқа есептегенде өндірістегі жазым жағдайлар санын көрсететін LTIFR коэффициенті және 1000 адамға есептегенде өлімге әкелетін жазым жағдайлардың жиілігі қолданылады. 2017 жылдағы LTIFR көрсеткішінің мәні 0,15, жазым жағдайлардың жиілігі – 0,26 құрады.

«KEGOC» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫ

1-ҚОСЫМША

«Энергоинформ» АҚ

Миссия: Үздік әлемдік тәжірибелер мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, Қазақстан БЭЖ ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмысын және тиімді дамуын қамтамасыз ету.

Жалғыз акционері «KEGOC» АҚ болып табылады.

Негізгі қызметі - «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне, соның ішінде ЭКЕАЖ, SCADA, ЭТН, АБЖ, ЖЖ, РРЖ, ССС, КҚЖ, АТС, ТОВЖ, ПОС мен корпоративтік сервистеріне қызмет көрсету.

«Энергоинформ» АҚ Жарғылық капиталы 2 179,700 млн теңгені құрайды. Шығарылған акцияларының саны — 700 000 дана, бір акцияның номиналды құны 10 000 теңгеге тең. Орналастырылған акциялардың саны — 217 970 дана.

«Энергоинформ» АҚ кірістері 2017 жылы 3 844,3 млн.теңгені құрады, жалпы шығыстары — 3 470,4 млн.теңге. 2016 жылмен салыстырғанда кірістер 18,3 млн. теңгеге немесе 0,5%-ға артты, бұл ретте шығыстары 46,0 млн. теңгеге немесе 1,3%-ға азайды.

Қызмет нәтижелері бойынша есептік кезеңде 273,1 млн.теңге (жоспар кезінде — 205,2 млн.теңге) мөлшерінде таза кіріс алынды, бұл 2016 жылғы нақты көрсеткіштер 26,9 млн.теңгеге немесе 10,9%-ға жоғары.

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 тамыздағы шешіміне сәйкес құрылды және Астана қ. Әділет департаменті Сарыарқа ауданының Әділет басқармасында 2013 жылғы 27 тамызда тіркелді.

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 256 бұйрығымен «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС белгіленді.

Қызметтің негізгі түрі — жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндірген және Қазақстан Республикасы БЭЖ электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтан сатып алу мен сатуды жүзеге асыру.

Жалғыз акционері және жалғыз қатысушысы «KEGOC» АҚ болып табылады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС ЖЭК субъектілерімен 100 шарт жасады. 2016 жылы «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС шартты тұтынушыларға ЖЭК субъектілері өндірген 568,9 млн.кВт сағ. көлеміндегі электр энергиясын сатты.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС кірістерінің жалпы сомасы 2017 жыл қорытындылары бойынша 15 475,9 млн.теңгені құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 4 655,1 млн.теңгеге немесе 43%-ға жоғары. Шығыстар 15 078,5 млн.теңгені құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 43%-ға жоғары. 2017 жылғы қорытындылар бойынша таза кіріс 317,4 млн.теңгені құрады (жоспар кезінде — 383,5 млн. теңге), бұл 2016 жылғы қорытындыларға қарағанда 87,3 млн.теңгеге немесе 37,9%-ға жоғары.

Еншілес ұйымдардың «KEGOC» АҚ қызмет көрсеткіштеріне тигізетін әсері аз емес.

«KEGOC» АҚ 2018 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

№	Корпоративтік оқиғалар	Мерзімдері (күні, айы)
1	«KEGOC» АҚ реттелетін қызмет ұсыну бойынша қызметі туралы тұтынушылар алдындағы есеп	2018 жылғы 1 мамырға дейін
2	«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу	2018 жылғы 31 мамырға дейін
3	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға 2017 жылғы Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну	2018 жылғы 31 мамырға дейін
4	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға 2018 жылғы 1-тоқсандағы Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну	2018 жылғы 15 мамырға дейін
5	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға 2017 жылғы жылдық есепті ұсыну	2018 жылғы 31 шілдеге дейін
6	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға 2018 жылғы 2-тоқсандағы Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну	2018 жылғы 14 тамызға дейін
7	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға 2018 жылғы 3-тоқсандағы Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну	2018 жылғы 14 қарашаға дейін

* «KEGOC» АҚ қолданған күш-жігерге қарамастан, нақты мерзімдері мен оқиғалардың сипаттамасы көрсетілгендерден ерекшеленуі мүмкін.

2017 ЖЫЛЫ «KEGOC» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

3-ҚОСЫМША

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
1-тарау. Үкімет Қордың акционері ретінде			
1	Компанияның негізгі стратегиялық міндеті – ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты даму, бұл Компанияның даму стратегиясында көрсетілген. Барлық қабылданатын шешім мен әрекеттер даму стратегиясына сәйкес болуы тиіс. Ұйымдар өз қызметін өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға бұл нарықта бәсекелестік болмаған немесе Компанияның қатысуы шағын және орта бизнестің дамуына көмектесетін жағдайда жол беріледі.	Сақталады	Компанияда «KEGOC» АҚ 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясы бекітілді, оның стратегиялық мақсаттары мыналар: Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен дамуға ақша ағындарын қамтамасыз ету; тұрақты даму. Барлық қабылданатын шешімдер мен іс-қимылдар Стратегияға сәйкес келеді, оған инновациялық, инвестициялық, технологиялық, әлеуметтік бағыттар енгізілген. Стратегияны іске асыруға мониторинг жүргізу мақсатында Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы стратегиялық сессиялар жүргізеді, оларды өткізу барысында қызметтің негізгі бағыттары, міндеттер, проблемалық мәселелер, тәуекелдер, түзету іс-қимылдары талқыланады. Компанияның инвестициялық қызметі Стратегияны іске асыру шеңберінде жүзеге асырылады. 2017 жылы Компания өз қызметін «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 шілдедегі № 216-ОД бұйрығымен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің басқа қызметті жүзеге асыруға келісім беруі туралы қолдау хаттарды ұсыну және қарау қағидаларына сәйкес жүзеге асырып келді.
5	Үкімет Компанияға толық оперциялық дербестік береді және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен және тапсырмаларымен, заңдармен көзделген жағдайларды қоспағанда, Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан жедел (ағымдағы) және инвестициялық қызметке араласуына жол бермейді. Компанияның органдары өз құзыреті шегінде шешім қабылдау және кез келген іс-қимылды жүзеге асыру кезінде толығымен дербес және тәуелсіз болып табылады.	Сақталады	«KEGOC» АҚ серікестік және Қазақстан Республикасы заңнама нормаларын сақтау қағидаттары негізінде мемлекеттік және жергілікті органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. 2017 жылы Үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан Компанияның жедел қызметіне тікелей араласу фактілері болған жоқ. Стратегиялық мәселелер мен операциялық қызмет мәселелері бойынша барлық шешімдерді Директорлар кеңесі мен Басқарма мемлекеттік бағдарламалар мен нормативтік құжаттарды есепке ала отырып, дербес түрде қабылдады.
8	Компанияның инвестициялық қызметі Стратегияға сәйкес нарық қағидаттарында жүзеге асырылады және активтер құнын өсіру мен оңтайлы құрылымына бағытталған. Компания тиімділігі төмен және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырған жағдайлар Компанияның жылдық есебінде осындай жобаларды қаржыландыру көздерін көрсете отырып, ашылуы тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ Даму стратегиясы Мемлекеттің экономикасында Компания миссиясын орындау үшін іске асырылатын инвестициялық жобалардан тұрады. Компанияның инвестициялық қызметі туралы ақпарат жылдық есептерде баяндалады.

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
14	Компания жоғары этикалық стандарттарды ұстануы және осы стандарттарды Компанияның барлық қызметтері мен серіктестері тұрақты қолдануын қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді ендіруі тиіс. Болжамдалған бұзушылықтар туралы хабарламалар тікелей ІАҚ-ға немесе Директорлар кеңесіне жіберілуі тиіс. Атқарушы орган және қауіпсіздік қызметін қоса алғанда, оның барлық құрылымдық бөлімшелері ІАҚ-ға немесе Директорлар кеңесіне болжамдалған бұзушылықтар туралы хабарламаларды жіберуге кедергі жасамауы тиіс.	Сақталады	Компания (лауазымды тұлғалар және қызметкерлер) жоғары этикалық стандарттарды ұстанады, Директорлар кеңесі бекіткен Іскери этика кодексі сақталады. Директорлар кеңесінің, Басқарманың барлық мүшелері, сонымен қатар Компанияның қызметкерлері Іскери этика кодексімен таныстырылды. Директорлар кеңесі аудит жөніндегі комитеттің жанында ақызу желі» ұйымдастыру арқылы компания саясатының бұзылғаны туралы мәліметтерді жинауға және құпия түрде қарауға арналған механизмнің болуын қамтамасыз етті. Компанияның сайтында жарияланған деректемелер арқылы стейкхолдерлер Ішкі аудит қызметі арқылы Аудит жөніндегі комитетке болжамдалған заң бұзушылықтар мен т.б. туралы хабарлай алады. Бұл ретте өтініш білдіргендердің құпиялығы сақталады. Сонымен қатар, Компанияда омбудсмен институты құрылды, оған стейкхолдерлер Іскери этика кодексінің бұзылғаны туралы шағым бере алады. Директорлар кеңесі келіп түскен хабарламалар (шағымдар), қабылданған әрекеттер және т.б. туралы есептерді мерзімді түрде алып тұрады. «Самұрық-Қазына» АҚ-да (бұдан әрі - Қор) бастамашылықпен хабар беру бойынша бірыңғай «қызу желі» ендірілді, соның көмегімен Қордың қызметкерлері мен басқа да стейкхолдерлер Қорда жасалған немесе жасалатын бұзушылықтарға қатысты алаңдушылық білдіре алады. Бұл «қызу желіге» әкімшілік ету үшін Қор тәуелсіз ұйым «Делойт» ЖШС-ны тартты; жаңа «қызу желі» бойынша жаңа деректер «KEGOC» АҚ-ның сайтында жарияланған. Сонымен қатар, Қорда сатып алу қызметін басқару стандарты ендірілді, оны Қордың портфельді компаниялары ұстанады және тұрақты қолданылуы қамтамасыз етіледі. Қордың Компанияның сатып алу қызметін басқару жөніндегі стандартына сәйкес алдын ала біліктілікке іріктеуге қатысқан әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алу жүзеге асырылады. Алдын ала біліктілікке іріктеу жүргізген кезде әлеуетті жеткізушілер құқықтық құрауышы; әлеуетті жеткізушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру; әлеуетті жеткізушінің ресурстары; тауарлар, жұмыстар, қызметтер сапасын қамтамасыз ету; жобалар мен тәуекелдерді басқару; қауіпсіздік және еңбекті қорғау; қоршаған ортаны қорғау және т.б. сияқты өлшемдер бойынша бағаланады.
2-тарау. Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы. Қордың ұлттық басқарушы холдинг ретіндегі рөлі			
1	Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі Компания қызметін тиісінше басқару мен бақылауды қамтамасыз етеді және ұзақ мерзімді құнын өсіруге және тұрақты дамуға бағытталған.	Сақталады	Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі Компания қызметінің бағытын анықтайды, Даму стратегиясы мен 5 жылға арналған орта мерзімді даму жоспарын, соның ішінде ірі акционердің болжалын іске асыру үшін бекітеді. Осылайша, «KEGOC» АҚ 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясы бекітілді, стратегия мемлекеттік жоспарлар мен бағдарламаларды, сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ даму стратегиясы мен болжал хатын есепке ала отырып, әзірленген. «KEGOC» АҚ Даму стратегиясында мынадай стратегиялық мақсаттар белгіленді: «Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмысын қамтамасыз ету», «Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету» және «тұрақты даму». Басқарма Директорлар кеңесінің алдында мерзімді түрде есеп берумен Стратегияны, даму жоспарларын іске асыруды және бекітілген стратегиялық КНК-ге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі ірі акционердің болжал хатын есепке ала отырып әзірленген, «KEGOC» АҚ 2018-2022 жылдарға арналған бизне-жоспарын (Даму жоспарын) қарады және бекітті.
2	Компанияның корпоративтік басқару жүйесі өз алдына Компания қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сонымен қатар атқарушы органдар, Директорлар кеңесі, акционерлер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді. Органдардың құзыреттері және шешімдер қабылдау тәртібі жарғыда анық айқындалып, бекітілуі тиіс.	Сақталады	Компанияда корпоративтік басқару жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді: - Мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің ретін сақтау: Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді Директорлар кеңесінің тиісті мамандандырылған комитеттері мұқият қарайды; - Директорлар кеңесі, Басқарма, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді айқын межелу: органдардың құзыреті, өкілеттіктері мен жауапкершіліктері Директорлар кеңесі мен Басқарманың Жарғысымен, Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережелерімен белгіленді; «Міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу туралы» Басқарма төрағасының бұйрығымен «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелерінің жауапкершілік аймақтары айқын белгіленген; филиалдарды қоса алғанда, Компанияның құрылымдық бөлімшелері өз қызметін Бөлімшелер туралы ережелер негізінде жүзеге асырады; әрбір қызметке лауазымдық нұсқаулықтар әзірленді. - Директорлар кеңесі мен Басқарма уақтылы және сапалы шешім қабылдайды; - Заңнамаға және Директорлар кеңесі мен Басқарманың ішкі құжаттарына сәйкестік.
4	Қор компаниялардың жарғыларында және осы Кодексте белгіленген тәртіпте акционерлердің функцияларын іске асыру жолымен, сонымен қатар Директорлар кеңесі арқылы компанияларды басқаруға қатысады. Қор жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасына және компанияның Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдеріне акционердің алдағы қаржы жылына болжалын жібереді. Компаниялардың Директорлар кеңесі Компанияның жарғысында белгіленген өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдауда толығымен дербестікке ие. Қордың жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы Компанияның Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдері арқылы жеткізіледі.	Сақталады	«Самұрық-Қазына» АҚ Компанияның ірі акционері бола отырып, болжал хатты жіберу арқылы және өз өкілдерінің Директорлар кеңесіне, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысу арқылы Компанияны басқаруға қатысады. Директорлар кеңесінің құрамында ірі акционердің үш өкілі бар, төрт тәуелсіз директордың болуы саралы шешім қабылдауды қамтамасыз етеді.
6	Акционер ретінде Қордың пайдасына таза кіріс дивидендтер негізінде формалдандырылған және айқын дивиденд саясаты негізінде бөлінеді.	Сақталады	Компанияда Дивиденд саясаты туралы ереже – дивидендтер белгілеу мен төлеудің барынша айқын рәсімдері формалдандырылған құжат бекітілді. Акционерлерге дивидендтерден өзге басқа да қайта бөлулер қарастырылмаған.
7	Компанияны басқаруды Компанияның органдары Жарғыда белгіленген құзыреттер мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.	Сақталады	Компанияның органдары мыналар: жоғары органы - Акционерлердің жалпы жиналысы, басқару органы – Директорлар кеңесі, алқалық атқарушы орган - Басқарма. Әрбір органның және Директорлар кеңесі мен Басқарма төрағаларының құзыреті «KEGOC» АҚ Жарғысымен, сонымен қатар тиісті ережелермен белгіленген. Компания органдарының функциялары қайталанған жағдайлар жоқ.

Кодекс ережесінің N°	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
8	Компания және оның лауазымды тұлғалары ұзақ мерзімді құнның өсуіне және Компанияның орнақты тұрақты дамуы-на, сәйкесінше қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге/әрекетсіздікке Қазақстан Республикасының заңнама-сында және ішкі құжаттарда белгіленген тәртіпте жауапты болады. Компанияның, атқарушы органның қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі элементі ҚНҚ жүйесі болып табылады. Қор Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы Компанияға ҚНҚ бойынша өз болжалдарын жібереді. Компанияның ҚНҚ тізбесі мен нысаналы мәндерін Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. ҚНҚ-ға қол жеткізу мақсатында Компания тиісті даму жоспарын әзірлейді. Бекітілген даму жоспарымен салыстырғанда Компанияның ҚНҚ-ға қол жеткізілуіне жыл сайынғы негізде бағалау жүргізеді. Бұл бағалау атқарушы органдардың басшысы мен мүшелеріне берілетін сыйақыға әсер етеді, оларды қайта сайлаған кезде назарға алынады, сонымен қатар атқарып жатқан лауазымынан мерзімінен бұрын шеттету үшін негіз болып табылуы мүмкін.	Сақталады	Компанияның даму стратегиясында стратегиялық мақсаттар, соның ішінде «Компанияның тұрақты қаржылық жағдай-ын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету» және «ТҰРАҚТЫ ДАМУ», сонымен қатар оларға қол жеткізу индикаторлары белгіленген. «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелері қызметін жыл сайын бағалау мотивациялық ҚНҚ қолданумен жүзеге асырылады, оларды орындау жауапкершілігі Директорлар кеңесінің шешімімен басқарушы қызметкердің нақты лауазымдық позициясына бекітіледі, Компания қызметінің оның қаржы-шаруашылық қызметін тиімді сипаттайтын нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуіне көмектеседі. Көрсеткіштер мәні Басқарма мүшелерінің сыйақыларына әсер етеді, оларды қайта тағайындаған кезде назарға алынады, сонымен қатар атқарып жатқан лауа-зымынан мерзімінен бұрын шеттету үшін негіз болады.
9	Холдингтік компанияның директорлары оның тобына кіретін барлық заңды тұлғаларда тиімді басқаруды, ұзақ мерзімді құнның өсіру мен тұрақты дамытуды қамтамасыз етуі тиіс. Холдингтік компания тобында тиімді басқарудың нәтижелері бұл операциялық тиімділікті арттыру, есептеме сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен этиканың жақсартылған стандарттары, барынша айқындық пен ашықтық, тәуекелдерді азайту, ішкі бақылаудың тиімді жүйесі болуы тиіс.	Сақталады	«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдайды, активтерді басқару мәселелерін реттейтін құжаттарды бекітеді, еншілес ұйымдарға лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты жасайды. Компанияда еншілес және бағынысты ұйымдардың Директорлар кеңесіндегі «KEGOC» АҚ өкілдерінің қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жөніндегі регламент бекітілді. Еншілес ұйымдардың жарғыларында еншілес ұйымдар органдарының өкілеттіктері мен құзыреттері межеленген. «KEGOC» АҚ жалғыз акционер/еншілес ұйымдардың құрылтайшысы бола отырып, бүкіл топ үшін қызметтің негізгі бағыттарындағы бірыңғай саясатты анықтайды. «KEGOC» АҚ еншілес ұйымдар дербес ұйымдар бола отырып, толықтыру/нақтылау мақсатында (жоспарлау, тәуекелдерді басқару және т.б. саласында) өз ішкі нормативтік құжатын әзірлей алады.
3-тарау. Тұрақты даму			
1	Компания өзінің экономикаға, экология мен қоғамға әсерінің маңыздылығын түсінеді. Ұзақ мерзімді құнын өсіруге талпына отырып, мүдделі тұлғалардың мүдделер теңгерімін сақтап, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Мүдделі тұлғалармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимылды жүзеге арысу тәсілі Компанияның тұрақты дамуына көмектеседі.	Сақталады	
2	Компания өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнын өсіруге талпынуы және мүдделі тұлға-лардың мүдделері теңгерімін сақтауы тиіс. Тұрақты даму саласындағы қызмет ең жақсы халықаралық стандарттарға сәйкес болуы тиіс.	Сақталады	«KEGOC» АҚ Даму стратегиясында стратегиялық мақсаттар белгіленген, соның ішінде «Компанияның тұрақты қаржылық жағдайын және акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз ету» және «тұрақты даму», оларға Компанияның ұзақ мерзімді құнын өсіру, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі, персоналды басқару бойынша міндеттер кіреді, сонымен қатар аталған бағыттардағы ҚНҚ белгіленді. Стратегияны іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға бұл мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар мен жоспарланған ҚНҚ кіреді. Ди-ректорлар кеңесі Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес оның құрамдас бөлігі болып табылатын «тұрақты дамуды» қоса алғанда, корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шараларын анықтайды. Компанияда аталған үш бағыт бойынша тәуекелдердің іске асыуын болдырмау үшін алдын алу және реактивтік іс-шаралар көзделген Тәуекелдер тізілімі мен картасына сәйкес Директорлар кеңесі Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі басшылықты бекітті. Соған сәйкес «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ мен оның еншілес ұйымдары қызметінің тұрақты даму саласындағы жалпы қабылданған қағидаттарын анықтайды, қайта қарайды және бекітеді, Тұрақты даму саласында тиісті жүйені құру мен оны ендіруді қамтиды.
3	Компания акционерлер мен даму үшін ұзақ мерзімді құнын өсіруді қамтитын ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өз экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарын келісуді қамтамасыз етуі тиіс. Компаниядағы тұрақты даму үш құрауыштан тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Компания өз қызметіне және бұл үш аспект бойынша талдау жүргізуі, сонымен қатар өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсер етуіне жол бермеуі және азайтуы тиіс.	Сақталады	
4	Тұрақты даму саласындағы қағидаттар бұл ашықтық, бағыныстылық, айқындық, этикалық тәртіп, мүдделі тараптарды құрметтеу, заңдылық, адам құқығын сақтау, жемқорлыққа төзбеушілік, мүдде қайшылықтарына жол бермеу, өзі үлгі бола білу болып табылады.	Сақталады	Бұл басшылық Компанияның еншілес ұйымдарына қолданылады. Бұл құжаттың ережелері тоқсан сайын (арнайы әзірленген әдістемелік құрал түрінде) Директорлар кеңесінің мүшелері мен Компанияның барлық қызметкерлеріне танысу/ескерту үшін жіберіледі.
5	Компанияда тұрақты даму саласында басқару жүйесі құрылуы тиіс, ол мына элементтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: 1. Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына берілгендік; 2. үш құрауыш бойынша (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) ішкі және сыртқы жағдайға талдау; 3. әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тұрақты даму аясында тәуекелдерді анықтау; 4. мүдделі тараптардың карталарын құру; 5. тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды белгілеу; 6. тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адами ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептемені, операци-ялық қызмет пен т.б. қоса алғанда негізгі процестерге, сонымен қатар даму стратегиясы мен шешімдерді қабыл-дау процесіне тұрақты дамуды біріктіру; 7. тұрақты даму саласында лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру; 8. тұрақты даму саласындағы іс-шараларға тұрақты мониторинг және бағалау жүргізу, мақсаттар мен ҚНҚ қол жет-кізілуін бағалау, түзету іс-шараларын қабылдау, тұрақты жақсарулар мәдениетін енгізу. Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы тұрақты даму саласындағы тиісті жүйе құруды және оны ендіруді қамтамасыз етуі тиіс. Барлық қызметкерлер мен барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады. Холдингтік компаниялар барлық топтарда тұрақты даму қағидаттарын ендіруге жауап береді.	Ішінара сақталады	«KEGOC» АҚ Басқармасы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі белгілеген тұрақты даму саласындағы мақсаттардың, міндеттердің іске асуын және индикаторларға қол жеткізілуін қамтамасыз етеді. Барлық қызметкерлер мен барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға өз үлестерін қосады. «KEGOC» АҚ Тұрақты даму және БМЖ мәселе-лері бойынша үйлестіру кеңесінің қызметі аясынд үш құрауыш - экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құра-уыштар бойынша ішкі және сыртқы жағдайларға мұқият, терең және ойластырылған талдау жүргізеді. Соның негізінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі анықтаған мақсаттарды, міндеттерді іске асыру және индикаторларға қол жеткізу үшін тиісті жоспарларды, бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етеді. 2017 жылы Компания стейкхолдерлер картасын жаңартты, оның негізінде Мүдделі тараптармен коммуникация жоспа-ры әзірленді. Корпоративтік басқаруды диагностикалау барысында тұрақты дамуға арналған салалар анықталды. 2018 жылы Компа-ния тұрақты даму бағыттарын корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару жүйесі, ішкі бақылау, стратегиялық және бизнес жоспарлау және т.б. жүйелер сияқты негізгі басқару жүйелерімен барынша тиімді біріктіру бойынша жұмысты жоспарлайды.

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
6	Компания мүдделі тараптар үшін өз қызметінің айқындығы мен ашықтығын қмтамасыз ету мақсатында тұрақты даму саласындағы есептемені қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияларды құрайтын ақпарат-тың қорғалуын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, жыл сайын жариялайды. Тұрақты даму саласындағы есептемені Директорлар кеңесі бекітеді.	Сақталады	«KEGOC» АҚ мүдделі тараптар үшін тұрақты даму саласындағы өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін 2009 жылдан бастап тұрақты даму саласындағы есепті (бұдан әрі – Есеп) жыл сайын әзірлейді және жариялайды. Есепті әзірлеген кезде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпиялардан тұратын ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді. Есеп өз алдына «KEGOC» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының тұрақты дамуы бойынша шоғырландырылған ақпаратты білдіреді. «KEGOC» АҚ тұрақты даму бойынша есепті дайындаған кезде жалпыға ортақ қабылданған мынадай стандарттарды басшылыққа алады: Global Reporting Initiative (GRI) тұрақты даму саласындағы есептеме бойынша стандарттар; AA1000 сериясының стандарттары. 2011 жылдан бастап есепті тәуелсіз аудиторлар куәландырады және корпоративтік интернет-ресурстарда орналастыру және қағаз, электронды тасымалдағыштарда ұсыну арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі. 2017 жылғы маусымда «KEGOC» АҚ 2016 жылғы тұрақты даму туралы есебін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітті.
7	Компания серіктестердің тұрақты даму қағидаттарын қолдануын ынталандыру мен көмектесуге талпынуы тиіс.	Сақталады	Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілермен жасалатын үлгі шарттар экология, еңбек қауіпсіздігі, еңбек қатынастары саласындағы заңнаманы, сонымен қатар жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау талаптарын қамти-ды. Сонымен қатар Компанияның «KEGOC» АҚ объектілерінің аумақтарына кірген және жұмыс істеген кезде еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты сақтау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы Компанияның контрагенттеріне қойылатын талаптар енгізілді.
4-тарау. Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас			
1	Акционерлердің құқықтарын сақтау Компанияға инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Компания акционерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымда бірнеше акционерлер болған жағдайда олар-дың әрқайсысына әділ көзқарас қамтамасыз етілуі тиіс.	Сақталады	
2	Акционерлердің құқықтары, міндеттері мен құзыреттері қолданыстағы заңнамаға, құрылтаай құжаттарына сай белгіленеді және сол құжаттарда бекітіледі. Акционерлердің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында, жарғыда және ұйымның ақпаратты ашу бөлігіндегі ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алуды; акционерлердің жалпы жиналысына қатысуды және өз құзыреті шегіндегі мәсе-лелер бойынша дауыс беруді; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін белгілеуге, оның мүше-лерін тағайындауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сонымен қатар сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын белгілеуге қатысуды; ашық және айқын дивиденд саясаты негізінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленетін мөлшерде және мерзімде дивидендтер алуды қамтиды, бірақ онымен шектелмейді.	Сақталады	Компаниядағы Корпоративтік басқару барлық акционерлердің тең құқықтары мен оларға деген әділ көзқарасты қамтамасыз ететіндей құрылған. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және өзі немесе сенімхат бойынша өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Сонымен қатар, акционерлердің Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген мөлшерде және мерзімде диви-дендтер алуға; Компанияның тіркеушісінен немесе номиналды ұстушысынан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмені алуға; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін белгілеуге қатысуға, оның мүшелерін тағайындау мен өкілеттіктерін тоқтатуға, сыйақы мөлшері мен оны төлеу шарттарын белгілеуге; Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне белгіленген тәртіпте ұсыныстар енгізуге, сонымен қатар кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруды талап етуге; Компанияның Акционерлерінің жалпы жиналысына Компанияның Директорлар кеңесіне тағайындау үшін кандидатураны ұсынуға; сот тәртібінде компанияның органдары қабылдаған шешімдерді даулауға; компанияға оның қызметі туралы сұрау салуға және 30 күн ішінде дәлелді жауап алуға; компанияны таратқан кезде мүлктің бөлігіне; дербес түрде немесе басқа да акционерлермен компанияның дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайызын иеленген кезде «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда Компанияға лауазымды тұлғалардың және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының келтірген залалдарын өтеп беруді және Компанияға лауазымды тұлғалардың және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының жасалуында мүдделілік бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім (жасауға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қайтаруын талап етумен өз атынан сот органдарына жүгінуге; заңнамалық актілерде көзделген жағдйларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіпте компанияның акцияла-рын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын айырықша сатып алуға; өзінің талап етуі бойынша заңнамамен көзделген құжаттардың көшірмелерін алуға Акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруды талап етуге; Компанияның Акционерлерінің жалпы жиналысына Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді талап етуге; аудиторлық компанияның өз есебінен компанияға аудит жүргізуін талап етуге құқылы.
3	Ұйымда миноритарлық акционерлерді қоса алғанда, бірнеше акционерлер болған жағдайда корпоративтік басқару жүйесі барлық акционерлерге әділ көзқарасты және олардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуі тиіс, бұл ұйымның жарғысында бекітілуі тиіс.	Сақталады	2017 жылы акционерлердің құқықтарының сақталмауы жөнінде шағымдар мен өтініштер келіп түскен жоқ.
5-тарау. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі			
1	Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, ұйымды стратегиялық басқаруды және атқа-рушы органның қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі осы Кодекстің барлық ережелерін ендіруді қамтамасыз етеді. Атқарушы орган Директорлар кеңесіне бағынады, ұйымның күнделікті қызметіне басшылық етіп, оның стратегияға, даму жоспарына және акционер-лердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган ынтымақтастық рухында өзара әрекет етуі, ұйым мүддесінде әрекет етуі және тұрақты даму қағидаттары мен барлық акционерлерге әділ көзқарас негізінде шешім қабылдауы тиіс. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Компанияның ұзақ мерзімді құнын өсіруді және тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	Жарғыға және Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына бағынатын, ұйымды стратегиялық басқаруды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Басқарма Дирек-торлар кеңесіне бағынады, күнделікті қызметіне басшылық етеді, стратегияны, даму жоспарын және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді іске асыруды қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі мен Басқарма ынтымақтастық көңілде өзара іс-қимылды жүзеге асырады, ұйым мүдделерінде әрекет етеді және тұрақты даму қағидаттары мен барлық акционерлерге әділ көзқарас негізінде шешімдер қабылдайды. Жоғарыда қараңыз. Директорлар кеңесі 2017 жылы қабылданған барлық шешімдер Компанияның тиімді қызмет етуіне, инвестициялық қызметіне, Стратегияны іске асыруға, тәуекелдерді басқаруға, сонымен қатар жақсы қаржылық нәтиже алуға көмек-тесті.

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
2	Директорлар кеңесінде ұйымды басқару және атқарушы органның қызметін бақылау үшін жеткілікті өкілеттік болуы тиіс. Директорлар кеңесі өз функцияларын жарғыға сай орындайды және мына мәселелерге ерекше назар аударады: 1. даму стратегиясын белгілеу (бағыттары мен нәтижелері); 2. даму жоспарының қызметтің негізгі көрсеткіштерін қою және мониторингтеу; 3. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау; 4. Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу; 5. атқарушы органның басшысын және мүшелерін тағайындау, сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлау және олардың қызметін қадағалау; 6. корпоративтік басқару және этика; 7. ұйымда Қордың іскери этика саласындағы кодексі (Іскери этика кодексі) мен корпоративтік стандарттары ережелерін сақтау.	Ішінара сақталады	«KEGOC» АҚ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне мыналар жатады: 1. қызметтің басым бағыттарын анықтау, сонымен қатар даму стратегиясын бекіту және оның іске асырылуын мониторингтеу; 2. Даму жоспарын, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту; 3. Даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуына мониторинг жүргізу, Даму жоспарының тоқсан сайынғы есептерін қарау; 4. Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде ірі инвестициялық жобалар мен басқа да негізгі стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу;. 12. Басқарманың сандық құрамын, Басқарманың өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма төрағасын және Басқарма мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату; 13. еңбекақы және сыйақы төлеу қағидаларын, қызметақы схемасын бекіту, сонымен қатар Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің қызметақы мөлшерін белгілеу; 27. тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін сақтау мен бағалау және тәуекелдерді басқару жүйесін реттейтін құжаттарды, соның ішінде Тәуекелдерді басқару саясатын, Тәуекелдер бойынша лимиттерді белгілеу қағидаларын бекіту, бірақ онымен шектелмейді; 28. тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есепті бекіту; 29. тізілімді және тәуекелдер картасын бекіту; 30. тәуекел-аппетитті, әрбір негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін бекіту; 62. корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру; 65. іскери этика кодексін бекіту. 2017 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен рәсім (Job matching) өткізілді. Ұйымдық құрылымға өзгерістер енгізілді. Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау, ақпараттық қауіпсіздік саласын бақылау күшейтілді. 2017 жылы Компания Іскери этика кодексін жаңартуға кірісті. Ол үшін корпоративтік құндылықтар анықталды.
3	Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісінше орындауы және ұзақ мерзімді құнын өсіру мен тұрақты дамуды қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесі акционерлерге есеп береді. Бұл есеп беру акционерлердің жалпы жиналысы механизмі арқылы іске асырылады.	Сақталады	Директорлар кеңесі туралы ережеге сай Акционерлердің жалпы жиналысының өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысының алдында өткен жылдың қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп беру жолымен, сонымен Компанияның өткен жылғы Жылдық есебін ұсыну жолымен өз қызметі туралы жыл сайын есеп береді. Директорлар кеңесінің Акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге берілетін жылдық есептің құрамындағы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебінде мыналар туралы ақпараттар көрсетіледі: 1. Директорлар кеңесінің құрамы, тәуелсіз директорларды, Басқарма төрағасы мен комитеттердің мүшелерін іріктеу өлшемдері; 2. әрбір директор туралы ақпарат; 3. Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, сонымен қатар әрбір директордың отырыстарға қатысуы туралы; 4. комитеттердің функцияларды орындау бойынша жұмысы туралы есеп; 5. Директорлар кеңесінің жұмысы туралы ақпаратты қарау; 6. Компания позицияларын және оны дамыту перспективаларын бағалау; 7. Директорлар қызметін бағалау процесі; 8. Акционерлердің жалпы жиналысының Компанияға қатысты пікірлерін Директорлар кеңесінің есепке алуы бойынша қабылданған шаралар.
4	Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ұйым мүдделерінде және барлық акционерлерге әділ көзқарас пен тұрақты даму қағидаттарын есепке ала отырып, тәуелсіз, дұрыс және тиімді шешім қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білімдер балансы сақталуы тиіс.	Сақталады	
5	Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, жеке мінез-құлқы және гендерлік құрамы бойынша әралуандықты қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз шешімдер қабылдауды және барлық акционерлерге әділ көзқарасты қамтамасыз ету үшін жеткілікті санда тәуелсіз директорлар кіруі тиіс. Директорлар кеңесінің құрамына ұсынылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан елу пайызды құрайды.	Сақталады	Директорлар кеңесі сегіз адамнан құралған, соның ішінде төртеуі тәуелсіз директорлар А. Спицын, Л. Сутера, Д.Фаш, Я. Биалек. Тәуелсіз директорлар қаржы, бухгалтерлік есепке алу, аудит, инженерия, стратегиялық басқару, энергетика саласындағы мамандар болап табылады. С. Тиесов, Ж. Егімбаева – ірі акционердің құқық, инженерия, энергетика саласында терең білімі бар, өндірістік салада тәжірибесі бар өкілдері. Директорлар кеңесінің төрағасы Қ.Бектеміров болып табылады, мінсіз беделге ие, басқару дағдылары мен тәжірибесі бар, Директорлар кеңесін тиімді басқарады (Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің пікірлері бойынша).

Кодекс ережесінің N°	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
6	Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесін кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскери дәрежесі мен кәсіби тәжірибесін есепке ала отырып, тағайындайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта тағайындаған кезде олардың ұйымның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелерін және Директорлар кеңесінің төрағасын тағайындау процесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және ұйым жарғысымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Бұл ұйымдарда ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сый-ақылар жөніндегі комитетін Директорлар кеңесіндегі құрамды, қажетті дағдылары мен құзыреттерін және Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды тарту ұсынылады. Үкімет мүшелерін, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын ұйымның Директорлар кеңесінің құрамында қатысуына құрамында қатысуына рұқсат берілмейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімімен сәйкес келеді және акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын тағайындау бойынша шешім қабылдаған сәтте бітеді. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге тағайындалады, бұдан кейін қызмет нәтижелері жақсы болған жағдайда тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта тағайындалуы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан артық мерзімге (мысалы, екі үш жылдық мерзім) тағайындаудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігі есепке алына отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам тағайындала алмайды. Айырықша жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге тағайындауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды тағайындау жыл сайын Директорлар кеңесінің бұл мүшесін тағайындау қажеттілігі және аталған фактордың шешімдер қабылдауға әсері толық түсіндіріле отырып, өткізілуі тиіс. Бір де бір тұлға өзін тағайындауға, сайлауға және қайта сайлауға байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.	Сақталады	Акционерлердің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптары мен тәуелсіздік өлшемдерін бекіту, кандидаттардың дағдылары, жетістіктері, іскери дәрежесі мен кәсіби тәжірибесі негізінде Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыреті болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу және тағайындау жөніндегі қағидаға сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау кандидаттардың құзыреттері, дағдылары, жетістіктері, іскери дәрежесі мен кәсіби тәжірибесі есепке алына отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде айқындалады. Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан көп емес мерзімге тағайындалады, бұдан кейін қызметінің нәтижелері жақсы болған жағдайда тағы да 3 (үш) жылға қайта тағайындалуы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан артық мерзімге (мысалы, 2 (екі) үш жылдық мерзім) тағайындаудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігі есепке алына отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам тағайындала алмайды. Айырықша жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге тағайындауға жол беріледі. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне сәйкес келеді. Бір де бір тұлға өзін тағайындауға, сайлауға және қайта сайлауға байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды. Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі сәйкес келеді, үш жылды құрайды және 2018 жылғы сәуірде аяқталады. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құрамында Үкіметтің және мемлекеттік органдардың өкілдері жоқ.
7	Директорлар кеңесінің жаңадан тағайындалған мүшелерін лауазымға кіріктіру бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы аталған бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-да Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңадан тағайындалған мүшелері үшін лауазымға кіріктіру бағдарламасы бекітілді, онда бұл бағдарламаның орындалуын мониторингтеу рәсімі формалдандырылған. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан тағайындалған мүшелерінің лауазымға кірісуін ұйымдастыруға, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасының іске асырылуын және Директорлар кеңесінің тиімді жұмысының тиімділігін арттыруды жан-жақты қолдауды қамтамасыз етуге жауапты.
8	Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық етеді, Директорлар кеңесінің өз функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен атқарушы орган арасында сындарлы сұхбат құруды қамтамасыз етеді.	Сақталады	Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылыққа жауап береді, Директорлар кеңесінің өз негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, акционерлер мен Басқарма арасындағы сындарлы сұхбатты қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы: - Директорлар кеңесіне басшылық етуге жауапты, оның жауапкершілігінің барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді, акционерлермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді; - акционерлермен тиісті сұхбатты қамтамасыз етуге жауапты; - Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма арасындағы сындарлы қатынастарды қамтамасыз етеді; - акционерлермен тиімді өзара іс-қимылды, сонымен қатар Компания акционерлерінің көзқарасын тұтастай алғанда Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді.
9	Директорлар кеңесі төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функциялары айқын межеленуі және ұйым жарғысында, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган туралы ережелерде бекітілуі тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі мен функциялары «KEGOC» АҚ Жарғысында, Директорлар кеңесі туралы ережеде Басқарма туралы ережеде айқын межеленген.
10	Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі ұйымды тиімді басқару үшін талап етілетін деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту, сақтау және мотивациялау үшін жеткілікті болуы тиіс. Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу Қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің құрамына аталған тұлғаның қатысуынан ұйым үшін нәтиже күтілетіні назарға алынуы тиіс. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеудің тиісті қағидалары Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттардың сыйақы мөлшері бойынша ұсыныс енгізеді.	Сақталады	«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары Директорлар кеңесінің құрамын қалыптстыру жөніндегі қағидаға сәйкес сыйақы тек тәуелсіз директорларға төленеді және мынадай құрауыштардан тұрады: - тіркелген сыйақы - Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы. Тәуелсіз директор есептік кезеңде Директорлар кеңесінің барлық күндізгі және сырттай өткізілген отырыстарының жартысынан кеміне қатысқан жағдайда (себеппіз) тіркелген сыйақы төленбейді. Директорлар кеңесінің мүшесіне Директорлар кеңесінің отырыстарына барып қатысуына байланысты шығыстар да өтеледі. Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге сай Комитет Директорларға сыйақы беру саясатының тиімділігі мен деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізеді және Директорлар кеңесіне ұсынымдар береді. Бір де бір тұлға өз сыйақысына баайланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды. 2017 жылы Акционерлердің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидасын бекітті.

Кодекс ережесінің N°	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
11	Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауына және қабылданатын, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларын тиімді және тиісінше қолдану, Директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелерін тағайындау және оларға сыйақы беру, тұрақты даму, соның ішінде қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау сияқты бағыттар бойынша шешімдер қабылдау сапасын арттыруға көмектеседі. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді мамандандырылған комитеттер алдын ала мұқият қарайды. 2017 жылы аудит жөніндегі комитет Шоғырландырылған қаржылық есептілік, тәуекелдер мәселесі, дивидендтер төлеу мәселелері, Ішкі аудит қызметінің есептері сияқты негізгі мәселелерді қарады. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Корпоративтік басқаруды жетілдіру және «KEGOC» АҚ 2017-2020 жылдарға арналған Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспары, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі есеп, «KEGOC» АҚ 2017-2021 жылдарға арналған Даму жоспарының (Бизнес-жоспар) орындалуы туралы есеп сияқты негізгі мәселелерді қарады. Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет «KEGOC» АҚ ұйымдық құрылымы сияқты негізгі мәселелерді, Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау мәселелерін, кадрлық резервпен жұмыс жөніндегі есепті, басқарушы қызметкерлердің сабақтастық жоспарының мотивациялық ҚНҚ орындауы жөніндегі есепті қарады. Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет Компанияның экология және еңбекті қорғау саласындағы қызметі және оны жетілдіру мәселелерін қарады. Директорлар кеңесінің комитеттері консультациялық-кеңесу органы болып табылады, Комитеттің жасаған барлық ұсыныстары ұсынымдар болып табылады. Директорлар кеңесі қарауға шығарылатын мәселелер бойынша соңғы шешімді қабылдайды, Директорлар кеңесінің мүшелері олар қабылдаған шешімдер үшін жауапты болады.
12	Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуге дайындалу және өткізу оның қызметі нәтижесінің жоғары болуына көмектесуі тиіс. Өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесінің мүшелері толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізе алуы тиіс. Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін тұрақты отырыс өткізіп тұрады. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу күндізгі немесе сырттай дауыс беру нысанында өткізіледі, бұл ретте сырттай дауыс беру нысанында өткізілетін отырыстардың саны азайтылуы тиіс. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің күндізгі дауыс беру нысанында өткізілген отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Айырықша жағдайларда Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының екі нысандарының үйлесуі мүмкін. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының тиісінше хаттамасын талқылаулар мен қабылданған шешімдердің қорытындыларын көрсете отырып, жүргізеді.	Ішінара сақталады	Директорлар кеңесінің алдағы болатын отырыстарының мәселелері бойынша материалдар мен ақпарат алдын ала (отырыс басталар алдында 10 күн ішінде) Директорлар кеңесінің мүшелері үшін арнайы құрылған порталда орналастырылады. Директорлар кеңесі қызметінің нәтижесі жоғары болуы үшін отырыстарда Директорлар кеңесінің күн тәртібі мәселелері бойынша шешімдер қабылдауы үшін қажетті барлық материалдары мен ақпараты бар ноутбуктар (планшеттер) қолданылады. Директорлар кеңесі алдағы жылға өткізілетін отырыстардың болжамдалған күндерін көрсете отырып, Жұмыс жоспарын бекітеді. Есептік кезеңде Директорлар кеңесінің 11 отырысы өткізілді, оның ішінде 9 күндізгі, 2 сырттай отырыстар өткізілді. Барлығы Директорлар кеңесі 155 мәселені қарады, соның ішінде 57 отырыс жоспардан тыс отырыс болып табылады. Тізбесі Компанияның Жарғысымен белгіленген барлық маңызды мәселелерді Директорлар кеңесі тек күндізгі отырыстарда қарады. Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің барлық отырыстарын Корпоративтік хатшы мен Аудит жөніндегі комитеттің хатшысы нақты хаттамаға түсіреді. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды беру мерзімін бұза отырып, күн тәртібіне қарау қажеттілігі негізделген қосымша мәселелер енгізілген жағдайлар орын алды.
13	Директорлар кеңесі, оның Комитеттері мен Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы негізде ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде бағалануы тиіс. Бұл процесс Қордың әдіснамасына сәйкес болуы тиіс. Бұл ретте бағалау үш жылда кем дегенде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тартумен өткізілуі тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесінің қызметі жыл сайын «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттері, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері қызметін бағалау қағидаларына, сонымен қатар дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдіснамасына сәйкес бағаланады.
14	Бағалау Директорлар кеңесі мен оның әрбір мүшелерінің ұйымның ұзақ мерзімді құнын өсіру мен тұрақты дамытуға, жақсарту үшін бағаттарды анықтап, шараларды ұсынуға қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік беруі тиіс.	Сақталады	Сонымен қатар Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің және Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметін бағалау қағидалары бағалау жүргізген кезде негізгі рөлдерді бөлу бөлігінде жаңартылды.
15	Директорлар кеңесінің қызметін және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара іс-қимылын тиімді іске асыру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттіктері мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, қызметақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтайды, корпоративтік хатшы қызметін (хатшылықты) құру туралы шешім қабылдайды және аталған қызметтің бюджетін белгілейді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі есеп береді және атқарушы органға бағынбайды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан уақтылы және сапалы корпоративтік шешімдер қабылдауға көмектесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметтерінің барлық мәселелері және осы Кодекстің ережелерін қолдану бойынша кеңесші рөлін орындауды, сонымен қатар осы Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізу мен корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды. Корпоративтік хатшы сонымен қатар жылдық есептің құрамына кіретін Кодекс қағидалары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындайды. Бұл есепте тиісті түсіндірмелері келтіріле отырып, Кодекстің сақталмайтын қағидаттары мен ережелері тізбесі болуы тиіс.	Сақталады	«KEGOC» АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттіктері мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, қызметақы мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтайды. Корпоративтік хатшы толығымен Директорлар кеңесіне есеп береді. Корпоративтік хатшы 2015 жылы тағайындалды, Компанияның Директорлар кеңесі отырыстарын дайындау мен өткізуге бақылауды, Директорлар кеңесінің отырысына материалдар жасауды қамтамасыз етуді, оларға қол жеткізілуіне бақылау жүргізуді жүзеге асырады. Корпоративтік хатшы өз функцияларын орындауы үшін Компанияда екі адамнан тұратын Корпоративтік хатшы қызметі құрылды. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесінің, Акционерлердің жалпы жиналысының уақтылы және сапалы корпоративтік шешімдер қабылдауына көмектесу. Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметтерінің барлық мәселелері бойынша және осы Кодекстің ережелерін қолдану бойынша кеңесші рөлін атқару, жылдық есептің құрамына кіретін Кодекс қағидалары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындау болып табылады.
16	Компанияларда алқалық атқарушы орган құрылады, қалған ұйымдарды, сонымен қатар компания – бірлескен кәсіпорын құрған жағдайда ол акционерлердің қалауынша алқалық немесе жеке-дара болуы мүмкін. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің кәсіби және жеке мінез-құлықтары жоғары деңгейде болуы тиіс, сонымен қатар мінсіз іскери дәрежесі болуы және жоғары этикалық стандарттарды ұстануы тиіс.	Сақталады	2017 жылы Басқарма мүшелерін ірктеу мен тағайындау рәсімі (Job matching) өткізілді, онда Директор кеңесі мен Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет негізгі рөл атқарды. Job matching рәсімі өз алдына кәсіби және жеке мінез-құлқын, іскери дәрежесі мен жоғары этикалық стандарттарды бағалауды қамтиды. Өткізілген рәсім нәтижесі бойынша компанияның Басқарма мүшелері тағайындалды.
17	Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күнделікті қызметіне басшылық етеді, стратегияның, даму жоспары мен Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жауапты.	Сақталады	Басқарма ағымдағы қызметке басшылық етеді, Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді, стратегияның, Даму жоспарының, инвестициялық жоспардың іске асырылуына, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жауапты.

Кодекс ережесінің N°	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
18	Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, өкілеттік мерзімін, қызметақы мөлшерін, оларға еңбекақы төлеу шарттарын белгілейді. Атқарушы органның құрамына кандидаттарды іздестіру мен іріктеу, оларға сыйақы белгілеу процесінде ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөнінде-гі комитеті негізгі рөл атқарады. Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің қарауына алқалық атқарушы органның құрамына тағайындауға кандидаттар бойынша ұсыныстарды атқарушы органның басшысы енгізеді. Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы сол бір немесе тура сол бос лауазымдық орынға екінші рет ұсынған кандидатты алып тастаған жағдайда аталған бос лауазымға кандидат бойынша ұсынысты енгізу құқығы Директорлар кеңесіне ауысады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтата алады. Ұйымның атқарушы органының басшысы мен мүшелерін үш жылға дейін тағайындау ұсынылады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі тұтастай алғанда атқарушы органның өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.	Сақталады	«KEGOC» АҚ Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілейді, Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындайды, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады, еңбекақы және сыйақы төлеу қағидаларын, қызметақы схемаларын бекітеді, сонымен қатар Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің қызметақысы мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерінің мотивациялық ҚНҚ бекітеді. Басқарма мүшелерін тағайындаған кезде Директорлар кеңесі Компанияның кандидаттарға қойылатын білік-тілік талаптары мен оларды тағайындау рәсімдерін белгілейтін ішкі құжаттарының ережелерін ұстанады. Басқарма мүшелері акционерлер мен Компанияның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері бола алады. ІАҚ қыз-меткерлері Басқарма құрамына тағайындала алмайды. Басқарма құрамына тағайындауға кандидаттар бойынша ұсы-ныстарды Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма төрағасы ұсынады. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің қарауына Басқармадағы сол және тура сол бос лауазымға көп дегенде екі рет тағайындауға ұсынылған кандидаттар бойынша ұсыныстарды енгізуге құқылы. Басқарма мүшелерін іріктеу және тағайындау Директорлар кеңесі анықтай-тын өте айқын және нақты рәсімдер негізінде жүргізіледі. Директорлар кеңесі кез келген уақытта атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады. Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Басқарма 3 жылға тағайындалуы тиіс. 2016 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге тиісті өзгерістер енгізілді. 2017 жылы жаңа ұйымдық құрылымға сәйкес «KEGOC» АҚ Басқармасын қалыптастырған және Басқарма мүшелерін тағайындаған кезде Басқарма мүшелері 3 жылға тағайындалды.
19	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген тиісті тізімге Компанияны енгізген жағдайда компа-нияның бірінші басшысы лауазымына кандидатура Қазақстан Республикасының Президентімен немесе Президент Әкімшілігімен келісіледі. Бұл жағдайда Компанияларды Кодексте белгіленген атқарушы органның басшысын іздеу және тағайындау тәртібі қолданылады.	Ішінара сақталады	2017 жылы Компанияның Басқарма төрағасы кандидаттарын келісу рәсімдерін қамтитын «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерін тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларында Басқарма төраға-сын тағайындау процесі формалдандырылды.
20	Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемі алдыға қойылған ҚНҚ-ға қол жеткізу болып табылады. Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің мотивациялық ҚНҚ Директорлар кеңесі бекітеді. Директорлар кеңесінің қарауына атқарушы органның мүшелерінің мотивациялық ҚНҚ бөлігіндегі ұсыныстарды атқа-рушы органның басшысы енгізеді. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта тағайындауға (тағайындауға) немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.	Сақталады	«KEGOC» АҚ Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі еңбекақы және сыйақы төлеу қағида-ларын, қызметақы схемаларын бекітеді, сонымен қатар Басқарма төрағасының, Басқарма мүшелерінің қызметақы мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелерінің мотивациялық ҚНҚ бекітеді. Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ басшы қызметкерлерінің 2017 жылға арналған мотивациялық негізгі қызмет көрсеткіштерін бекітті. ҚНҚ орындалу монитоир-нгін Басқарма мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерін белгілеу, көтермелеу, Басқарма мүшелерін қайта тағайындау (тағайындау) немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату үшін Директорлар кеңесі жүргізеді. Компанияның ішкі құжаттарына сай 2017 жыл қорытындылары бойынша ҚНҚ орындалуын 2018 жылғы бірінші тоқсан-да Директорлар кеңесінің қарауына енгізу жоспарланып отыр.
21	Атқарушы органның мүшелері тарапынан Іскери этика кодексінің нормалары бұзылған жағдайларды атқарушы орган-ның басшысы Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді. Іскери этика кодексі нормаларының бұзылуына жол берген атқарушы органның мүшесі кез келген басқа ұйымның атқарушы органының мүшесі бола алмайды.	Сақталады	2017 жылы «KEGOC» АҚ Басқарма мүшелерінің Іскери этика кодексі нормаларын бұзған жағдайлар болған жоқ.
22	Корпоративтік даулар туындаған кезде қатысушылар ұйым мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жүргізу жолымен оларды шешу жолдарын іздестіреді. Корпоративтік даулардың алдын алу және реттеу жұмысының тиімділігі ең алдымен осындай дауларды барынша толығымен және тезірек анықтауды және ұйымның барлық органдарының іс-қимылдарын айқын үйлестіруді бол-жамдайды. Корпоративтік дауларды корпоративтік хатшының көмегімен ұйымның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Ди-ректорлар кеңесінің төрағасын корпоративтік дауларға тартқан жағдайда мұндай жағдайларды Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.	Сақталады	Компанияда «KEGOC» АҚ қатысушылары арасындағы корпоративтік дауларды реттеу тәртібі мен рәсімін белгілейтін «KEGOC» АҚ-дағы корпоративтік дауларды реттеу жөніндегі саясаты» атты ішкі құжатында көрсетілген корпоративтік дауларды реттеу механизмдері әзірленді. Бұл құжатты Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметкер-лері, сонымен қатар филиалдар қолданады және БМЖ құжаттамасының құрамына кіреді. Компанияның Корпоративтік дауларды реттеу жөніндегі саясаты оларды реттеу тәртібі акционерлердің жалпы жина-лысының құқықтарын қорғау мен сақтауын, сонымен қатар Компанияның мүліктік мүдделері мен іскери дәрежесін қорғауды қамтамасыз етуі тиіс дегенге сүйенеді. Директорлар кеңесі Басқарманың, Басқарма төрағасының, Компа-ния-ның тиісті өкілеттік берілген басқа қызметкерлерінің әрекеті (әрекет етпеуі) немесе олар қабылдаған шешімдер мәні болып табылатын корпоративтік дауларды қарайды және оларды реттеуге қатысады. Басқарма төрағасының Корпора-тивтік дауларды реттеуі мүмкін болмаған жағдайда оны реттеу Директорлар кеңесінің қарауына беріледі. 2017 жылы корпоративтік даулар тіркелген жоқ.
6-тарау. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит			
1	Компанияда өз стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне орынды сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған және өз алдына Директорлар кеңесі мен атқарушы орган жасайтын ұйымдастыру саясаты, рәсімдер, тәртіп пен іс-қимыл нормалары, басқару әдістері мен механизмдер жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі құрылуы тиіс. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Компаниядағы тәуекелдерді тиісінше бағалау мәдениетін ендіруді қамтама-сыз етуі тиіс. Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің ендірілуі мен жұмыс істеуінде озық тәжіри-белерге (COSO) және Қордың әдіснамаларына (саясаттарына) негізделген айқын нормативтік база болуы тиіс.	Сақталады	Компанияда COSO халықаралық стандартына және «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына негізделген нормативтік база құрылды: Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында Директорлар кеңесі мынадай құжаттарды бекітті: • Тәуекелдерді корпоративтік басқару саясаты; • Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша басшылық; • Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі ұйым стандарты. Тәуекелдерді уақтылы анықтау және басқару бойынша рөлдер мен міндеттерді бекіту мақсатында ТБЖ үш деңгейінің тұжырымдамасында құрылған өзара іс-қимыл моделі әзірленеді: • Директорлар кеңесі және Ішкі аудит қызметі; • Басқарма және құрылымдық бөлімшелер; • Тәуекелдер жөніндегі комитет және тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше.

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
2	Компанияның Директорлар кеңесі Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы әдіснамасы мен озық жұмыс тәжірибелерін есепке алумен және міндеттеріне сүйене отырып, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру қағидаттары мен тәсілдері анықталуы тиіс.	Сақталады	Директорлар кеңесі мынадай негізгі қағидаттарды бекітті: 1. тәуекелдерді басқару жүйесі: - Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға қатыстырылуы; - тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты түрде жетілдіру; - компания қызметкерлерін тәуекелдерді басқару саласында оқыту мен білім алмасуының үздіксіздігі; - есептеме ұсынған және тәуекелдер күшейген кездегі ашықтық пен адалдық. 2. ішкі бақылау жүйесі: - тұтастық; - толымдылық; - қызметінің үздіксіздігі; - жауапкершілік; - міндеттерді бөлу; - ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың есептемесі; - әдіснамалық базаның біртұтастығы; - операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту; - кез келген маңызды кемшіліктер және бақылаудың әлсіз жерлері туралы хабарламаны уақтылы беру; - үздіксіз даму және жетілдіру.
3	Компанияның атқарушы органы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруды және жұмысын қолдауды қамтамасыз етуі тиіс. Тәуекелдерді басқару процесі ұйымның қызметін жоспарлау (стратегия және даму жоспары, жылдық бюджет) және нәтижелерін бағалау (басқарушылық есептеме) процесімен біріктірілуі тиіс. Әрбір лауазымды тұлға шешімдер қабылдаған кезде тәуекелдерді тиісінше қарауды қамтамасыз етеді. Атқарушы орган тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқаруы рәсімдерін ендіруді қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша басшылыққа және Ішкі бақылау жүйесі бойынша стандартқа сәйкес «KEGOC» АҚ Басқармасы тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару рәсімдерін құруға, қолдауға және қолдануға, ТБЖ мен ІБЖ тиімді жұмысын ұйымдастыруға, құрылымдық бөлімшелерге олардың қызметіндегі тәуекелдерді басқару проце-стерін ендірген кезде қолду көрсетуге, ТІБД қызметкерлерінде кәсіби біліктіліктің болуына жауапты болады. Тәуекелдерді басқару процесі ұйым қызметін жоспарлау (стратегия, даму жоспарлары, жылдық бюджет) және нәтиже-лерін бағалау (басқарушылық есептеме) процестерімен біріктірілді. Құрылымдық бөлімшелер тәуекелдердің иелері болып табылады және тәуекелдерді анықтауға, талдауға, бағалауға, тәуекелдерді басқаруға, негізгі тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша ұсыныстар дайындауға, «KEGOC» АҚ негізгі тәуекелдері бойынша есептеме жасауға және іске асқан тәуекелдер туралы уақтылы хабарлауға жауапты.
4	Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау мен мониторингтеу міндеттілігін қарастыратын атқарушы оргна жүргізетін тәуекел-менеджменттің жоғары мәдениеті-не, сонымен қатар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттердің іске асуына және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайтудың уақтылы және дұрыс шараларын қолдануға негізделуі тиіс. Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңа тәуекелдерге жылдам әрекет етуді, олардың айқын сәйкестендірілуін және тәуе-кел иелерін анықтауды қамтамасыз етуі тиіс. Бәсекелес немесе экономиклық ортада кез келген күтілмеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер картасы және оның тәуекел-асппетитке сәйкестігі жедел қайта бағалануы тиіс.	Сақталады	Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау мен мониторингтеу рәсімдерінің міндеттілігін қарастыратын атқарушы орган жүргізетін тәуекел-менеджменттің жоға-ры мәдениетіне, сонымен қатар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге, операциялық міндеттердің іске асуына және компанияның беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін азайту бойынша уақтылы және дұрыс шараларды қолдануға негізделуі тиіс. «KEGOC» АҚ-да белгіленген тәуекелдерді басқару бойынша рәсімдер Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңа тәуекелдерге жылдам әрекет етуді, олардың айқын сәйкестендірілуін және тәуекел иелерін анықтауды қамтамасыз етеді. Компанияда Директорлар кеңесі жыл сайын тәуекел-аппетитті, тәуекелдер тізілімін, тәуекелдер картасын, негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын, негізгі қауіпті көрсеткіштерді және «KEGOC» АҚ негізгі тәуекелдері бойынша төзімділік деңгейін жыл сайын қарайды және бекітеді. Бәсекелес немесе экономиклық ортада кез келген күтілмеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер картасы және оның тәуекел-асппетитке сәйкестігі жедел қайта бағалануы тиіс. Күтпеген кез келген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер картасы және оның тәуекел-аппетитке сәйкестігі жедел бағалануы тиіс. Компания ішінде тәуекелдер, тәу-екелдердің дамуы – тәуекелдерді тиімді басқару және оның мәдениеті туралы хабардар болу деңгейін арттыру үшін ТБЖ деңгейлері арасында тұрақты түрде ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі.
5	Компанияда мынадай үш негізгі салалар бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеу, бекіту, формалдандыру және құжаттау жүзеге асырылуы тиіс: операциялық қызмет, Шоғырландырылған қаржылық есептілікні дайындау және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.	Сақталады	2017 жылы қызмет картасы қайта қаралды және компанияның барлық негізгі бизнес-процестері мен оларды басқару рәсімдері қайта қаралды, олар мынадай үш негізгі саланы қамтиды: операциялық қызмет, Шоғырландырылған қаржылық есептілік дайындау және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттардың талаптарын сақтау.
6	Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы айқын қағидаттар мен тәсілдер, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесі туралы оқыту тәжірибесі, сонымен қатар қажетті ақпаратты сәйкестендіру, құжаттау және лауазымды тұлғалардың назарына уақтылы жеткізу процесі ендірілуі тиіс.	Сақталады	Компанияда осы тараудың екінші тармағында баяндалған негізгі қағидаттар енгізілген. «KEGOC» АҚ-да тәуекел мәдениетті арттыру мақсатында «KEGOC» АҚ тәуекел иелері, тәуекел үйлестірушілері мен тәуекел менеджерлері үшін жыл сайын ТБЖ және ІБЖ саласындағы тренингтер мен семинарлар өткізу ұйымдасты-рылады. Қоғамның жоғары басшылығының мүшелері жоғары буын басшыларына бағытталған тәуекелдерді басқару жөніндегі мамандандырылған семинарлар мен тренингтерге де қатысады. 2017 жылы Компания компанияның құрылымдық бөлімшелердің басшылары – тәуекел иелері үшін ТБЖ саласындағы семинарларды өткізуді ұйымдастырды.

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
7	Компанияның Директорлар кеңесі қолданыстағы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі Директорлар кеңесі белгілеген қағидаттарға және оны ұйымдастыру тәсілдеріне сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдауы тиіс. Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырыстарына тоқсанда кем дегенде бір рет шығарылып, толығымен тиісінше талқылануы тиіс.	Сақталады	Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша басшылыққа сәйкес 2017 жылы Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер бойынша есептерді қарады және бекітті.
8	Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін және корпоративтік басқару тәжірибесін жүйелі тәуелсіз бағалау үшін ІАҚ құрылуы тиіс.	Сақталады	Ішкі аудит қызметі «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (31.05.06ж. №3 хаттама) құрылды. Қызметтің миссиясы Директорлар кеңесіне және Атқарушы органға компанияның стратегиялық мақсатына қол жеткізу жөніндегі міндеттерін орындауға көмектесуде болып табылады. Қызметтің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне жүйелі тәсілдерді ендіру жолмен қоғамды тиімді басқаруға арналған тәуелсіз және дұрыс ақпаратты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін ендіруге ұсыну болып табылады.
9	Компаниядағы ішкі аудит жеке құрылымдық бөлімше – ІАҚ құру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. ІАҚ мақсаттары, өклеттілігі мен жауапкершілігі, біліктілік талаптары (ішкі аудиторлардың кәсібилігіне қойылатын талаптар) компанияның ішкі құжатында (ІАҚ туралы ереже) белгіленуі тиіс. ІАҚ туралы ереже ішкі аудиттың халықаралық кәсіби стандарттарының және Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының талаптарын есепке ала отырып әзірленуі және бекітілуі тиіс. Ұйымдардың Директорлар кеңесінің міндеті ІАҚ туралы ереженің ұйымдардың бизнесінің ерекше қажеттіліктеріне толығымен сәйкес болуын қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	Ішкі аудит туралы ережеде Ішкі аудит қызметінің мақсаттары, өкілеттігі мен жауапкершілігі, біліктілік талаптары айқындалған. Ішкі аудит қызметі туралы ереже Ішкі аудиттың халықаралық кәсіби стандарттарының және Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттарының талаптарын есепке ала отырып, әзірленген. Ішкі аудит қызметі туралы ереже Компанияның ерекше қажеттіліктеріне толығымен сәйкес келеді.
10	Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен әділдігін қамтамасыз ету үшін ІАҚ Директорлар кеңесіне ұйымдық жағынан бағынысты болуы және функционалдық жағынан есеп беруі тиіс. Директорлар кеңесі ІАҚ қызметінің жоспары мен стратегиясын, ІАҚ бюджетін бетіту жөніндегі шешім қабылдайды, ІАҚ қызметкерлерінің сандық құрамын, еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін белгілейді.	Сақталады	Ішкі аудит қызметінің Директорлар кеңесіне ұйымдық жағынан бағынуы мен функционалдық есеп беруіне мынадай шарттармен қол жеткізіледі: 1. Директорлар кеңесінің Ішкі аудит қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен тәртібін реттейтін аудит саласындағы ержелер мен басқа да саясаттарды бекітуі (аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы); 2. Директорлар кеңесінің тәуекелге бағытталған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі (аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы); 3. Директорлар кеңесіне (аудит жөніндегі комитетке) жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есепті және ішкі аудит қызметі туралы басқа да ақпаратты ұсыну; 4. Директорлар кеңесінің ішкі аудит бөлімшелерінің басшысын және қызметкерлерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату, сыйақы беру туралы шешімдерді бекітуі (аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы); 5. Директорлар кеңесінің (аудит жөніндегі комитеттің) Ішкі аудит қызметінің бюджетін бекіту; 6. Директорлар кеңесінің (аудит жөніндегі комитеттің) Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктеріне қойылған маңызды шектеулерді немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер ету мүмкін басқа да шектеулерді қарауы.
11	Ұйымдарда ІАҚ басшысы Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттры негізінде бөлімшенің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеуі және Ішкі удит қызметі мен Директорлар кеңесінің оларды қарауы мен бекітуін қамтамасыз етуі тиіс.	Сақталады	Қоғамда Қордың ішкі аудит саласындағы корпоративтік стандарттары негізінде Ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленді, аталған құжаттарды Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі қарап, бекітті.
12	ІАҚ өз қызметін Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелге бағытталған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері мен негізгі анықталған мәліметтердің нәтижелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.	Сақталады	Ішкі аудит қызметінің бір жылға арналған жоспарын жасау үшін Қоғам әзірлеген Компанияның Тәуекелдер тізілімі негіз болып табылады, себебі ресурстар Компанияның анағұрлым үлкен (жоғары) тәуекелдерге ұрынатын (фактор – тәуекелге бейімділік) бизнес-процестері мен қызметінің бағыттарына шоғырландырылуы тиіс.
13	Өз қызметін жүзеге асырған кезде ІАҚ ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға ортақ қабылданған стандарттарын және Қордың корпоративтік басқаруды бағалау саласындағы корпоративтік стандарттары мен ұсынымдарына, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізуі тиіс.	Сақталады	Ішкі аудит қызметі мерзімді түрде ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді бақылау жүйесінің тиімділігіне бақылау, ішкі аудит саласындағы қызметтің жалпыға ортақ қабылданған стандарттарын және Қордың корпоративтік басқаруды бағалау саласындағы корпоративтік стандарттары мен ұсынымдарын қолдана отырып, корпоративтік басқаруға бақылау, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізеді.
14	ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне міндетті сырттай және ішкі аудит жүргізуді көздейтін кепілдік және саланы арттыру бағдарламасын әзірлеуі және қолдауы тиіс. ІАҚ, оның басшысы мен қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі ІАҚ есептерін қарау; жылдық аудиторлық жоспардың орындалуын сақтау мерзімдерін сақтау және есептердің ІАҚ стандарттары мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады.	Сақталады	Компанияда Аудит жөніндегі комитет мақұлдаған (12.12.2013ж. №14 хаттама), Ішкі аудит қызметінің жұмысына міндетті сырттай және іштей бағалау жүргізуді көздейтін «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметінің Кепілдік және сапасын арттыру бағдарламасы әзірленді және іске асырылуда. Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметінің консультативтік қызметін қоса алғанда, барлық қызметін қамтитын КСАБ үшін толық жауапкершілікте болды.

Кодекс ережесінің №	«KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары	Сақталады/ сақталмайды/ ішінара сақталады	Қағидаттардың сақталуы/ сақталмауы туралы ақпарат
7-тарау. Айқындық			
1	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компания қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымдарын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және дұрыс ашып көрсетеді.	Сақталады	Компанияның сайтында «Инвесторлар мен акционерлерге» деген бөлім құрылды, ол жерде «KEGOC» АҚ қызметін қамтитын Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның листингтік қағидаларына сәйкес барлық ақпарат ашып көрсетіледі. Бүкіл ақпарат уақытында орналастырылады. 2017 жылы KASE-дегі ақпарттың мерзімі, сапасы бұзылған фактілер болған жоқ.
2	Компания Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ішкі құжаттармен көзделген ақпаратты уақтылы ашып көрсетеді. Компанияда ақпаратты ашып көрсету және қорғау қағидалары мен тәсілдерін белгілейтін ішкі құжаттар, сонымен қатар мүдделі тараптарға ашып көрсетілетін ақпарат тізбесі бекітілуі тиіс. Компания ақпартты оған қол жеткізу, сақтау және пайдалану талаптары санатына жатқызу тәртібін, соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпиядан тұртын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар тұлғалар шеңберін белгілейді және оның құпиялығын қорғау шараларын қолданады.	Сақталады	«KEGOC» АҚ-да ақпаратты ашып көрсету мен қорғау қағидаттары мен тәсілдерін регламенттейтін нормативтік құжаттар, сонымен қатар құжаттар тізбесі бекітілді: • Ақпараттық саясат; • «KEGOC» АҚ инсәйдерлік ақпаратын басқару қағидалары; • «Ашып көрсетілуге жататын ақпарат тізбесі туралы» Басқарма төрағасының бұйрығы; • Директорлар кеңесінің шешімі бойынша инвесторлар мен акционерлердің назарына жеткізуге жататын мәселелер тізбесі; • «KEGOC» АҚ құпия ақпартын қорғау және сақталуын қамтамасыз ету қағидалры. Ішкі құжаттармен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ашуға жататын барлық ақпарат уақтылы ашып көрсетіледі.
3	Компания өз интернет ресурсында Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес дайындалған аудиттелген жылдық Шоғырландырылған қаржылық есептілікті, бірінші тоқсанда, жарты жылдықта және есептік кезеңнің алғашқы тоғыз айында ҚЕХС-ға сәйкес дайындалған Шоғырландырылған қаржылық есептілікті уақтылы орналастыруы тиіс. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізгі нысандарынан басқа Компаниялардың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ашып көрсету ұсынылады.	Сақталады	Компанияның сайтында «Инвесторлар мен акционерлерге» деген бөлімде Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (бұдан әрі – ҚЕХС) сәйкес дайындалған аудиттелген жылдық Шоғырландырылған қаржылық есептілікті, сонымен қатар бірінші тоқсанда, жарты жылдықта және есептік кезеңнің алғашқы тоғыз айында ҚЕХС-ға сәйкес дайындалған Шоғырландырылған қаржылық есептілікті уақтылы орналастыруы тиіс. Аталған бүкіл есептеме белгіленген мерзімге сәйкес уақытында орналастырылады.
4	Компания тараптық тұлға ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептің дұрыстығы және оның ҚЕХС-ға сәйкестігі туралы дұрыс пікір ұсынатын тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жыл сайын аудит жүргізуі тиіс. Жыл сайынғы аудит бөлігіндегі нормалар, егер жылдық Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ұйымның ішкі құжаттарында көзделсе, қолданылады.	Сақталады	2017 жылы Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті 2006 жылғы 11 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Аудиторлар Палатасы кәсіби ұйымының мүшесі, тәуелсіз аудиторлық ұйым «Эрнст энд Янг» ЖШС жүзеге асырды. Аудитормен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының елу және одан көп пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес 2016 жыл мен 2018 жылды қоса алған аралыққа шарт жасалды. Компанияда Шоғырландырылған қаржылық есептілікке тоқсан сайын шолу жүргізіледі, сонымен қатар аудиторлар жарты жылдықтағы және бір жылдағы Шоғырландырылған қаржылық есептілікке тексеру жүргізді.
5	Компания жылдық есепті осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашып көрсетудің үздік тәжірибелеріне сәйкес дайындауы тиіс. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.	Сақталады	Жыл сайын Компания Жылдық есептеме дайындайды, ол акциоенрлер мен мүдделі тараптар үшін негізгі ақпарат көздерінің бірі болып табылады. 2016 жылғы Жылдық есепті Директорлар кеңесі дайындады, бекітті және Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілгенге дейін сайтта орналастырылды. Жылдық есеп «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелерне, Қазақстан қор биржасының Листи нгтік қағидаларының талаптарына, есептерді әзірлеудің әлемдік үрдістеріне сәйкес дайындалды.
6	Интернет-ресурс жақсы құрылымдалуы, навигация үшін қолайлы болуы және Компания қызметін түсінуі үшін мүдделі тұлғаларға қажетті ақпараттан тұруы тиіс.	Сақталады	Құрылымын, бөлімдерін толтыруды қоса алғанда, компанияның сайтын жетілдіру бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізіліп келеді. Барлық стейкхолдерлерге ақпартты уақтылы және сапалы ашып көрсетуге бағытталған «KEGOC» АҚ сыртқы сайтын толтырудың жоспар-кестесі әзірленді және бекітілді. Мониторинг Жоспар-кестеге сәйкес тұрақты жүргізіледі. Ақпараттың сапасы мен сайттың жұмысы бойынша пйдаланушылармен кері байланыс қарастырылған.

4-ҚОСЫМША

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН,
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІМЕН БІРГЕ

«KEGOC» АҚ қаржылық есептеменің сыртқы аудиті бойынша 2016-2018 жылдарға арналған ауудиторлық қызметін сатып алу «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті мақұлдағаннан кейін «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2016 жылғы 28 қаңтардағы № 126 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидасының 139-тармағына сай жүзеге асырылды. 2012 жылдан

бастап «KEGOC» АҚ қаржылық есептемесіне аудит жүргізетін тәуелсіз аудиторлық ұйым, Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасы кәсіби ұйымының мүшесі «Эрнст энд Янг» ЖШС-мен шарт жасалды.

Тәуелсіздікті сақтау мақсатында және Компанияның Сыртқы аудит жөніндегі саясатына сәйкес бір аудиторлық ұйым қатарынан бес жыл бойы аудит жүргізген жағдайда аудит жөніндегі серіктес ауыстырылады. Аудит жөніндегі серіктес соңғы рет 2017 жылы ауыстырылды. 3 жылда аудиторлық қызмет көрсеткені үшін төленетін сыйақы ҚҚС-ны есепке алғанда 138 656 000 теңгені құрады. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2017 жылы аудиторлық емес қызмет көрсеткен жоқ.

Тәуелсіз аудитордың есебі	087
Шоғырландырылған қаржылық есептілік	
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	092
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	094
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	095
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	097
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	098



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esental Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудитордың есебі

«Электр желілерін басқару жөніндегі
Қазақстан компаниясы» АҚ-ның акционерлеріне

Пікір

Біз «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.



Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы аудиторлық пікірді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Аудитіміз аудиттің шешуші мәселелесін қалайша ескерді

Қаржы активтерінің өтелетін құнын бағалау

Банктерде орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттердің, сондай-ақ үшінші тараптардан басқа да қаржы активтерінің құнын бағалау амалы тиісті қалдықтардың елеулілігіне, басшылықтың пайымдауына және «Delta Bank» АҚ, «ҚазИнвестБанк» АҚ, «Банк РБК» АҚ мен Эксимбанк Қазақстан АҚ 2017 жылы тап болған қаржылық қиындықтарға орай аудитіміздің маңызды мәселесі болды.

Топтың қаржы активтерін бағалауға қатысты ашып көрсетуі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ескертпесіне қосылған, сауда дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері туралы толық ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тиісінше 9 және 11-ескертпелеріне қосылған.

Біз банктерді санаңиялау жоспарлары туралы ақпаратты, оның ішінде Топ басшылығынан алынған қосымша түсіндірмелерді зерделеп, Топ басшылығы бұл банктерде орналастырылған активтердің құнын бағалау кезінде пайдаланған жорамалдарды бағаладық. Сондай-ақ біз қаржы активтерін қалпына келтірудің баламалы тәсілдеріне қатысты күмәнді қаржы активтері бойынша резерв сомасын анықтау үшін пайдаланылған басшылықтың жорамалдарын, дебиторлық берешектің ескіру және есепті күнге дейін әрі кейін өтеу құрылымы туралы ақпаратты сараладық. Біз бұл активтердің есепті күнге жіктелуіне әсер ететін белгісіздік факторларын саралап шықтық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген ақпараттың толық болуын және дұрыстығын бағаладық.



Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың және аудиторлық комитеттің жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудиторлық комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;



- ▶ топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз аудиторлық комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.



Сондай-ақ біз аудиторлық комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және аудиторлық комитетті барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз аудиторлық комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты - Пол Кон.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Адил Сыздықов
Аудитор



Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№МФ - 0000172 біліктілік куәлігі

Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры



Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия: сериясы МФЮ - 2, № 0000003,
Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2018 жылғы 28 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	535.294.178	500.914.390
Материалдық емес активтер		1.038.637	855.032
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	6	742.325	664.471
Кейінге қалдырылған салық активтері	28	2.252	1.093
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	7	782.081	304.954
Байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	29	1.009.981	1.267.287
Басқа да қаржы активтері, ұзақ мерзімді бөлік	11	1.091.823	–
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		17.129	11.009
		539.978.406	504.018.236
Ағымдағы активтер			
Қорлар	8	1.875.434	1.686.312
Сауда дебиторлық берешек	9	7.764.693	15.746.830
Өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем		961.745	309.268
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1.584.041	734.349
Басқа да ағымдағы активтер	10	652.589	477.988
Басқа да қаржы активтері, қысқа мерзімді бөлік	11	25.107.392	61.403.727
Пайдалануға шектелген ақша қаражаты	12	3.445.617	15.626.798
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13	47.577.783	32.055.378
		88.969.294	128.040.650
Активтердің жиыны		628.947.700	632.058.886
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	126.799.554	126.799.554
Меншікті сатып алынған акциялар	14	(930)	(930)
Активтерді қайта бағалау резерві	14	220.858.720	220.890.374
Басқа резервтер	14	(170.701)	(170.701)
Бөлінбеген пайда		26.680.917	14.565.773
		374.167.560	362.084.070

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	15	64.229.182	95.143.995
Облигациялар, ұзақ мерзімді бөлік	16	83.649.023	47.368.104
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	28	66.666.573	66.807.914
Сауда және басқа да кредиторлық берешек, ұзақ мерзімді бөлік	17	298.327	2.417.810
Мемлекеттік субсидия, ұзақ мерзімді бөлік	18	100.786	–
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме, ұзақ мерзімді бөлік		8.961	–
		214.952.852	211.737.823
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	15	9.502.895	27.334.944
Облигациялар, қысқа мерзімді бөлік	16	4.407.719	5.251.917
Сауда және басқа да кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бөлік	17	18.763.337	16.981.635
Құрылыс бойынша міндеттеме		683.430	683.430
Алынған аванстар		2.048.415	1.042.525
Мемлекеттік субсидия, қысқа мерзімді бөлік	18	27.487	–
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме, қысқа мерзімді бөлік	29	3.996	–
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешек	20	958.525	3.340.265
Табыс салығы бойынша берешек		5.385	628.322
Төленуге жататын дивидендтер		87	44
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	21	3.426.012	2.973.911
		39.827.288	58.236.993
Міндеттемелер жиыны		254.780.140	269.974.816
Капитал мен міндеттемелер жиыны		628.947.700	632.058.886
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)			
	14	1.435	1.389

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Кірістер	22	152.379.817	130.001.433
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	23	(89.399.369)	(79.388.774)
Жалпы пайда		62.980.448	50.612.659
Жалпы және әкімшілік шығыстар	24	(13.142.395)	(17.640.430)
Өткізу шығыстары		(246.651)	(215.008)
Негізгі құралдардың құнсыздануы	6	(196.982)	(79.820)
Операциялық табыс		49.394.420	32.677.401
Қаржылық кірістер	25	3.593.207	6.535.086
Қаржылық шығыстар	25	(4.523.948)	(6.057.909)
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто	26	(4.356.244)	2.346.713
Қауымдасқан компанияның табысындағы үлес	7	477.127	75.049
Басқа да қаржы активтерінің құнсыздануы	11	(2.241.155)	(645.891)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан болған зиян		-	(85.802)
Басқа да кірістер	27	506.849	1.413.198
Басқа да шығыстар		(208.562)	(282.998)
Салық салынғанға дейінгі пайда		42.641.694	35.974.847
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(9.760.378)	(8.384.696)
Бір жылғы пайда		32.881.316	27.590.151
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		32.881.316	27.590.151
Акцияға пайда			
Бас компанияның жай акцияларының ұстаушыларына келетін жылғы базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	14	126,47	106,12

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Операциялық қызмет			
Салық салынғанға дейінгі пайда		42.641.694	35.974.847
Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер			
Тозу және амортизация		22.935.831	22.723.743
Қаржылық шығыстар	25	4.523.948	6.057.909
Қаржылық кірістер	25	(3.593.207)	(6.535.086)
Теріс/(оң) іске асырылмаған бағамдық айырма, нетто		4.356.244	(2.346.713)
Күмәнді сауда және басқа да дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануы бойынша резервтегі өзгерістер	24	(1.044.203)	1.290.214
Ескірген қорларға резервті есептеу	24	86.128	385.867
Басқа да қаржы активтерінің құнсыздануы	11	2.241.155	645.891
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған залал		21.978	127.621
Негізгі құралдардың құнсыздануы	6	196.982	79.820
Өтеусіз алынған негізгі құралдардан түскен кіріс	27	-	(872.939)
Қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес		(477.127)	(75.049)
Мемлекеттік субсидиядан кіріс		(9.162)	-
Басқа қаржы активтері бойынша сыйақыдан түскен кіріс		(30.248)	-
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді сатудан болған зиян		-	85.802
Айналымдағы капиталға түзетулер			
Қорлардағы өзгеріс		(259.801)	(89.826)
Сауда-дебиторлық берешектегі өзгеріс		9.013.514	7.079.287
Өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлемдегі өзгеріс		(652.080)	(13.649)
Өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		(199.879)	(292.760)
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгерістер		1.065.361	(1.343.918)
Алынған аванстардағы өзгеріс		1.005.890	291.359
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешектегі өзгеріс		(2.381.704)	2.780.750
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		451.170	2.247.095
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары		79.892.484	68.200.265
Инвестициялық қызмет			
Төленген пайыздар		(4.186.436)	(5.922.591)
Төленген купондық сыйақы		(8.835.000)	-
Төленген табыс салығы		(10.467.054)	(2.355.541)
Алынған пайыздар		5.436.517	6.219.954
Өтеусіз алынған активтер бойынша корпоративтік табыс салығын өтеу		-	158.267
Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		61.840.511	66.300.354

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Инвестициялық қызмет			
Депозиттік шоттардан алу		97.295.695	74.266.160
Депозиттік шоттарды толықтыру		(64.311.770)	(65.488.341)
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатындағы өзгеріс		13.165.083	(13.682.155)
Басқа да қаржы активтеріне қайта жіктеу		(1.299.715)	(19.826)
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден түскен түсім		215.161	115.209
Негізгі құралдарды сатып алу		(53.999.831)	(33.792.438)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(410.278)	(130.545)
Қызметкерлерге берілген қарыздарды өтеу		10.406	9.354
Бала бақшасын салуға төленген қаражат		-	(21.534)
Қауымдасқан компаниядан түскен дивидендтер		-	36.910
Қауымдасқан ұйымның капиталына қатыс үлесін сатудан түскен түсімдер		-	10.839
Қауымдасқан компанияның жарғылық капиталының азаюы		-	64.870
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(9.335.249)	(38.631.497)
Қаржылық қызмет			
Дивидендтерді төлеу	14	(19.897.651)	(8.681.517)
Қарыздарды өтеу		(53.433.954)	(44.951.558)
Облигацияларды шығару		36.271.080	49.023.111
Меншікті акцияларды сатып алу		-	(930)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(37.060.525)	(4.610.894)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		15.444.737	23.057.963
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері			
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		32.055.378	9.030.762
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	13	47.577.783	32.055.378

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Активтерді қайта бағалау резерві	Меншікті сатып алынған акциялар	Басқа резервтер	(Жинақталған зиян) / бөлін-беген пайда	Жиыны
2016 жылдың 1 қаңтарына	126.799.554	221.297.751	–	(170.701)	(6.949.990)	340.976.614
Бір жылғы пайда	–	–	–	–	27.590.151	27.590.151
Жиынтық кіріс жиыны	–	–	–	–	27.590.151	27.590.151
Дивидендтер (14-ескертпе)	–	–	–	–	(6.481.765)	(6.481.765)
Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар (14-ескертпе)	–	–	(930)	–	–	(930)
Активтерді қайта бағалау резервін көшіру (14-ескертпе)	–	(407.377)	–	–	407.377	–
2016 жылдың 31 желтоқсанына	126.799.554	220.890.374	(930)	(170.701)	14.565.773	362.084.070
Бір жылғы пайда	–	–	–	–	32.881.316	32.881.316
Жиынтық кіріс жиыны	–	–	–	–	32.881.316	32.881.316
Дивидендтер (14-ескертпе)	–	–	–	–	(19.897.694)	(19.897.694)
Акционермен операциялар (14-ескертпе)	–	–	–	–	(900.132)	(900.132)
Активтерді қайта бағалау резервін көшіру (14-ескертпе)	–	(31.654)	–	–	31.654	–
2017 жылдың 31 желтоқсанына	126.799.554	220.858.720	(930)	(170.701)	26.680.917	374.167.560

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА
АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Электр Желілерін Басқару жөніндегі Қазақстан Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 Қаулысына сәйкес «Қазақстанэнерго» бұрынғы Ұлттық энергетика жүйесі активтерінің бір бөлігін беру арқылы құрылды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылды (90 пайыз оған қоса бір акция). Самұрық-Қазына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында.

2014 жылғы 19 желтоқсанда Компания «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде Қазақстан Қор Биржасында бір акция үшін 505 теңге бағасымен 25.999.999 жай акцияны (10 пайыз минус бір акция) орналастырды.

KEGOC компаниясы Қазақстанда электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсететін ұлттық компания болып табылады. Мемлекет тағайындаған жүйелік оператор ретінде Компания орталықтандырылған оперативтік-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен параллельді жұмысты қамтамасыз етеді, энергия жүйесінде теңгерімді қолдап отырады, жүйелік қызметтерді көрсетеді және электр қуатының көтерме нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алады, сондай-ақ электр қуатын ұлттық электр желісі (бұдан әрі – «ҰЭЖ») арқылы беріп, оған техникалық қызмет көрсетеді және пайдалануға дайындық күйінде ұстап отырады. ҰЭЖ шағын станциялардан, бөлу құрылғыларынан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электрді беру желілерінен және кернеуі 220 киловольт әрі одан жоғары болатын электр станцияларының электр қуатын беретін электрді беру желілерінен тұрады.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі еншілес ұйымдарда қатысу үлестері болды:

Компания	Қызмет	Қатысу үлесі	
		2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
«Энергоинформ» АҚ	KEGOC қызметін ақпараттық қамсыздандыру	100%	100%
«Жаңартылатын қуат көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС	Жаңартылатын қуат көздерін пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр қуатын орталықтандырылған сатып алу және сату	100%	100%

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Компания мен оның еншілес ұйымдары бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады.

Топ қызметі Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңымен (бұдан әрі – «Заң») реттеледі, өйткені ол электр қуатын беру, желіге беретін техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну мен электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету аясында табиғи монополист болып табылады. Заңға сай, Топтың электр қуатын беру, техникалық диспетчерлеу және электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша қызметтерге тарифтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – «Комитет») бекітеді.

Компанияның бас кеңсесі мына мекенжайда тіркелген: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-шы ғимарат.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға Компания Басқармасының Төрағасы мен Бас бухгалтері 2018 жылғы 28 ақпанда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген негізгі құралдардың кейбір кластарын және есеп саясатында және осы аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын сату үшін қолда бар қаржы активтерін қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның, оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігі кіреді. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраған жағдайда бақылау жасалады немесе мұндай кірісті алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар).
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқығы бар.
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар.

Әдетте, дауыс беру көпшілігі бақылаудың болуымен негізделеді деп болжануда. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім.
- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар.
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Басқа да жиынтық кірістің (БЖК) пайдасы немесе залалы және әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі мұндай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайтын барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі (жалғасы)

Бақылауды жоғалтпағанда еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің өзгерісі капиталмен операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымның үстінен бақылаудан айырылып қалса, ол:

- Еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде соған қатысы бар гудвил).
- Бақыланбайтын қатысу үлестерінің баланстық құнын мойындауды тоқтатады.
- Капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындау тоқтатады.
- Алынған сыйақының әділ құнын таниды.
- Қалған инвестицияның әділ құнын таниды.
- Операцияның нәтижесінде пайда болған артық шығуды немесе дефицитті пайданың немесе залалдың құрамында мойындайды.
- Бұрын БЖК құрамында танылған компоненттердегі бас компанияның үлесін Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей шығарылуын жүзеге асырғандай етіп ХҚЕС-тің нақты талаптарына сәйкес пайда мен залалдың немесе бөлінбеген пайданың құрамында қайта жіктейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2016 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептерге қатысты күшіне енген стандарттар мен түсіндірмелерге қабылданған түзетулерді қоспағанда, 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері туралы ақпарат төменде ашылып көрсетілген. Жаңа стандарттар мен түзетулердің алғаш рет 2017 жылы қолданылғанына қарамастан, олар Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

Әрбір жаңа стандарттың (түзетудің) сипаты мен әсері төменде сипатталған:

7 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

7 ХҚЕС-ке (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» түзетулер ХҚЕС жөніндегі кеңестің ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастамаларының бір бөлігі болып табылады және ақша ағындарымен негізделген, сол сияқты солармен негізделмеген өзгерістерді қоса алғанда, ұйымның қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына қаржы қызметімен негізделген міндеттемелердегі өзгерістерді бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Мұндай түзетулерді алғаш рет қолданған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Бұл түзетулерді Топ қосымша ақпаратта ашып көрсетті (30-ескертпе).

12 ХҚЕС-ке (IAS) «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін мойындау» түзетулер

Түзетулер ұйым мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Сонымен қатар, түзетулер қай ұйымның келешек салық салынатын пайданы айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда сомасын олардың баланстық құнынан асатын кейбір активтердің өтелуін көздей алады.

Ұйымдар мұндай түзетулерді ретроспективті түрде қолдануы тиіс. Дегенмен түзетулерді алғаш рет қолданған кезде меншікті капиталдың ең ерте салыстырмалы кезеңнің басында өзгеруі өзгерісті бөлінбеген пайда мен кезең басындағы меншікті капиталдың басқа құрамдастарының арасында бөлместен кезең басындағы бөлінбеген пайданың құрамында (немесе тиісінше, меншікті капиталдың басқа құрамдасының құрамында) мойындалуы мүмкін. Мұндай босатуды қолданатын ұйымдар бұл фактіні ашып көрсетулері тиіс.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар

«Басқа ұйымдарға қатысу туралы ақпаратты ашып көрсету» – «Талаптардың 12 ХҚЕС-тегі (IFRS) ақпараттың ашылып көрсетуіне қолданылу аяларын түсіндіру» 12 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер 12 ХҚЕС-те (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптар, B10-B16 тармақтарда сипатталғандарды қоспағанда, ұйымның еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан ұйымға қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы үлестің бір бөлігіне) қатысты қолданылатындығын түсіндіреді, әрі ол сатуға арналған деп жіктеледі (немесе шығатын топтың құрамына қосылады).

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (жалғасы)

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер 1 ХҚЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ХҚЕС-тің (IAS) маңыздылығына қойылатын талаптар;
- пайда мен шығын туралы және БЖК туралы есептегі (дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;
- ұйымның қаржылық есептілікке ескертпелерді беру тәртібін таңдау мүмкіндігі бар;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың БЖК үлесі бір баптың шеңберінде бөлек ұсынылуы және кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян және БЖК туралы есепте(де) қосымша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

10 ХҚЕС-ке (IFRS), 12 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) «Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан ерекшелікті қолдану» түзетулер

Түзетулер 10 ХҚЕС-ке (IFRS) сай «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» инвестициялық ұйымдарға қатысты ерекшеліктерді қолдану кезінде туындаған мәселелерді қарастырады. 10 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну туралы талаптан алынып тастау өзінің еншілес ұйымдарын әділ құны бойынша бағалайтын инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы болып табылатын бас ұйымға қолданылатындығын түсіндіреді.

Сонымен бірге, 10 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер шоғырландыруы өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын және инвестициялық ұйымға қосалқы қызметтерді көрсететін инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы ғана шоғырландыруға жататындығын түсіндіреді. Инвестициялық ұйымның барлық басқа еншілес ұйымдары әділ құны бойынша бағаланады.

28 ХҚЕС-ке (IAS) «Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» түзетулер

Түзетулер инвесторға үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде оның қауымдасқан компаниясы немесе инвестициялық ұйым болып табылатын бірлескен кәсіпорны еншілес ұйымдардағы өзінің қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және Топтың қаржылық есептілігіне әсер етпеді, өйткені Топ шоғырландыру туралы талаптан ерекшелікті қолданбайды.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттары мен түсіндірмелері келтіріледі. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол 39 ХҚЕС-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының үш бөлігінің басын біріктіреді: жіктеу мен бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді есепке алу.

9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Хеджирлеудің есепке алынуын қоспағанда, стандарт ретроспективті түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпараттың ұсынылуы міндетті болып табылмайды. Хеджирлеудің есепке алынуына қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген ерекшеліктермен перспективті түрде қолданылады.

Топ талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр және салыстырмалы ақпаратты қайта есептемейді. 2017 жылы Топ 9 ХҚЕС-тің (IFRS) барлық үш бөліктерінің әсерін егжей-тегжейлі бағалады. Бұл бағалау амалы қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделеді және қосымша негізделген әрі расталатын ақпараттың алынуы салдарынан өзгертілуі мүмкін, әрі ол Топ 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдана бастағанда, Топ үшін 2018 жылы қолжетімді болады. Жалпы, Топ жаңа талаптардың өзінің қаржылық жағдай туралы есебіне және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) құнсыздануына қойылатын талаптардың қолданылуын қоспағанда, меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді. Топ залалардың бағалау резерві сомасының ұлғаюын күтеді, бұл төменде сипатталғандай, меншікті капиталға теріс әсерін тигізеді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

(а) Жіктеу және бағалау

«Батыс Транзит» АҚ облигациялары, сондай-ақ сауда дебиторлық берешек шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталды және олар негізгі борыш сомасы мен пайыздардың есебіне төлем болып табылатын ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтырады деп күтіледі. Топ осы құралдар бойынша шартта көзделген ақша ағындарының сиипаттамаларын саралап, олар 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай амортизацияланған құны бойынша бағалау критерийлеріне жауап беретіндігі жайында тұжырымға келді. Тиісінше, бұл құралдарды қайта жіктеу қажет емес.

(б) Құнсыздану

9 ХҚЕС (IFRS) Топ барлық борыштық бағалы қағаздар, қарыздар мен сауда дебиторлық берешек бойынша 12 айлық күтілетін несие шығындарын немесе бүкіл мерзімі үшін күтілетін несие шығындарын көрсетуін талап етеді. Топ жеңілдетілген тәсілді қолданады және бүкіл мерзім үшін күтілетін несие шығындарын сауда дебиторлық берешек бойынша көрсетеді. Осы қаржылық есептіліктің жасалу күніне Топ 9 ХҚЕС (IFRS) қабылдануының құнсыздануға әсерін бағалауды аяқтамады.

(в) Хеджирлеуді есепке алу

Топ 9 ХҚЕС-ті (IFRS) хеджирлеу қатынастарына қолданбайды. 9 ХҚЕС (IFRS) ұйымның хеджирлеу тиімділігін есепке алудың ортақ қағидаттарын өзгертпейтіндіктен, 9 ХҚЕС-тің (IFRS) хеджирлеуге қойылатын талаптарды қолдануы Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді.

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды, ал 2016 жылғы сәуірде түзетулер енгізілді. Стандарт сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезең кіретін модельді көздейді. 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай түсім соған арналған құқықты ұйым сатып алушыға тауарлардың берілуіне немесе қызметтердің көрсетілуіне айырбас ретінде аламын деп отырған өтемақыны көрсететін сома бойынша танылады.

Түсім бойынша жаңа стандарт ХҚЕС-тің түсімді тануға қойылатын барлық қолданыстағы талаптарын ауыстырады. Толық ретроспективті қолданылу немесе 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін түрлендірілген ретроспективті түрде қолдану талап етіледі; бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топ талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандарттың толық ретроспективті қолданылу нұсқасын пайдалануды жоспарлап отыр. 2016 жылы Топ 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану салдарын алдын ала бағалады, содан кейін 2017 жылы аяқталған барынша толық талдау жасалды.

Топ Қазақстанда электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсетеді. Қызмет сатып алушылармен бөлек сәйкестендірілетін шарттар арқылы жүзеге асырылады.

(а) Қызметтерді көрсету

Мемлекеттің тарапынан болған реттеу шараларының салдарынан бұл шарттар үлгі шарттар болып табылады және мұндай шарттарды жасау нәтижесінде «KEGOC» АҚ-да барлық тұтынушылар үшін тең талаптарды қамтамасыз етумен және қызметтердің тікелей көрсетілуімен байланысты міндеттер ғана туындайды. Бұл ретте «KEGOC» АҚ-ның айрықша талаптарға кепілдік беруге немесе солар жайлы уағдаласуға өкілеттіктері жоқ.

«KEGOC» АҚ көрсететін реттелетін қызметтердің жоспарлан көлемдері жасалатын шарттарға қосымшамен бекітілетініне қарамастан, нақты көрсеткіштер шарттық көрсеткіштерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін, сондықтан Топ түскен түсімді ай сайынғы негізде Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы жасайтын «Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме нарығында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты балансы» құжатында көрсетілген есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштері бойынша мойындайды. Реттелетін қызметтерді көрсетудің нақты көлемдері тек электр энергиясына сұраныстың жай-күйіне, яғни Қазақстан Республикасының экономикалық ахуалына, электр энергиясын тұтынатын ірі тұтынушылардың электр энергиясын тұтынуын ұлғаюынан/азайуынан, ауа-райы жағдайларынан және т.б. тікелей байланысты болады. Бұл факторлар сыртқы болып табылады және «KEGOC» АҚ-ның қызметіне байланысты емес.

Осылайша, «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтерден түсетін түсімді ай сайын есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде мойындайды, бұл 15 ХҚЕС-тің талаптарына сәйкес келеді, тиісінше түсімнің 15 ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілуі есепте өзгерістерді тудырмайды.

«ЖҚК ЕҚО» ЖШС-тің электр энергиясын сату қызметі «ЖҚК пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы заңының ережелерінен туындайды, бұл ретте «ЖҚК ЕҚО» ЖШС-тің шарттары үлгі шарттар болып табылады және ай сайын шот-фактураларды жазып беру және өзара есеп айырысуларды тоқсан сайын салыстыру міндеттерін ғана бекітіп береді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне еңбеген стандарттар (жалғасы)

15 ХҚЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» (жалғасы)

(а) Қызметтерді көрсету (жалғасы)

Тарифтің есептелуі жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау шығындарына сүйедені – ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу шығындары, электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру қызметтеріне жұмсалатын шығындар, резервтік қорды қалыптастыру шығындары және ЕҚО қызметін жүзеге асырумен байланысты шығындар жатады. Жаңартылатын қуат көздерін қолдау тарифі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі 2017 жылғы 1 ақпанда бекіткен № 36 Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларымен белгіленген тәртіппен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 109751 тіркелген) есеп айырысу деректерінің өзгеруіне қарай түзетілуі тиіс. Бұл ретте бұл шарттар бойынша түскен түсім электр энергиясының нақты өткізілген көлеміне сәйкес келетін мөлшерде ғана мойындалады.

«ЖҚК ЕҚО» ЖШС-тің принципал-агент қатынастары туындамайды, өйткені электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасау кезінде барлық тәуекелдер мен пайда электр энергиясын сатушыдан «ЖҚК ЕҚО» ЖШС-ке және «ЖҚК ЕҚО» ЖШС-тен түпкі тұтынушыға өтеді. Түсімнің 15 ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілуіне өту «ЖҚК ЕҚО» ЖШС-тің есепке алу жүйесінде өзгерістерді тудырмайды.

«Энергоинформ» АҚ шарттары, мердігерлік жұмыстарды көрсету шарттарынан басқа, қызметтердің ай сайынғы құнын бекітуді болжап отыр, әрі ол қызметтердің жылдық құнының 1/12 ретінде айқындайды. Түсім қызметтердің осы ай сайынғы құнының мөлшерінде танылады.

Мердігерлік қызметтерді көрсету шарттарында көптеген міндеттер бөлініп көрсетіледі, бұл ретте шарттардың мәтіндерінде шарт бағасының бөлек міндеттерге бөлінуі әрдайым келтіріле бермейді. Бұл ретте мердігерлік жұмыстарды көрсету шарттары бойынша түсім көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) актілеріне қол қойылу шамасына қарай танылады. Кейіннен түсімнің мойындалуын реттеу үшін шарт бағасын жасалатын шарттарға бөлек қосымша шеңберінде бөлек міндеттер бойынша бөлу ұсынылады.

Мердігерлік жұмыстарды көрсету шарттары кепілдік талаптарын қамтиды, соларға сай «Энергоинформ» АҚ шартта бекітіліп берілген қателерді, кемшіліктерді және техникалық ерекше нұсқаманың басқа да сәйкессіздіктерін өтеусіз түзетіп беруге міндетті. Есепке алудың қолданыстағы тәртібіне сай бұл кепілдіктер шартты міндеттеме сипатына ие және есепте мойындалмайды, бұл 15 ХҚЕС-ке сәйкес келеді. «Энергоинформ» АҚ-ның түсімді мойындау тәртібі 15 ХҚЕС-тің талаптарына сәйкес келеді.

Осылайша, Топтың түсімді мойындаудың қолданыстағы тәртібі 15 ХҚЕС-тің талаптарына сәйкес келеді, Топтың түсімді 15 ХҚЕС-ке сәйкес есепке алуға өтуінен әсері жоқ.

(б) Ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын талаптар

15 ХҚЕС-те (IFRS) қолданыстағы ХҚЕС-ке қарағанда ақпараттың ұсынылуы мен ашылып көрсетілуіне барынша толық талаптар қамтылған. Ұсынуға қойылатын талаптар қолданыстағы практикаға айтарлықтай өзгенистер енгізеді және Топтың қаржылық есептілігінде ашып көрсетуге талап етілетін ақпараттың көлемін айтарлықтай ұлғайтады. 15 ХҚЕС-те (IFRS) ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылған көптеген талаптар тіптен жаңа болып табылады және Топтың бағалауында ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылған осы талаптардың кейбіреулері айтарлықтай ықпал етеді. Атап айтқанда, Топ ауыспалы өтеуді және мәміленің бұл бағасы орындалуға жататын міндеттерге қалайша бөлінгенін, сондай-ақ орындалуға жататын әрбір міндеттің сатылу бағасын бағалау кезінде қабылданған жорамалдарды көздейтін шарттар бойынша мәміленің бағасын айқындау кезінде пайдаланылған едәуір пайымдаулардың ашылып көрсетілуіне орай қаржылық есептіліктегі ескертпелер көлемі ұлғаяды деп күтеді.

10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе активтерді салу»

Түзетулер 10 ХҚЕС (IFRS) пен 28 ХҚЕС (IAS) арасындағы, атап айтқанда, қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға сатылатын немесе соларға салынатын еншілес ұйымның үстінен бақылау жасау амалынан айырылуды есепке алу арасындағы қайшылықты қарастырады. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ХҚЕС-тегі (IFRS) анықтамаға сай өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылады. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзге қатысу үлестерінің шегінде ғана танылады. ХҚЕС жөніндегі кеңес бұл түзетулердің күшіне енгізілу күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, дегенмен бұл түзетулерді мерзімінен бұрын қолданатын ұйым оларды перспективті түрде қолдануы тиіс. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

2 ХҚЕС-ке (IAS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер

ХҚЕС жөніндегі кеңес 2 ХҚЕС-ке (IFRS) «Акциялардың негізіндегі төлемдер» түзетулерді шығарды, әрі оларда үш негізгі аспект қарастырылады: ақша қаражатының есептеулерімен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарының өту талаптарының ықпалы; төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негіздегі есеп айырысулар талабымен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар талаптарының өзгеруін есепке алу, соның нәтижесінде операция ақша қаражатымен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуі тоқтатылады және үлестік құралдармен болған есеп айырысулармен операция ретінде жіктелуін бастайды.

Түзетулерді қабылдаған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдердің ақпаратын қайта есептеуге міндетті емес, дегенмен барлық үш аспектке қатысты түзетулерді қолдану және басқа да критерийлерді сақтау талабымен ретроспективті түрде қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топтың акциялардың негізінде төлемдер бойынша операциялардың жоқтығына орай бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» Түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» Түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» Түсіндірмесі. 16 ХҚЕС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты. Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады. Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады.

Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оғиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді. 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ХҚЕС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен қатар, 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 ХҚЕС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді.

2018 жылы Топ 16 ХҚЕС-тің (IFRS) өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықтимал ықпалын бағалауды жалғастырады.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттарын» ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар.

17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

МСФО (IFRS) 17 «Договоры страхования» (жалғасы)

17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Инвестициялық кіріске тікелей қатысатын сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі).
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым 17 ХҚЕС-тің (IFRS) алғаш рет қолданылу күніне немесе соған дейін 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Топқа қатысты қолданылмайды.

«Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» 40 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер, ұйым, құрылыс немесе даму процесіндегі жылжымайтын мүлікті қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатынан басқа санатқа қашан аударуы тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулерде, пайдалану сипатының өзгеруі жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік анықтамасына сәйкес келе бастағанда немесе сәйкес келмегенде және оны пайдалану сипатының өзгеруі куәліктері болатындығы көрсетілген. Басшылықтың жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қатысты ниеттерінің өзгеруі оны пайдалану сипатының өзгеруін куәландырмайды. Ұйымдар бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын пайдалану сипатының өзгеруіне қатысты перспективті түрде қолдануы тиіс. Ұйым осы күнге ұсталатын жылжымайтын мүліктің жіктелуін қайталап саралауы тиіс, және, егер қолданылатын болса, осы күнге қолданылатын талаптарды көрсету үшін жылжымайтын мүлікті аударуы тиіс. Тек егер бұл барынша кеш түскен ақпаратты қолданбастан мүмкін болса ғана, 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес ретроспективті қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Топ бұл түзетулерді, олр күшіне енгеннен кейін қолданады. Дегенмен Топтың ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Топ ол оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды)

Бұл жетілдірулерге мыналар кіреді:

1 ХҚЕС (IFRS) «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» – ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін қысқа мерзімді босатуларды жою

1 ХҚЕС (IFRS) Е3-Е7 тармақтарымен көзделген қысқа мерзімді босатулар жойылды, өйткені олар өз функциясын атқарды. Бұл түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді. Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» – жылжымайтын мүлік объектілерін әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру

Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- Венчурлық инвестицияларда маманданатын ұйым немесе басқа да ұқсас ұйым қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім бастапқы мойындау кезінде әрбір инвестиция үшін бөлек қабылданады.
- Егер ұйымның өзі инвестициялық ұйым болып табылмаса, инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі болса, онда үлестік қатысу әдісін қолданған кезде мұндай ұйым инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын өздерінің еншілес ұйымдарындағы қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалу шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім инвестициялық ұйым болып табылатын әрбір қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын үшін келесі күндердің барынша кеш күніне бөлек қабылданады: (а) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның бастапқы мойындалу күніне; (б) қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын инвестициялық ұйымға айналатын күнге; және (в) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын алғаш рет бас ұйымға айналатын күнге.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым бұл түзетулерді бұдан да ерте кезеңге қатысты қолданса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2014-2016 жылдар (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды) (жалғасы)

4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – 9 ХҚЕС-ті (IFRS) «Қаржы құралдары» 4 ХҚЕС-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бірге қолдану

Бұл түзетулер қаржы құралдары бойынша жаңа стандарттың қолданылуына орай туындайтын проблемаларды шешеді, 9 ХҚЕС (IFRS), 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» ендірілгенге дейін, олар 4 ХҚЕС-ті (IFRS) ауыстырады. Түзету сақтандыру шарттарын шығаратын ұйымдар үшін екі мүмкіндікті көздейді:

9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босату және салу әдісі. Уақытша босатуды алғаш рет 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты қолданады. Ұйым 9 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданғанда есептеу әдісін қолдану туралы шешімді қабылдай және бұл әдісті ұйымның қарауына қарай 9 ХҚЕС-ке (IFRS) көшу кезінде жіктелетін қаржы активтеріне қатысты ретроспективті түрде қолдана алады. Бұл ретте ұйым есептеу әдісін көрсету үшін салыстырмалы ақпаратты қайта есептейді, және тек егер ол салыстырмалы ақпаратты 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ғана қайта есептеген жағдайда ғана. Бұл түзетулер Топқа қатысты қолданылмайды.

«Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» 22 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіруде алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні ұйым алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда ұйым әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындауы тиіс. Ұйымдар бұл түсіндіруді ретроспективті түрде қолдана алады. Балама ретінде ұйым түсіндіруді көрсетілген күнге немесе содан кейін бастапқыда мойындалған түсіндіруді қолдану аясының шеңберінде барлық активтерге, шығыстар мен кірістерге қатысты перспективті түрде қолданыла алады:

- (i) ұйым бұл түсіндіруді алғаш рет қолданатын есепті кезеңнің басталуы; немесе
- (ii) ұйым алғаш рет бұл түсіндіруді қолданатын есепті кезеңнің қаржылық есептілігінде салыстырмалы ақпарат ретінде көрсетілген алдыңғы есепті кезеңнің басы.

Түсіндіру 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Дегенмен Топтың ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Топ ол оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болғанда пайдаға салынатын салықты есепке алу тәртібін қарастырады, бұл 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым белгілі бір салық түсіндірмелерін бөлек қарастырады ма; ұйым салық органдарының салық түсіндірмелерін тексерулеріне қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Ұйым әрбір айқындалмаған салықтық баяндауды бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа айқындалмаған салықтық баяндаулармен бірге қарастыру қажеттілігін шешуі тиіс. Белгісіздікті анықтау нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдалану қажет. Түсіндіру 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Ауысу кезінде белгілі бір босатуларға жол беріледі. Топ түсіндірудің күшіне ену күнінен бастап қолданады. Топ оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда ағымдағы болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді етіп жіктеу (жалғасы)

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда ағымдағы болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімділер ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын әрбір есепті күнге әділ құны бойынша сату үшін қолда бар қаржы активтері және солардың әділ құны олардың қалдық құнынан айтарлықтай ерекшеленгенде, әділ құны бойынша қаржылық емес активтер (ҰЭЖ активтері) ретінде бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 30-ескертпеде ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не болмаса бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату нәтижесінде экономикалық пайданы шығара алу мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағалабайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағалайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

Топтың қаржы жөніндегі басшылығы НЭС активтері мен сату үшін қолда бар бағасы белгіленбейтін қаржы активтерінің әділ құнын мерзімді бағалау үшін, сол сияқты қолданылуына қарай активтердің әділ құнын бір мезгілде бағалау үшін саясат пен рәсімдерді айқындайды.

ҰЭЖ активтерінің құнын бағалау үшін сырттан бағалаушылар тартылады. Сырттан бағалаушыларды тарту туралы шешімді қаржы жөніндегі басшылық жыл сайын қабылдап отырады. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білу, бедел, тәуелсіздік және кәсіпқой стандарттарға сәйкестік қолданылады. Сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін қаржы жөніндегі басшылық бағалаудың қандай әдістемесі мен бастапқы деректері әрбір жағдайда пайдаланылуы тиіс екендігі жөнінде шешім қабылдайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Әрбір есепті күнге қаржы жөніндегі басшылық өзінің есеп саясатына сәйкес қайталап талдау және қайталап бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелердің құнындағы өзгерістерді талдайды. Мұндай талдаудың шеңберінде қаржы жөніндегі басшылық бағалау кезінде пайдаланылған ақпаратты шарттармен және басқа да орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Қаржы жөніндегі басшылық және Топтың сыртқы бағалаушылары жасалған өзгерістердің негізділігін айқындау мақсатында есеп саясатына сәйкес негізгі құралдардың қайта бағаланатын класы бойынша әрбір активтің әділ құнының өзгерісін тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады.

Қаржы жөніндегі басшылық және сыртқы бағалаушылар бағалау кезінде қолданылған негізгі жорамалдарды талқылайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

Шетел валютасындағы операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Сондай-ақ теңге Топтың бас компаниясының функционалды валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалды валютада бағаланып отырады.

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын спот-бағамы бойынша олардың функционалды валютасында Топ компанияларымен ескеріледі.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар, Топтың таза инвестициясының шетелдік бөлімшеге хеджирлеуін қамтамасыз ететін монетарлық баптарды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады. Олар пайда мен залалдарда мойындалғанда таза инвестицияның шығу сәтіне дейін басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

Топ елеулі мәмілелерді жасаған шетел валюталарының айырбас бағамдары былайша көрсетілген:

Жыл соңындағы айырбас бағамы (теңгеге)	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
1 АҚШ доллары	332,33	333,29
1 еуро	398,23	352,42
1 ресей рублі	5,77	5,43

Бір жылғы орташа айырбас бағамы (теңгеге)	2017 жыл	2016 жыл
1 АҚШ доллары	326,08	341,73
1 еуро	368,65	378,25
1 ресей рублі	5,59	5,12

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар, ҰЭЖ активтерін қоспағанда, жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға негізгі құралдардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

ҰЭЖ активтері қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша бағаланады. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді дегендегі сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жиілікпен жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан болған құн өсімі БЖК құрамында көрсетіледі және бұрын жасалған қайта бағалаудың салдарынан пайда немесе зиян құрамында танылған дәл осы активті қайта бағалаудан болған зиянда қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, капитал құрамына кіретін активтерді қайта бағалау резервін ұлғайтуға жатады. Қайта бағалаудан болған залал, бұрын қайта бағалау резервінің құрамында мойындалған дәл сол актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей азайтатын бөлігін қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады. Актив істен шыққан жағдайда, бұл активке тікелей жататын қайта бағалау резервінің бір бөлігі активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайданың құрамына аударылады.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

Ғимараттар	60 жыл
ҰЭЖ активтері	
Электрді тарату желілері	50 жыл
Ғимараттар	10-30 жыл
Шағын станциялардың құрал-жабдығы	12-30 жыл
Көлік және басқа да негізгі құралдар	
Басқа да машиналар мен құрал-жабдықтар	7-25 жыл
Көлік құралдары	11 жыл
Компьютерлер және деректерді өңдеу бойынша басқа да құрал-жабдық	4-10 жыл
Интерьер және шаруашылық мақсаттағы заттар	7 жыл
Өзге негізгі құралдар	3-15 жыл

Жер амортизацияланбайды.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық негізгі қорлар жіктеушісіне енгізілген өзгерістердің салдарынан «ҰЭЖ ғимараттары» класынан «ҰЭЖ-дің машиналары мен құрал-жабдығы» бөлініп шықты. Осыған орай, Топ «НЭС ғимараттары» класының атауын қаржылық есептілік мақсатында «НЭС активтері» класы болып өзгертті.

Пайдалы қолдану мерзімдері және негізгі құралдарды тарату құны әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

Егер күтілген жағдайлар бұрынғы жорамалдардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бухгалтерлік бағалау жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын негізгі құралдардың қалдық құны мен негізгі құралдардың тозу сомасына айтарлықтай әсер ете алады.

Негізгі құралдар нысандарын тану ол есептен шығарылғанда немесе оның пайдаланылуы немесе есептен шығарылуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активтерді тану тоқтатылғанда туындайтын кез келген кірістер немесе залалдар (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелетін) активті тану тоқтатылған есепті жылда пайда немесе зиян құрамына енгізіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті кезеңдегі пайда мен зияндарда көрсетіледі.

Топтың материалдық емес активтеріне, ең бастысы, компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді. Материалдық емес активтер активтерді 3 жылдан 20 жылға дейін пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің («ААЖБ») өтелетін құны – мына шамалардың ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағымдары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әрбір ААЖБ үшін жеке дайындалатын пайдалану құндылығына сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

Қайта бағалау өзге де жиынтық кірісте танылған бұрынғы қайта бағаланған ҰЭЖ активтерін қоспағанда құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан (қорлардың құнсыздануын қосқанда) болатын залалдар. Мұндай активтердің құнсыздануы басқа да жиынтық кірісте бұрын мойындалған қайта бағалау сомасының шегінде танылады. Топ әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі болса, Топ активтің өтелетін құнын немесе ААЖБ есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі, актив қайта бағаланған құны бойынша танылған жағдайларды қоспағанда, пайда мен зияндарда танылады. Мұндай жағдайларда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Топтың оның қауымдасқан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алған күннен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістерге өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылғанда бұл фактіні ашады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қауымдасқан компанияға инвестициялар (жалғасы)

Топтың қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зияндар Топтың қауымдасқан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топ үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетілген. Ол қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан қауымдасқан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігіндей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан компаниясына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша залалын тану қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдасқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының объективті куәлігінің болуын белгілейді. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның өтетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда мен зияндарда мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтіне қауымдасқан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер, пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты, басқа жа қаржы активтері, сауда және басқа да дебиторлық берешек, бағасы белгіленетін және белгіленбейтін қаржы құралдары кіреді.

Қаржы активтері бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе шығын; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері ретінде жіктеледі. Барлық қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, алғашқыда мәміле бойынша онымен тікелей байланысты шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша танылады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Кейінгі бағалау

Қаржы активін одан кейін бағалау былайша оларды жіктеуге байланысты болады:

Қарыздар және дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану негізінде амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсызданумен байланысты шығыстар қарыздар жағдайында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржы шығыстарының дебиторлық берешек жағдайында операциялық шығындар құрамында есептеледі.

Одан кейінгі бағалау

Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар

Тіркелген немесе белгіленген төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтері, Топ оларды өтеу мерзіміне дейін ұстап қалуға нақты мүдделі және қабілетті болғанда, өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестицияларды бастапқы бағалаудан кейін құнсызданудан келген шығындарды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы белгіленетін амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Одан кейінгі бағалау (жалғасы)

Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар (жалғасы)

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы туралы шоғырландырылған есептің пайыздық кірістерінің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар қаржылық шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына үлестік және борыштық бағалы қағаздар жатады. Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік инвестициялар – саудаға арналған деп те, сол сияқты табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп те жіктелмеген инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – топ белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар алғаш рет бағаланғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша өткізілмеген пайда немесе зияндар инвестицияның танылуы тоқтаған сәтке дейін резервтің құрамында басқа да жиынтық кіріс ретінде танылады, әрі оған жинақталған пайда немесе зиян басқа да операциялық кірістің құрамында не болмаса инвестиция құнсызданған болып есептелген сәтке дейін танылады, әрі оған жинақталған шығыстар резервтен пайда немесе зиян құрамына қайта жіктеледі және қаржылық шығыстар ретінде танылады. Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларын ұстап қалу кезеңінде түскен пайыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша пайыздық кірістер ретінде көрсетіледі.

Топ сату үшін қолда бар өзінің қаржы активтерін оларды таяу арада сату мүмкіндігі және ниетінің болуы туралы жорамал жасау затына бағалайды. Егер өте сирек жағдайларда Топ солар үшін белсенді нарықтардың жоқтығынан осы активтермен сауда жасауға дәрменсіз болса және оларды таяу арада сатуға қатысты басшылықтың ниеті өзгеріп кетсе, Топ мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді қабылдай алады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктеу, егер қаржылық актив қарыздар мен дебиторлық берешек анықтамасын қанағаттандырса және бұл ретте компанияның осы активтерді таяу арада немесе өтеуге дейін ұстап отыруға мүмкіндігі болса және ниет білдірсе, рұқсат етіледі. Өтеуге дейін ұсталатын құралдардың санатына қайта жіктеу, тек егер Топтың қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру мүмкіндігі болса және ұстағысы келсе ғана, рұқсат етіледі.

«Сату үшін қолда бар» санатының құрамынан қайта жіктелген қаржы активтері, қайта жіктеу күніне әділ құны жаңа амортизацияланған құнға айналады, ал бұрын капитал құрамында танылған соларға байланысты пайда немесе зияндар тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып инвестициялардың қалған мерзімінің бойына пайда немесе зиян құрамында амортизацияланады. Амортизацияланған құнның жаңа бағасы мен күтілетін ақша ағындары арасындағы айырма тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып активті қалған пайдалану мерзімінің бойына амортизацияланады. Егер кейіннен активтің құнсызданған екендігі анықталса, капиталда көрсетілген сома пайда мен зияндарда қайта жіктеледі.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда баланста танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірісүз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе;

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, жаңа актив Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде танылады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының уәжді белгілері болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиыншылықтар көріп отырғанын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды.

Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаюына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады.

Амортизациялық құны бойынша қаржы активтері

Амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Топ алдымен жекелей маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының уәжді дәлелдері бар екендігіне не жинақтай алғанда жекелей маңызды емес қаржы активтері бойынша бағалау жүргізеді. Егер Топ дербес бағаланатын қаржы активі құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай несиелік тәуекел сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Құнсыздану мәніне жеке бағаланатын активтер бойынша не құнсызданудан болған залалдарды тану жалғастырылады, не құнсыздану мәніне жиынтық бағаға енгізілмейді. Құнсыздану шығынынан болған объективті дәлел болған жағдайда шығын сомасы активтің баланстық құны мен күтілетін келешек ақша ағындарының келтірілген құны (әлі болмаған келешекте күтілетін несиелік шығындарды ескерместен) арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Есептік келешек ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме құбылмалы болып табылса, құнсыздану шығынын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдағы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Азайтылған баланстық құн бойынша пайыздық кірістің есептелуі құнсыздану шығынын бағалау мақсатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделі отырып жалғасады. Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түскен кірістер құрамында көрсетіледі. Қарыздар егер оларды болашақта өтеудің айқын келешегі болмаса, ал барлық қол жетімді қамтамасыз ету іске асырылған не Топқа берілген болса, тиісті резервтермен бірге теңгерімнен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығынның сомасы құнсыздандуды мойындағаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғайса не болмаса азайса, бұрын мойындалған құнсыздану шығынының сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғайтылады немесе азайтылады. Егер қаржы құралы құнының алдыңғы есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстарды азайту ретінде мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларға қатысты. Топ әрбір есепті күнге инвестициялар немесе инвестициялар тобы құнсыздануға ұшырағандығының объективті дәлелінің бар екендігін бағалайды.

Сатуға арналған қолда бар деп жіктелген үлестік құралдарға инвестициялар болған жағдайда, объективті дәлелдерге оның бастапқы құнының деңгейінен төмен инвестициялардың әділ құнының елеулі немесе ұзақ уақыт бойғы төмендеуі кіреді. «Елеулілік» инвестициялардың бастапқы құнымен салыстыра отырып, ал «ұзақтықты» соның ішінде әділ құн бастапқы құннан кем болған кезеңмен салыстыра отырып бағаланады. Құнсыздану дәлелі болған жағдайда, осы инвестициялар бойынша пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте бұрын мойындалған құнсыздану шығынын қоспағанда, сатып алу құны мен ағымдағы әділ құны арасындағы айырма ретінде бағаланған жиынтық шығын сомасы басқа жиынтық кірістен алынып тасталады және пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте мойындалады. Үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залал арқылы қалпына келтірілмейді; құнсызданудан кейін олардың әділ құнының ұлғаюы тікелей басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Сату үшін қолда бар деп жіктелген үлестік құралдар жағдайында құнсыздану амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты қолданылатын дәл сол критерийлердің негізінде бағаланады. Дегенмен құнсызданудан болған шығын сомасы бұрын жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалған осы инвестициялар бойынша құнсыздану шығынын шегере отырып, амортизацияланған құн мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырма ретінде бағаланған жинақталған шығынды білдіреді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар (жалғасы)

Активтің азайтылған баланстық құнына қатысты пайыздардың есептелуі құнсыздану шығынын бағалау мақсатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған пайыздық мөлшерлеме бойынша жалғасады. Пайыздық кірістер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте бейнеленеді. Егер келесі жылдың ішінде борыштық құралдың әділ құны өсетін болса және бұл өсімді объективті түрде құнсызданудан болған зиян танылғаннан кейін болған оқиғамен байланыстыруға мүмкін болса, онда құнсызданудан болған зиян пайда мен зияндар арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы мойындау кезіндегі қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян, несиелер мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп қарыздар, несиелер мен кредиторлық берешек болған жағдайда әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, несиелер мен қарыздарды және шығарылған облигацияларды қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Несиелер мен қарыздар

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы өтелім есептелуіне қарай пайда мен зияндарда танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстар құрамына енгізіледі.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Мойындауды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық шығын туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.

Қорлар

Қорлар ФИФО әдісі бойынша ескеріледі.

Қорлар екі өлшемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Өткізудің таза құны, өндірісті аяқтауға жұмсалатын болжамды шығыстарды және өткізуге бағаланған шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызметтің барысында сатудың болжамды бағасы ретінде айқындалады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен олардың баламаларына банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) ай немесе одан аз болатын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен олардың баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

Пайдалануға шектелген ақша қаражаты

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкімен (бұдан әрі – «ХҚҚДБ») және Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен (бұдан әрі – «ЕҚҚДБ») қол қойылған жобаларды қаржыландыру жөніндегі несие келісімдеріне сәйкес Топ борышқа қызмет көрсетуге қажетті банк шоттарын ашты. Осы банк шоттарында көрсетілген ақша қаражаты пайыздар мен негізгі борыш бойынша жоспарлы төлемдерді жүзеге асыру үшін ғана пайдалана алады. Егер ақша қаражаты қандай да бір тәсілмен есепті күннен бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты қысқа мерзімді активтер ретінде жіктеледі және тиісінше шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетіледі. Егер ақша қаражаты есепті күннен бастап 12 (он екі) айдан астам кезеңге пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты ұзақ мерзімді активтердің құрамында көрсетіледі.

Резервтер

Егер Топтың бұрын болған оқиғаның нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңгерлік немесе тәжірибеден туындайтын) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың әкетілуі ықтимал болып табылса және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болғанда, резервтер мойындалады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

Түсімді тану

Егер Топ экономикалық пайда алуды мүмкін деп бағаласа және егер пайда төлем жасау мерзіміне тәуелсіз сенімді бағалануы мүмкін болса, танылады. Пайда шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын сыйақылардың әділ бағасы бойынша бағаланады. Топ пайда алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды. Топ ол барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді. Пайданы тану үшін мынадай өлшемдер де орындалуы тиіс:

Қызметтер көрсету

Көрсетілген қызметтерден түскен кірістер қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.

Топ өндірушілерден электр қуатын көтерме әрі ірі тұтынушыларға дейін жеткізу бойынша, желіге берудің техникалық диспетчерлеу бойынша қызмет көрсетуден және электр қуатын тұтынудан, өндірісті теңестіруді ұйымдастыру бойынша және электр қуатын тұтыну бойынша қызмет көрсетуден, сондай-ақ шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр қуаты ағымының шарттық көлемдерін қамтамасыз ету қызметтерінен және басқа да қызметтерден кіріс алады.

Электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру/тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтері бойынша кірісті есептеуге арналған тарифтерді Комитет бекітеді.

Электр қуатының шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен ағымының шарттық көлемдерін қамтамасыз ету қызметтері бойынша кірістер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Бірыңғай энергия жүйелерінің параллельді жұмысын қамтамасыз ету шаралары туралы» Келісімдердің негізінде жасалған шарттардың талаптарына сәйкес танылады.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құн және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Түсімді тану (жалғасы)

Тұтынушылардан алынған құрал-жабдық

Топ өз тұтынушыларынан кейбір негізгі құралдарды алады. Топ әрбір берілетін элементтің актив анықтамасына сәйкес келетіндігін бағалайды, және егер сәйкес келетін болса, берілген актив негізгі құрал ретінде танылады. Бастапқы мойындау кезінде оның құны әділ құны бойынша немесе құрылыстың, берілген құрал-жабдықтың құны бойынша есептеледі және тиісті сома басқа да кіріс ретінде көрсетіледі, өйткені Топтың келешек орындау міндеттемелері жоқ. Егер келешек орындау міндеттемелері болса, мұндай кіріс міндеттемелерді орындау кезеңінің немесе қайсысының ертерек орын алуына қарай, құрал-жабдықтың қызмет ету мерзімінің ішінде танылуы тиіс.

Қарыздар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

Жалдау

Мәміле жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау шарттың қолданылуының басталу күніне мәміле мазмұнын талдауға негізделеді. Мұндай талдаудың шеңберінде шарттың орындалуы нақты активті немесе активтерді пайдалануға тәуелділігін және мұндай мәміленің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы өтетіндігін белгілеу қажет.

Топ жалға алушы ретінде

Топқа жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталданады немесе егер бұл сома аз болып қалса, ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады. Жалдау төлемдері өтелмеген міндеттеме сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржылық шығыстар мен жалдау бойынша міндеттеменің негізгі сомасының азаюы арасында бөлінеді. Қаржылық шығыстар тікелей пайдада және зияндарда көрсетіледі.

Жалға алынған актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде амортизацияланады. Дегенмен егер Топқа жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығы өтеді деген негізделген сенімділік болмаса, актив келесі кезеңдердің ең қысқасының ішінде амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімі мен жалдау мерзімі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Зейнетақы міндеттемелері

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Топ жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар ретінде жұмысшылардың жалақысынан 10% мөлшерінде, бірақ айына 183.443 теңгеден артық емес мөлшерде (2016 жылы: 171.675 теңге) төлемдерді жасайды. Зейнетақы қорларына төленетін төлемдер жұмыскерлердің жалақысынан ұсталады және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдармен бірге олардың пайда болу сәтіне жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақыны төлеу бойынша жалпы шығыстарға қосылады. Топтың зейнетақы төлемдері бойынша қандай да бір басқа міндеттемелері жоқ.

Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайданы алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Басшылық соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестермен инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес ұйымдарға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе шығын құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты міндеттемелер мен шартты активтер

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Бағалау мәндері мен жорамалдар

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің теңгерімдік құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау сәтіне қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

Қайта бағаланған ҰЭЖ активтері активтің табиғатына, сипаты мен соған тән тәуекелдерге сүйене отырып 13 ХБЕС-ке сай активтердің бір класын білдіреді. ҰЭЖ активтерінің әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясында 3-деңгейге жатады (қадағаланбайтын бастапқы деректер).

Топ ҰЭЖ активтерін 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қайта бағалады. ҰЭЖ активтерінің әділ құны шығынды әдіспен айқындалды. Шығынды әдіспен айқындалған құн активтің өндірістік қуаттылығын өтеуге қажетті соманы (өтеу құны) көрсетеді. Шығынды әдіс активтердің сирек мамандырылуына орай және тарихи тұрғыдан бұл активтер ешқашан сатылмағандығына орай қолданылды.

Өтемақының есептелген ағымдағы құны кейіннен ақша ағындарын дисконттау үлгісінің негізінде айқындалған өтелетін құнмен салыстырылды. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады және оған Компанияның жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ААЖБ құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды.

Бағалау нәтижесінде 415.708.160 мың теңге мөлшеріндегі сома 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша әділ құн ретінде танылды.

Әділ құнды бағалау кезінде келесі негізгі жорамалдар қолданылды:

Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)	11,61%
Ұзақ мерзімді өсу қарқыны	2,88%
Негізгі активтің қалған қызмет ету мерзімі	40 жыл

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ға ұлғаюы немесе өсімнің ұзақ мерзімді қарқынының 0,5%-ға азаюы Топтың негізгі құралдарының әділ құнының шамамен 9.089.485 мың теңгеге немесе тиісінше 9.602.177 мың теңгеге азаюына әкеп соқтырады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ басшылығы активтерді қайта бағалау нәтижелерінің өзектілігін талдады. ҰЭЖ активтерінің құны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша құрылыстағы бағалар индексінің қозғалысын ескере отырып сараланды. Бұл талдау ҰЭЖ активтері құнының активтердің жалпы құнынан елеусіз өсімін байқатты. Жүргізілген талдау нәтижелерін растау және ҰЭЖ активтерінің құнсыздану жоқтығын анықтау үшін Топ дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдалана отырып, активтердің өтелетін құнын есептеді.

Әділ құнды бағалау кезінде 2017 жылы келесі негізгі жорамалдар қолданылды:

Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)	12,55%
Ұзақ мерзімді өсу қарқыны	5,55%

Жорамалдар есебі бағалаушы 2014 жылы қолданған әдістемеге негізделді. Бесжылдық кезеңге бекітілетін және жыл сайын қайта қаралып отыратын Топтың даму жоспары ақша ағындарын бағалау үшін ақпараттың негізгі дерек көзі ретінде болды, өйткені онда электр қуатын беру көлемі, Топтың кірістері, шығыстары мен күрделі шығындары бойынша болжамдар қамтылған. Реттелетін қызметтерге тарифтер деңгейін болжау мен инфляция қарқыны сияқты түрлі жорамалдар қолданыстағы бағаларды, шетелдік валюталардың болжамды айырбастау бағамдарын, басқа да макроэкономикалық факторлар мен тарихи үрдістерді және құбылуларды ескереді.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Негізгі құралдарды қайта бағалау (жалғасы)

Болжамды ақша ағындары 2028 жылға дейін шектелді. 2028 жылға дейінгі шығындар бюджеттің және Компанияның даму жоспарының, сондай-ақ Топ басшылығының операциялық және күрделі шығындарындағы ықтимал өзгерістер туралы ағымдағы бағалауының негізінде болжанған. Болжамнан кейінгі құн болжамды ұзақ мерзімді 5,55% өсімнің қарқынын қолдану арқылы бағаланды.

Осылайша, Топ активтерінің құнсыздану белгілері жоқ, бұл ретте индексациялау әдісімен бағаланған активтер өсімінің мөлшерін активтердің жалпы құнының 4,82% мөлшеріндегі елеусіз сома құрайды. Топ басшылығы ҰЭЖ активтерінің әділ құны шамамен олардың 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құнына тең болады деп есептейді.

Дебиторлық берешек

Топ күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтерді қалыптастырады. Едәуір пайымдаулар күмәнді борыштарды анықтау кезінде пайдаланылады. Күмәнді борыштарды анықтау кезінде тұтынушылардың тарихи және күтілетін жүріс-тұрысы қарастырылады. Топ үмітсіз мерзімі өткен берешекті былайша бағалайды:

31-90 күн – 5%, 91-180 күн – 20%, 181-360 күн – 50% және 361 күннен артық – 100%. Тұтынушының экономикалық немесе дербес көрсеткіштеріндегі өзгерістер, осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі күмәнді берешек бойынша резервті түзетуді талап етуі мүмкін. Барынша толық ақпарат 9-ескертпеде келтірілген.

Салықтар

Күрделі салық заңнамасын, сондай-ақ келешек салық салынатын пайда сомалары мен мерзімдерін түсіндіруге қатысты белгісіздік бар. Топтың халықаралық операцияларының айтарлықтай алуандығын, сондай-ақ шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипатын және күрделілігін есепке ала отырып, нақты нәтижелер мен қабылданған болжалдар арасында пайда болатын айырма немесе осындай болжалдардың келешек өзгерістері есептілікте көрсетілген шығыстар сомасын немесе табыс салығы бойынша шығыстар немесе үнемдеу сомасын түзетуге әкеп соқтырады. Негізделген жорамалдарға сүйене отырып, Топ салықтық тексерулердің ықтимал салдарына резервтерді құрады. Осындай резервтердің шамасы әр түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасының әртүрлі интерпретацияларына байланысты.

Интерпретациядағы осындай айырмашылықтар Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде басым болатын жағдайларға байланысты мәселелердің көп саны бойынша туындауы мүмкін.

Топ сот істерінің орын алуын салық заңнамасына орай екендігін бағалап, ақша қаражатының кейіннен ағып кетуі мүмкін емес деп бағаланды, шартты міндеттеме танылмады.

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада барлық пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін.

Шығарылған облигациялар

2016 жылғы маусымда «Нұрлы Жол» бағдарламасының шеңберінде «500кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салу» жобаларын қаржыландыру мақсатында Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларды орналастырды (16-ескертпе).

Бірінші транш 2016 жылғы маусымда болды. Шығарылған бағалы қағаздардың бірінші траншының купондық сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болып табылады және екі бөліктен: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитет жаңа купондық кезеңнің басталу күніне дейінгі 2 (екі) айдың алдындағы соңғы 12 (он екі) айда жариялаған тұтыну бағалары индексінің өсімі/азайуы ретінде есептелетін инфляциядан және жылдық 2,9% мөлшерінде тіркелген маржадан тұрады.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Инфляцияның жоғары шегінің мәні 16%, төменгісі – 5% деңгейінде белгіленеді.

Бірінші және екінші кезең үшін купондық облигациялардың алғашқы траншы бойынша купондық мөлшерлеме тиісінше 18,6% және 10,6% болды. Екінші транш бойынша купондық мөлшерлеме 11,5% тең болды.

Топ басшылығының бағалауы бойынша сыйақының купондық мөлшерлемесі нарықтық мөлшерлемеге сәйкес келеді. Қарыз капиталын тарту ұзақтығына, айналым мерзімінің соңында облигациялардың номиналды құнының өтелуіне орай нарықтық мөлшерлеме ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің ұзақ мерзімді купондық облигациялары – МЕУЖКАМ бойынша сыйақы мөлшерлемесі болуы мүмкін. Бұл облигациялардың купон мөлшері екі бөліктен: тұтыну бағаларының индексін және 0,1% құрайтын тіркелген маржадан тұрады. МЕУЖКАМ облигацияларына қарағанда Топ облигацияларының қамтамасыз етуі жоқ, сондықтан тіркелген маржаның мөлшеріндегі айырмашылық тәуекел үшін сыйлықақымен түсіндіріледі. Осылайша, эмиссияланатын облигациялардың номиналды құны әділ құнымен танылды.

DSFK Арнайы қаржы компаниясының облигациялары

2017 жылғы 28 желтоқсанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 қарашадағы Шешіміне сәйкес, Топ сатып алуды «RBK банк» АҚ-да (бұдан әрі «RBK банк») орналастырылған қаражатпен төлей отырып «DSFK» Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-тің (бұдан әрі – «DSFK облигациялары») облигацияларын сатып алды. Облигацияларды сатып алмас бұрын RBK-да орналастырылған депозиттердің номиналды сомасы 1.498.249 мың теңге болды. DSFK облигацияларының жылдық 0,01% купондық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі 15 жыл. Облигациялар «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-тің 411.883 мың теңге сомаға қаржылық кепілдігімен қамтамасыз етілген. Кепілдік Топтың сұратуы бойынша пайдалануы мүмкін, бірақ облигациялар шығарылған күннен бастап бесінші жылдан ерте емес.

Топ басшылығы, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша DSFK облигациялары өтелмейді деп есептейді. Осылайша, Топ басшылығы DSFK облигацияларының әділ құны кепілдіктің әділ құнына тең болатын олардың өтелетін құнымен шектелген деп есептейді. Кепілдіктің әділ құны 13,4% мөлшерлемесі бойынша дисконттау арқылы айқындалған, бұл дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін білдіреді және 2017 жылғы 31 желтоқсанға 223.554 мың теңгеге тең.

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Операциялық сегменттер

Басқару мақсаттары үшін Топ бір шаруашылықты білдіреді, әрі ол электр қуатын берумен, желіге жіберілудің техникалық диспетчерлеумен және электр қуатының тұтынуымен, өндірістің теңестірілуін ұйымдастырумен және Қазақстанда электр қуатының тұтынуымен айналысады. Бұл операциялық сегмент жалғыз есепті сегментті білдіреді.

Географиялық ақпарат

Тұтынушылардың географиялық орналасуы жөніндегі ақпарат былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Қазақстандық тұтынушылардың кірістері	143.380.886	117.329.103
Ресейлік тұтынушылардың кірістері	8.533.164	11.254.357
Өзбекстандық тұтынушылардың кірістері	415.637	1.339.456
Қырғызстандық тұтынушылардың кірістері	50.130	78.517
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке сай кірістер жиыны	152.379.817	130.001.433

Басшылық салық салынғанға дейінгі кірістер мен пайданы ХҚЕС-ке сәйкес саралайды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың бір тұтынушыдан, Самұрық-Энергодан түскен кірістер, оған қоса оның бірлескен кәсіпорындары, 34.927.661 мың теңге болды және оған электр қуатын беру қызметтерінен, диспетчерлеу қызметтерінен және теңгерімді ұйымдастыру қызметтерінен түскен кірістер кіреді (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 19.974.135 мың теңге).

6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ҮШІН БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	ҰЭЖ активтері	Көлік және басқа да негізгі құралдар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн						
2016 жылдың 1 қаңтарына	1.528.905	13.225.323	800.129.759	34.280.762	33.926.233	883.090.982
Түсімдер	9.923	1.251	725.913	1.532.260	42.652.202	44.921.549
Аударымдар	745	542.633	20.036.244	2.269.176	(22.848.798)	–
Материалдық емес активтерге аударым	–	–	–	–	(4.497)	(4.497)
Есептен шығару	–	(1.125)	(1.793.056)	(446.176)	(26.470)	(2.266.827)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	1.539.573	13.768.082	819.098.860	37.636.022	53.698.670	925.741.207
Түсімдер	91.876	1.170	12.447	1.690.149	55.456.478	57.252.120
Аударымдар	106.109	43.137	25.626.002	112.966	(25.888.214)	–
Материалдық емес активтерге аударым	–	–	–	–	(5.922)	(5.922)
Есептен шығару	–	(4.479)	(478.260)	(441.276)	(52.180)	(976.195)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	1.737.558	13.807.910	844.259.049	38.997.861	83.208.832	982.011.210
Жинақталған тозу және құнсыздану						
2016 жылдың 1 қаңтарына	–	(1.525.657)	(384.052.747)	(18.481.782)	(331.004)	(404.391.190)
Кезеңдегі аударымдар	–	(273.150)	(19.931.194)	(2.200.004)	–	(22.404.348)
Аударымдар	–	583	(15.680)	15.097	–	–
Есептен шығару	–	561	1.623.507	403.260	21.213	2.048.541
Құнсыздану	–	–	–	–	(79.820)	(79.820)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	–	(1.797.663)	(402.376.114)	(20.263.429)	(389.611)	(424.826.817)
Кезеңдегі аударымдар	–	(282.089)	(19.949.441)	(2.340.279)	–	(22.571.809)
Аударымдар	–	506	(6.372)	5.866	–	–
Есептен шығару	–	2.939	392.823	432.438	50.376	878.576
Құнсыздану	–	–	–	–	(196.982)	(196.982)
2017 жылдың 31 желтоқсанына	–	(2.076.307)	(421.939.104)	(22.165.404)	(536.217)	(446.717.032)
Қалдық құны						
2016 жылдың 1 қаңтарына	1.528.905	11.699.666	416.077.012	15.798.980	33.595.229	478.699.792
2016 жылдың 31 желтоқсанына	1.539.573	11.970.419	416.722.746	17.372.593	53.309.059	500.914.390
2017 жылдың 31 желтоқсанына	1.737.558	11.731.603	422.319.945	16.832.457	82.672.615	535.294.178

ҰЭЖ активтерінің баланстық құны, егер олар жинақталған тозуды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескерілсе, былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Бастапқы құн	292.153.754	267.033.110
Жинақталған тозу	(93.709.808)	(82.385.796)
Қалдық құны	198.443.946	184.647.314

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша толығымен есептелген тозумен, бірақ пайдалануда жүрген негізгі құралдардың құны 9.811.707 мың теңге және тиісінше 7.507.540 мың теңге болды.

Қарыздар мен шығарылған облигациялар бойынша шығындардың капиталдануы

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ шығарылған облигациялар бойынша купондық сыйақы шығындарын капиталдандырды, әрі олар инвестициялық кірісті шегере отырып 5.080.040 мың теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 1.379.376 мың теңге) (25-ескертпе).

Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс, негізінен «500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ЖЖ салу» жобасын іске асыру бойынша құрал-жабдықпен және құрылыс-монтаж жұмыстарымен білдірілген.

Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар негізінен «500 кВ Шульбинская ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма» жобасы бойынша құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін өнім жеткізушілерге төленген аванстармен білдірілген (2016 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар негізінен «500 кВ Шульбинская ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма» жобалары бойынша құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін өнім жеткізушілерге төленген аванстармен білдірілген).

7. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Топтың «Батыс Транзит» АҚ компаниясының жарғылық капиталында 20% қатысу үлесі бар. «Батыс Транзит» АҚ (бұдан әрі – «Батыс Транзит») қызметінің негізгі орны және тіркеуге алынған елі Қазақстан Республикасы болып табылады. Батыс Транзиттің негізгі қызметі Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен байланыстыратын аймақаралық электрді беру желісін салу және пайдалану жобасын іске асыру болып табылады. Батыс Транзиттің облигациялары Қазақстанның Қор Биржасында шығарылды. Төменде келтірілген кестеде Батыс Транзит туралы жалпы қаржылық ақпарат қамтылған:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Қаржылық жағдай туралы есеп		
Ағымдағы активтер	6.491.949	3.373.844
Ұзақ мерзімді активтер	19.202.560	19.433.266
Ағымдағы міндеттемелер	(1.790.165)	(2.384.323)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(19.993.941)	(18.898.018)
Таза активтер	3.910.403	1.524.769

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Топтың таза активтердегі үлесі	782.081	304.954
Инвестициялардың баланстық құны	782.081	304.954

7. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Жиынтық кіріс туралы есеп		
Кірістер	8.212.486	5.819.979
Таза пайда	2.385.635	375.245
Топтың Батыс Транзит пайдасындағы үлесі	477.127	75.049

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қауымдасқан компанияның шартты міндеттемелері немесе келешекте күрделі салымдарды жасау міндеттемелері болмады.

8. ҚОРЛАР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Қосалқы бөлшектер	1.299.634	1.258.723
Шикізат пен басқа да материалдар	1.060.824	930.547
Жанар-жағар материалдар	147.297	114.705
Басқа да қорлар	23.363	25.054
Минусы: ескірген қорларға резерв	(655.684)	(642.717)
	1.875.434	1.686.312

Ескірген қорларға резерв бойынша қозғалыс былайша берілген:

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарға	642.717	267.427
Бір жылда есептелгені (24-ескертпе)	86.128	385.867
Есептен шығару	(73.161)	(10.577)
31 желтоқсанға	655.684	642.717

9. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Сауда дебиторлық берешек	9.174.896	18.400.246
Минусы: күмәнді берешек бойынша резерв	(1.409.589)	(2.653.416)
Минусы: дебиторлық берешек дисконты	(614)	–
	7.764.693	15.746.830

Күмәнді берешек бойынша резервтің қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарға	2.653.416	1.452.512
Бір жылда есептелгені (24-ескертпе)	2.384.698	1.435.288
Есептен шығарылғаны	(1.903)	(1.585)
Қалпына келтіру (24-ескертпе)	(3.626.622)	(232.799)
31 желтоқсанға	1.409.589	2.653.416

9. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке 1.229.827 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 12.338.962 мың теңге) сомасында «Узбекэнерго» АҚ тұтынушыдан дебиторлық берешегі кірді. Берешектің азаюы тұтынушының оны өтеуімен байланысты болды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Узбекэнерго» АҚ-нан берешектің өтелмеген бөлігіне резерв 1.157.339 мың теңге болды (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 2.422.993 мың теңге).

Туындау мерзімдері бойынша сауда дебиторлық берешектің талдауы мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	Жиыны	Мерзімі өтпеген, құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған			271 күннен артық
			30-90 күн	91-180 күн	181-270 күн	
2017 жылғы 31 желтоқсан	7.764.693	7.285.148	262.541	81.974	49.289	85.741
2016 жылғы 31 желтоқсан	15.746.830	6.338.579	24.509	8.448.471	812.181	123.090

Сауда дебиторлық берешек келесі валюталарда білдірілді:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Теңге	7.099.960	5.243.358
Ресей рублі	591.967	587.503
АҚШ доллары	72.766	9.915.969
	7.764.693	15.746.830

10. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін басқа да дебиторлық берешек	399.974	180.123
Материалдардың жеткізілуі мен қызметтердің көрсетілуі үшін төленген аванстар	329.372	64.949
Жұмыскерлерге берілген қарыздар	13.652	19.535
Келешек кезеңдердің шығыстары	3.628	107.269
Басқасы	318.608	304.560
Минусы: басқа ағымдағы активтер бойынша дисконт	(18.567)	–
Минусы: басқа да ағымдағы активтердің құнсыздану резерві	(394.078)	(198.448)
	652.589	477.988

Басқа да ағымдағы активтердің құнсыздану резервіндегі өзгерістер мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарға	198.448	114.200
Бір жылда есептелгені (24-ескертпе)	252.209	96.265
Қалпына келтірілгені (24-ескертпе)	(54.488)	(8.540)
Есептен шығарылғаны	(2.091)	(3.477)
31 желтоқсанға	394.078	198.448

11. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері		
Батыс-Транзит облигациялары	868.269	–
DSFK Арнайы қаржы компаниясының облигациялары	223.554	–
	1.091.823	–
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері		
Банктік депозиттері	22.466.094	56.682.280
Эксимбанк Қазақстанда орналасқан қаражат	2.658.640	–
DeltaBank-те орналасқан қаражат	1.297.742	3.000.000
Казинвестбанкте орналасқан қаражат	1.282.483	1.291.782
Батыс Транзит облигациялары бойынша есептелген сыйақы	65.405	207.287
Батыс-Транзит облигациялары	–	868.269
Минусы: Казинвестбанкте орналасқан қаражаттың құнсыздануынан болған шығыстар	(1.282.483)	(645.891)
Минусы: DeltaBank-те орналасқан қаражаттың құнсыздануынан болған шығыстар	(1.230.000)	–
Минусы: Эксимбанк Қазақстанда орналасқан қаражат бойынша дисконт	(150.489)	–
	25.107.392	61.403.727
Басқа да қаржы активтерінің жиыны	26.199.215	61.403.727

Казинвестбанкте орналасқан қаражаттың құнсыздануы бойынша өзгерістер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарға	645.891	–
Бір жылға есептеу	1.934.334	645.891
Қалпына келтірілгені	(67.742)	–
31 желтоқсанға	2.512.483	645.891

«DSFK Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-тің облигациялары

2017 жылғы 28 желтоқсанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 қарашадағы Шешіміне сәйкес, Топ сатып алуды «RBK банк» АҚ-да (бұдан әрі – «RBK банк») орналастырылған қаражатпен төлей отырып «DSFK» Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-тің (бұдан әрі – «DSFK облигациялары») облигацияларын сатып алды. Облигацияларды сатып алмас бұрын RBK-да орналастырылған депозиттердің номиналды сомасы 1.498.249 мың теңге болды. Басшылық RBK банктегі депозиттер DSFK облигацияларын сатып алмас бұрын

25%-ға құнсызданған деп есептейді. Тиісінше, басшылық 374.563 мың теңге сомаға құнсыздануды пайда мен зиянның құрамында мойындады.

Сондай-ақ басшылық Үкіметтің Шешімімен байланысты DSFK облигацияларын 900.132 мың теңге сомаға сатып алудан болған кейінгі зиян акционерлермен операциялардың нәтижесін білдіреді және тікелей капиталда мойындалуы тиіс деген тұжырымға келді.

Батыс Транзит облигациялары

2007-2009 жылдары Топ Батыс Транзит, өзінің қауымдасқан компаниясы облигацияларын сатып алды, әрі оның облигациялары Қазақстан Қор Биржасында шығарылған. Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшерлемесі 8,4% болды. Облигациялар бұрын сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктелген. Облигациялардың әділ құны актив сатылған жағдайда алынатын немесе міндеттемені беру үшін төленетін бағаға негізделген. Батыс Транзит облигациялары 2006 жылғы 9 қаңтардағы кепілдік шартына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген.

11. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімінен бұрын сатып алу туралы шарт күшінің жойылуына орай Топ облигацияларды өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құрамына қайта жіктелді.

Депозиттер

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша депозиттерге 187.568 мың теңге және тиісінше 182.185 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс кіреді.

«Delta Bank» АҚ-дағы қаражат

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие рейтингісінің және Delta Bank-тің қаржылық жағдайы көрсеткіштерінің нашарлауына орай Топ басшылығы қалдықтың 100% мөлшерінде Delta Bank-тегі қаражаттың құнсыздану резервін есептеу туралы шешімді қабылдады.

2017 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының («Ұлттық банк») қаулысымен Delta Bank банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан айырылды, осыған орай Топ пен Delta Bank-тің ірі акционерінің арасында берешекті өтеу туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім кепілдік сипатына ие және Топ Delta Bank-тен берешекті өндіріп алу құқықтарынан бас тартпайды. 2018 жылғы қаңтарда келісімге сәйкес берешектің бір бөлігі 67.742 мың теңге сомасында ақша қаражатымен өтелді.

«Казинвестбанк» АҚ-дағы қаражат

2016 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының («Ұлттық Банк») қаулысына орай «Казинвестбанк» АҚ бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырылды. Нәтижесінде, 2016 жылы Топ «Казинвестбанк» АҚ-дағы ақша қаражаты мен оның баламаларын басқа да қаржы активтерінің құрамына қайта жіктеп, олардың өтелімділігін бағалады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелімділікті бағалау нәтижелеріне сай Топ «Казинвестбанк» АҚ-дағы қаражаттың құнсыздануына 50% резервті есептеді.

2017 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелімділікті бағалауды жаңартудың нәтижесінде Топ мұндай активтер өтелімділігінің ең үздік бағалануын көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікте осы банктегі қалдықтардың құнсыздануына 100% резервті есептеді.

Эксимбанк Қазақстандағы қаражат

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Эксимбанк Қазақстанда орналастырған Топ депозиті 2.658.640 мың теңге болды. Шартқа сай депозитті орналастыру мерзімі 2017 жылғы қарашада өтіп кетті. Эксимбанк депозитті Топқа қайтарып бермеді. 2018 жылғы ақпанда S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Эксимбанк Қазақстан эмитентінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несие рейтингілерін «В-/В»-ден «ССС+/С»-ға дейін төмендетті. Эксимбанк Қазақстан өкілдерімен жүргізілген келіссөздердің және жасалған талдаудың нәтижесінде Топ басшылығы қаражат толығымен өтеледі және бір жылдың ішінде қайтарылады деген тұжырымға келді. Осыған орай, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ уақытша фактордың ықпалын бағалап, 150.489 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты мойындады.

Басқа да қаржы активтері келесі валюталарда білдірілді:

Мың теңгемен	Пайыздық мөлшерлеме	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
АҚШ доллары	1-6%	13.926.861	35.830.396
Теңге	10-14%	12.272.354	25.573.331
		26.199.215	61.403.727

12. ПАЙДАЛАНУДА ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Резервтік шоттардағы ақша қаражаты	2.409.232	2.263.220
Борышқа қызмет көрсету шоттарындағы ақша қаражаты	877.554	13.209.941
Кепілдік міндеттемелері бойынша қайтарылатын резервтегі ақша қаражаты	158.831	153.637
	3.445.617	15.626.798

12. ПАЙДАЛАНУДА ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ (жалғасы)

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша пайдалануда шектелген ақша қаражаты негізінен борышқа қызмет көрсету шоттарында және резервтік шоттарда банктердегі ақша қаражатымен білдірілген.

ХҚҚДБ мен ЕҚҚДБ-мен, Топ кредиторларымен жасалған несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ ақша қаражатын Қазақстандық банкте ашылған борышқа қызмет көрсететін арнайы банк шотында ХҚҚДБ мен ЕҚҚДБ-нің қарыздары бойынша негізгі борыш, пайыздар мен комиссиялар төленген күнге дейінгі жарты жылдық кезең ішінде жинайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Топтың қарыздары бойынша кепіл берушімен жасалған кепілдіктерді беру туралы келісімдердің талаптарына сәйкес (15-ескертпе), Топ ақша қаражатын қазақстандық банкте ашылған арнайы резервтік шотта ұстауға міндеттенеді. Компания шотында талап етілетін қалдық ХҚҚДБ қарыздары бойынша негізгі борышты, пайыздар мен комиссияларды алдағы жартыжылдық төлемнің кем дегенде 110% құрауы тиіс.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өтелуге жоспарланған қаражатты ескере отырып, пайдалануда шектелген ақша қаражаты келесі валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
АҚШ доллары	3.286.786	15.473.161
Теңге	158.831	153.637
	3.445.617	15.626.798

13. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Теңгемен қысқа мерзімді депозиттер	37.158.812	20.450.000
Шетел валютасында банктердегі ағымдағы шоттар	6.556.281	2.300.876
Теңгемен банктердегі ағымдағы шоттар	3.854.403	9.297.895
Кассадағы қолма-қол ақша	8.110	4.819
Арнайы шоттардағы ақша	177	1.788
	47.577.783	32.055.378

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктерде жылдық 5-11,5% қысқа мерзімді депозиттерді орналастырды.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары мына валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Теңге	41.021.502	29.754.502
АҚШ доллары	6.553.858	1.925.437
Ресей рублі	2.132	2.487
Еуро	–	372.457
Басқа	291	495
	47.577.783	32.055.378

14. КАПИТАЛ

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталын шығарылған әрі толығымен төленген 126.799.554 мың теңге жалпы сомаға 260.000.000 акция құрады.

Халықтық IPO бағдарламасының шеңберінде Топ Қазақстанның қор биржасында бағасы 505 теңге болатын 25.999.999 дана көлемінде жай акцияларды орналастырды. 2014 жылғы 19 желтоқсанда 13.129.999 мың теңге мөлшерінде жарғылық капиталға жарна алынды. 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жарғылық капитал Халықтық IPO бағдарламасы бойынша акцияларды шығарумен байланысты кеңес беру қызметтерінің құнын шегере отырып жарғылық капитал 692.568 мың теңге мөлшерінде білдірілген.

Меншікті сатып алынған акциялар

2016 жылғы қарашада Топ 930 мың теңге жалпы сомаға 1.390 дана көлемінде ашық нарықта орналастырылған өз акцияларын сатып алды.

Дивидендтер

2016 жылғы 28 қазанда акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысында 2016 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін қызмет нәтижелері бойынша алынған таза кірістің 40%-ның бөлінуі бекітілді. Бөлінуге жататын дивидендтер сомасын «KEGOC» АҚ-ның жай акцияларының барлық ұстаушыларына 6.481.765 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 24,93 теңгеге тең болады.

2017 жылғы 12 мамырда акционерлер 2016 жылдың 1 жартыжылдығы үшін бөлінген таза кіріс сомасын шегере отырып 2016 жылғы таза кірістің 50% бөлінуін бекітті. Төленуге жататын сома Компанияның жай акцияларының барлық ұстаушыларына 7.313.761 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 28,13 теңгеге тең болады.

2017 жылғы қазанда акционерлер 2017 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін қызмет нәтижелері бойынша алынған таза кірістің 70%-ның бөлінуін бекітті. Бөлінуге жататын дивидендтер сомасын Компанияның жай акцияларының барлық ұстаушыларына 12.583.933 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 48,40 теңгеге тең болады.

Акцияға пайда

Акцияға базалық және бөлінген пайда сомасы кезеңде болған таза пайданы кезең ішінде айналыста жүретін жай акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептелген. Топтың 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде орташа алғандағы жай акциялардың саны 259.998.610 дана мөлшерінде болды (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 259.998.610 дана). 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда акцияға базалық және бөлінген пайда 126,47 теңге (2016 жыл: акция пайдасы 106,12 теңге) болды.

Акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Активтердің жиыны	628.947.700	632.058.886
Минусы: материалдық емес активтер	(1.038.637)	(855.032)
Минусы: міндеттемелердің жиыны	(254.780.140)	(269.974.816)
Таза активтер	373.128.923	361.229.038
Жай акциялардың саны	260.000.000	260.000.000
Акцияның баланстық құны, теңге	1.435	1.389

Активтерді қайта бағалау резерві

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтерді қайта бағалау резерві 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жасалған Топтың ҰЭЖ активтерін қайта бағалау нәтижесінде құн өсімімен білдірілген (алдыңғы қайта бағалау 2013 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жасалды). 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі құралдардың есептен шығарылуының нәтижесінде активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайдаға аударым 31.654 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 407.377 мың теңге) болды.

14. КАПИТАЛ (жалғасы)

Басқа резервтер

Басқа да резервтер сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау бойынша жинақталған резервтерді білдіреді. Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары бастапқы бағаланғаннан кейін әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша іске асырылмаған пайда немесе зияндар инвестициялардың мойындалуы тоқтаған сәтке дейін резервтердің құрамында басқа да жиынтық кіріс ретінде танылады. Облигациялардың әділ құны актив сатылған жағдайда алынатын немесе міндеттемені беру үшін төленетін бағаға негізделген.

Акционерлермен операциялар

Компания акционері – Самұрық-Қазынаның шешімімен RBK банктегі депозитке айырбас ретінде 2017 жылғы желтоқсанда Компания жылдық 0,01% купондық сыйақымен, 15 жыл өтеу мерзімімен 1.498.249 мың теңге жалпы сомаға 1 облигация үшін 1 теңге номиналды құны бойынша 1.498.249.243 облигацияны сатып алды (*11-ескертпе*). Облигациялар қосымша RBK банктің акционері – «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-тің 411.883 мың теңге сомаға кепілдігімен қамтамасыз етілген.

Компания уақыт факторына келтірілген кепілдіктің көлеміне тең болатын облигациялардың әділ құнын 223.554 мың теңге сомасында мойындады. Облигациялардың құнын әділ құнына дейін келтіру бойынша 900.132 мың теңге сомасындағы шығыстардың бір бөлігі акционерлермен операциялар ретінде танылған.

15. ҚАРЫЗДАР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Халықаралық қайта құру және даму банкі («ХҚҚДБ»)	56.378.222	65.140.253
Еуропалық қайта құру және даму банкі («ЕҚҚДБ»)	17.353.855	57.338.686
	73.732.077	122.478.939
12 ай ішінде өтеуге тиісті қарыздың ағымдағы бөлігін шегере отырып	(9.502.895)	(27.334.944)
	64.229.182	95.143.995

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздар бойынша есептелген және төленбеген сыйақы тиісінше 657.683 мың теңге және 1.115.744 мың теңге болды.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қарыздардың ұйымдастырылуы бойынша комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 339.820 мың теңге және 553.726 мың теңге болды.

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
АҚШ доллары	56.378.222	74.236.477
Еуро	17.353.855	48.242.462
	73.732.077	122.478.939

«Ұлттық Электр Желісін жаңғырту»

1999 жылы Топ ХҚҚДБ 20 (жиырма) жыл мерзімге берген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген 140.000 мың АҚШ доллары сомасына «Ұлттық Электр Желісін жаңғырту» жобасын іске асыру үшін несие желілерін ашты. Қарыз 2005 жылдан бастап жыл сайынғы жарналармен өтелуі тиіс. Қарыз бойынша пайыздар жалпы спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 26.170 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 8.697.076 мың) және тиісінше 38.180 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 12.725.012 мың) болды.

15. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

«500 кВ Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі транзитінің электр қуатын тарататын екінші желінің құрылысы»

2005 жылы «500 кВ Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі транзитінің электр қуатын тарататын екінші желінің құрылысы» II кезеңін жүзеге асыру үшін ХҚҚДБ 17 (он жеті) жылдық кезеңге берген 100.000 мың АҚШ доллары сомасына несие желісі алынды, солардың алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар жалпы спредті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2011 жылы 1.918 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілген сомадан аз болуына орай күші жойылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 40.818 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 13.564.953 мың) және тиісінше 48.973 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 16.322.355 мың) болды.

«Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту» II кезең

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту» II кезең жобасын жүзеге асыру үшін мынадай несие желілері ашылды:

(а) ЕҚҚДБ 15 (он бес) жылдық кезеңге берген 127.500 мың еуро және 75.000 мың еуро сомаға екі несие желісі, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 3,85% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЕВРОБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 43.130 мың еуро (теңгемен баламасы 17.175.458 мың) және тиісінше 112.137 мың еуро (теңгемен баламасы 39.519.210 мың) болды.

(б) ЕҚҚДБ 12 (он екі) жылдық кезеңге берген 47.500 мың еуро сомаға несие желісі, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 3,55% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЕВРОБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған несие желісі бойынша берешек толығымен өтелді. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 22.749 мың еуроны (теңгемен баламасы 8.017.051 мың) құрады.

(в) ЕҚҚДБ 9 (тоғыз) жылдық кезеңге берген 5.000 мың еуро сомаға несие желісі, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 2,75% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЕВРОБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған несие желісі бойынша берешек толығымен өтелді. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 603 мың еуроны (теңгемен баламасы 212.760.051 мың) құрады.

2013 жылғы қарашада ЕҚҚДБ-мен қосымша келісім жасалды, соның талаптарына сәйкес екінші несие желісінің сомасы 75.000 мың еуродан 53.443 мың еуроға дейін азайтылды.

2014 жылғы желтоқсанда 5.028 мың еуро мөлшерінде ЕҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды.

2017 жылғы тамызда Компания 23.751 мың еуро мөлшерінде (баламасы теңгемен 9.405.550 мың) қарыз бойынша негізгі борыштың екі жартыжылдық төлемді жүзеге асырды, олар кесте бойынша 2018 жылғы ақпанда және тамызда төленуі тиіс. 2017 жылғы қарашада Компания 44.253 мың еуро мөлшерінде (баламасы теңгемен 17.410.008 мың) қарыз бойынша негізгі борыштың төрт жартыжылдық төлемді мерзімінен бұрын жүзеге асырды, олар кесте бойынша 2019 және 2020 жж. ақпаны мен тамызында төленуі тиіс.

«Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру нобайы»

2009 жылы «Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру нобайы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ ХҚҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 48 000 мың АҚШ доллары сомасындағы несие желісін алды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар 0,85% белгіленген спредті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2013 жылғы мамырда 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 38.017 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 12.634.253 мың) және тиісінше 40.254 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 13.416.087 мың) болды.

«Қазақстанның ҰЭЖ-ге 500 кернеулі желілерін қоса отырып ПС 500кВ Алма құрылысы, 220 кВ»

2010 жылы «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭЖ-на жалғанатын 500 кВ-тық Алма ҚС-ны салу» жобасын жүзеше асыру үшін ХҚҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 78, 000 мың АҚШ доллары сомасына несие желісі ашылды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген.

15. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

«Қазақстанның ҰЭЖ-ге 500 кернеулі желілерін қоса отырып ПС 500кВ Алма құрылысы, 220 кВ» (жалғасы)

Қарыз бойынша пайыздар 1,15% тиянақталған спрэдті қоса банкаралық алты айлық мөлшерлеме бойынша есептеледі және жылына екі рет өтеледі. 2014 жылғы шілдеде 6.644 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі хққдб-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 64.221 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 21.342.474 мың) және тиісінше 67.789 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 22.593.244 мың) болды.

«220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру»

2011 жылы «Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр жеткізу желісін салу» жобасының I, II және III кезеңдері шеңберінде 2004-2005 жылдары алынған ЕҚҚДБ және ҚДБ қарыздарын қайта қаржыландыру үшін Топ «220 кВ ОБТҚ Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасы шеңберінде ЕҚҚДБ мынадай несие желілерін ашты:

(а) ЕҚҚДБ 15 (он бес) жыл мерзімге берген 77.293 мың АҚШ долдары мен 44.942 мың АҚШ доллары сомасына екі несие желісі. Қарыз бойынша пайыздар 3,95% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған несие желілері бойынша берешек толығымен өтелді. 2016 жылғы 31 желтоқсанға қарыз бойынша берешек қалдығы 21.997 мың АҚШ долларын (теңгемен баламасы 7.331.269 мың) құрады.

(б) ЕҚҚДБ 12 (он екі) жыл мерзімге берген 17.293 мың АҚШ долдары сомасына несие желісі. Қарыз бойынша пайыздар 3,70% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған несие желісі бойынша берешек толығымен өтелді. 2016 жылғы 31 желтоқсанға қарыз бойынша берешек қалдығы 2.776 мың АҚШ долларын (теңгемен баламасы 925.255 мың) құрады.

2011 жылы «220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ны қайта құру» жобасын жүзеге асыру үшін ЕҚҚДБ 12 (он екі) жылға берген 12.900 мың АҚШ доллары (A2, B1b) және 1.900 мың АҚШ доллары (B2b) сомасына несие желісі ашылды, олардың алғашқы 3 (үш) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 3,95% (A2, B1b) және 3,70% (B2b) қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған несие желілері бойынша берешек толығымен өтелді. 2016 жылғы 31 желтоқсанға қарыз бойынша берешек қалдығы 2.564 мың АҚШ долларын (теңгемен баламасы 854.678 мың) құрады.

2014 жылғы мамырда ЕҚҚДБ несие желісінің екінші траншының игерілмеген бөлігінің сомасы 14.800 мың АҚШ долларынан 11.691 АҚШ долларына дейін азайтылды. 2016 жылғы желтоқсанда 70.222 мың АҚШ доллары сомасында (баламасы 23.567.126 мың теңге) ішінара мерзімінен бұрын өтеді. 2017 жылғы қаңтарда 27.337 мың АҚШ доллары сомасында (теңгемен баламасы 9.144.553 мың теңге) берешек қалдығы толықтай мерзімінен бұрын өтелді.

16. ОБЛИГАЦИЯЛАР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жыл
Шығарылған облигациялардың номиналды құны	83.800.000	47.500.000
Есептелген купондық сыйақы	4.407.719	5.251.917
Минус: шығарылған облигациялар бойынша дисконт	(101.305)	(108.883)
Минус: мәміле бойынша шығындар	(49.672)	(23.013)
	88.056.742	52.620.021
12 ай ішінде өтелуі тиіс облигациялардың ағымдағы бөлігін шегергенде	(4.407.719)	(5.251.917)
	83.649.023	47.368.104

«Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «500кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салу» жобаларын қаржыландыру мақсатында Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да купондық облигациялардың екі траншын орналастырды:

(а) 2016 жылғы маусым мен тамыз аралығындағы кезеңде Топ Қазақстан Республикасындағы инфляцияның мөлшерлемесіне тең болатын, 2031 жылға дейін өтеу мерзімімен 2,9% маржаны қоса құбылмалы мөлшерлеменен 47.500.000 мың теңге сомасына купондық облигацияларды орналастырды. 2016 жылғы 26 мамырдан бастап 2017 жылғы 26 мамырға дейінгі алғашқы купондық кезең үшін купондық мөлшерлеме жылдық 18,6% болды. 2017 жылғы 26 мамырдан бастап 2018 жылғы 26 мамырға дейінгі екінші купондық кезең үшін купондық мөлшерлеме жылдық 10,6% болды.

15. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

«220 кВ ОБТҚ-Осакаровка ӘЖ-ні қайта құру» (жалғасы)

Бұл транштың шеңберіндегі барлық облигацияларды Бірыңғай Ұлттық Зейнетақы Қоры сатып алады.

Облигациялар 111.945 мың теңге сомасына дисконтпен орналастырылды.

(б) 2017 жылғы тамызда Топ 11,5%-ға тең болатын тіркелген мөлшерлемемен 36.300.000 мың теңге сомасына купондық облигациялардың екінші траншын орналастырды.

Алынған ақша қаражаты қысқа мерзімді банк депозиттерінде уақытша орналастырылды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ негізгі құралдардың құнына 7.578 мың теңге сомасындағы амортизацияланған дисконтты және 2.261 мың теңге сомасындағы мәміле бойынша амортизацияланған шығындарды капиталдандырды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ 5.080.040 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 1.379.376 мың теңге) мөлшеріндегі инвестициялық кірісті шегергенде шығарылған облигациялар бойынша купондық сыйақы шығындарын капиталдандырды.

17. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ӘРІ ӨЗГЕ ДЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек		
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек	332.584	2.804.261
Минусы: кредиторлық берешек дисконты	(34.257)	(386.451)
	298.327	2.417.810
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек		
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек	13.183.438	12.731.011
Сатып алынатын электр қуаты үшін кредиторлық берешек	4.207.638	3.310.440
Қорлар және көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыс үшін кредиторлық берешек	1.372.261	940.184
	18.763.337	16.981.635
Жиыны	19.061.664	19.399.445

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Теңге	18.020.295	18.802.071
Ресей рублі	1.025.703	559.834
АҚШ доллары	7.893	27.496
Еуро	7.773	10.044
	19.061.664	19.399.445

Ұзақ мерзімді сауда кредиторлық берешек міндеттемелердің орындалуының кепілдігі ретінде мердігерлік шарттар бойынша орындалған жұмыс құнынан ұсталған сомалармен білдірілген.

2017 жылғы қыркүйекте Топ «500кВ Шульбинская ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ЖВ желісін салу» жобасы бойынша мердігермен кредиторлық берешектің ұзақ мерзімді бөлігіне қатысты бар ұстап қалулардың бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеу туралы келісімге қол қойды. Осыған орай Топ 408.695 мың теңге сомасында осы берешек бойынша дисконт амортизациясын жасап, 3.982.454 мың теңге сомасында ұзақ мерзімді берешекті қысқа мерзімдіге қайта жіктеді.

18. МЕМЛЕКЕТТІК СУБСИДИЯ

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
1 қаңтарда	–	–
Бір жылда алынғаны	137.435	–
Пайда немесе зиян туралы есепте көрсетілген	(9.162)	–
31 желтоқсанға	128.273	–
Ағымдағы бөлікті шегере отырып	(27.487)	–
Ұзақ мерзімді бөлік	100.786	–

Мемлекеттік субсидияны Азия даму банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензияны сатып алуға берді. Бұл субсидияға орай Топтың қандай да бір орындалмаған талаптары немесе шартты міндеттемелері жоқ.

19. ҚҰРЫЛЫС БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ

Самұрық-Қазына Басқармасының 2013 жылғы 28 қарашадағы шешіміне сәйкес Топ Астана қ. бала-бақшасын салуға және құрылыс аяқталғаннан кейін он Астана қ. Әкімдігіне беруге міндеттенеді. 2014 жылы Топ құрылыс шығындарын бағалап, құрылыс компаниясымен шарт жасады. Тиісінше, Топ 683.430 мың теңге жалпы сомаға құрылыс бойынша міндеттемені және акционерлерге тиісті бөлуді мойындады. Бала-бақша құрылысының аяқталуы 2018 жылы күтілуде.

20. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА, САЛЫҚТАР БОЙЫНША БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Зейнетақы қоры бойынша міндеттемелер	281.451	195.551
Жеке табыс салығы	250.580	171.925
Әлеуметтік салық	230.499	156.929
Төленуге жататын қосылған құн салығы	118.608	115.476
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	72.765	40.580
Мүлікке салынатын салық (31-ескертпе)	2.563	2.657.850
Басқасы	2.059	1.954
	958.525	3.340.265

21. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Жұмыскерлердің алдындағы міндеттемелер	3.210.561	2.776.866
Басқасы	215.451	197.045
	3.426.012	2.973.911

22. КІРІС

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Электр қуатын тарату	94.600.803	80.601.372
Техникалық диспетчерлеу қызметтері	21.853.659	19.761.623
Сатып алынатын электр қуатын өткізуден түскен кіріс	15.399.538	10.755.485
Өндірістің және электр қуатын тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру қызметтері	14.961.056	13.538.986
Электр қуатының өтуінің мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр қуатын сатудан түскен кірістер	4.084.672	3.704.705
Қуаттылықты реттеу қызметтері	415.637	1.361.538
Басқасы	1.392.527	1.569.884
	152.707.892	131.293.593
Тұтынушыларға жеңілдіктер	(328.075)	(1.292.160)
	152.379.817	130.001.433

Тұтынушыларға арналған жеңілдіктер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу комитетінің бұйрығымен бекітіледі.

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ «Узбекэнерго» АҚ-мен қол жеткізілген келісімнің нәтижесінде 1.361.538 мың теңге сомасында 2015 және 2016 жылдары «Узбекэнерго» АҚ қуаттылығын реттеу қызметтерін іске асырудан түскен кірістерді мойындады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың бір тұтынушыдан, «Самұрық-Энерго»-дан түскен кірістер 34.927.661 мың теңге болды және оған электр қуатын беру қызметтерінен, диспетчерлеу қызметтерінен және теңгерімді ұйымдастыру қызметтерінен түскен кірістер кіреді (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 19.974.135 мың теңге).

23. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Тозу және амортизация	22.288.566	22.117.467
Электр қуатының технологиялық шығысы	18.225.994	16.079.993
Сатып алынатын электр қуатының өзіндік құны	14.908.997	10.460.213
Еңбекақыны төлеу шығыстары және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдар	14.521.162	13.347.751
Электр қуатының өтуінің мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр қуатын сатып алу шығыстары	9.654.277	8.428.757
Пайдалану және жөндеу шығыстары	5.263.450	4.620.643
Қорлар	1.373.422	1.349.630
Күзет шығыстары	1.078.054	1.002.730
Басқасы	2.085.447	1.981.590
	89.399.369	79.388.774

24. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Табыс салығынан басқа салықтар	6.851.098	8.418.457
Еңбекақыны төлеу шығыстары және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдар	4.249.990	4.602.616
Тозу және амортизация	585.988	545.037
Кеңес беру қызметтері	427.315	840.873
Сақтандыру шығыстары	236.960	184.393
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	144.490	130.745
Иссапар шығыстары	125.793	156.492
Жалдау шығыстары	118.211	111.623
Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқықтарын жалдау шығыстары	110.527	104.386
Коммуналдық шығыстар	95.540	91.424
Тренингтер	91.114	46.440
Ескірген қорларға резервті есептеу (8-ескертпе)	86.128	385.867
Материалдар	75.701	75.988
Күмәнді сауда және басқа да дебиторлық берешек пен өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануы бойынша резервті есептеу (9 және 10-ескертпелер)	(1.044.203)	1.290.214
Басқасы	987.743	655.875
	13.142.395	17.640.430

25. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Қаржылық кірістер		
Депозиттер, ағымдағы шоттар мен бағасы белгіленетін облигациялар бойынша пайыздық кіріс	6.205.274	9.192.217
Кредиторлық берешек бойынша дисконтты мойындаудан түскен кіріс (17-ескертпе)	156.046	386.451
Дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	140.477	829.033
Басқасы	2.173	3.644
	6.503.970	10.411.345
Минусы: жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар (6-ескертпе)	(2.910.763)	(3.876.259)
	3.593.207	6.535.086
Қаржылық шығыстар		
Қарыздар бойынша пайыздар	10.729.293	10.091.348
Банк кепілдіктері бойынша комиссия	794.285	832.722
Дисконттау бойынша шығыстар	660.963	–
Қарызды ұйымдастыру үшін комиссия амортизациясы	328.082	388.899
Шығарылған облигациялар бойынша шығыстар	1.736	575
Қаржылық жалдау бойынша пайыздарды төлеу шығыстары	392	–
	12.514.751	11.313.544
Минусы: жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар (6-ескертпе)	(7.990.803)	(5.255.635)
	4.523.948	6.057.909

26. ТЕРІС/(ОҢ) БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі инфляциялық таргеттеуді ендіру шеңберінде теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы режиміне көшу туралы шешімді қабылдады. 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін теңгенің айырбас бағамының өзгеруі салдарынан Топ 4.356.244 мың теңге сомасында бағамдық айырмадан болған теріс неттоны мойындады (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 2.346.713 мың теңге нетто оң бағамдық айырма).

27. БАСҚА ДА КІРІСТЕР

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Айыппұлдар, өсімпұлдар	332.590	214.682
Үйлер мен ғимараттарды жалға беруден түскен кіріс	74.152	74.152
Материалдардың есептен шығуынан түскен кіріс	31.809	59.449
Мемлекеттік субсидияның амортизациясынан түскен кіріс	9.162	–
Өтеусіз алынған негізгі құралдардан түскен кіріс	–	872.939
Өтеусіз алынған активтерден табыс салығын өтеу	–	158.267
Басқасы	59.136	33.709
	506.849	1.413.198

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін түскен басқа да кірістер «Каспий Құбыры Консорциумы – К» АҚ Тобының және «Алтайполиметаллы» ЖШС тұтынушыларынан 872.939 мың теңге сомаға шағын станция мен тарату желілерін қоса алғанда, негізгі құралдарды өтеусіз алудан түскен кірісті білдіреді. Топ өтеусіз алынған активтерден болған табыс салығын өтеу ретінде «Каспий Мұнай Құбыры Консорциумы-К» АҚ-нан 158.267 мың теңге соманы алды.

28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Ағымдағы табыс салығы		
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	9.907.788	6.239.946
Өткен жылдардың ағымдағы табыс салығына қатысты түзетулер	(4.910)	12.232
Кейінге қалдырылған салық		
Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар/(жеңілдік)	(142.500)	2.132.518
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар жиыны	9.760.378	8.384.696

2017 және 2016 жылдары Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20% болды.

28. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Төменде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ескерілген 20% табыс салығының мөлшерлемесі мен табыс салығының нақты сомасы салыстырылып тексерілуі келтірілген:

Мың теңгемен	2017 жыл	2016 жыл
Салық салғанға дейінгі пайда/(зиян)	42.641.694	35.974.847
20% салықтың ресми мөлшерлемесі бойынша есептелген салық	8.528.375	7.194.969
Өткен жылдардың ағымдағы табыс салығына қатысты түзетулер	(4.910)	12.232
Жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар	582.153	443.507
Резидент еместердің күмәнді берешегі бойынша резервті қалпына келтіру/(есептеу)	(250.800)	261.561
Жаңартылатын қуат көздерінен қуат өндірушілерін қолдау	271.629	188.384
Ескірген қорларға резервті есептеу	17.226	77.173
Мүлік салығы бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар	18.987	49.445
Қаржылық инвестициялардың құнсыздануы	448.231	129.178
Басқа да есептен шығарылмайтын шығыстар	149.487	28.247
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар/(жеңілдік)	9.760.378	8.384.696

Бұдан әрі 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқтыратын негізгі уақыт айырмаларына салық әсері көрсетілген:

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	
	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы	2017 жыл	2016 жыл
Кейінге шегерілген салық шығындары	–	–	–	(3.472.159)
Дебиторлық берешек	98.112	91.758	252.354	(171.286)
Есептелген міндеттемелер	638.843	980.032	(341.189)	852.407
Негізгі құралдар	(67.401.276)	(67.878.611)	477.335	658.520
Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар/(жеңілдік)			388.500	(2.132.518)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(66.664.321)	(66.806.821)		

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Кейінге қалдырылған салық активтері	2.252	1.093
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(66.666.573)	(66.807.914)
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері	(66.664.321)	(66.806.821)

Топ ағымдағы салықтық активтерді және ағымдағы салықтық міндеттемелерді есепке алу үшін заңды түрде тіркелген құқығы болған жағдайда ғана салықтық активтер мен салықтық міндеттемелерді есепке алады, ал кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер бір және сол салық органы өндіріп алатын пайда салығына жатады.

29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

Мына кесте байланысты тараптармен 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

Мың теңгемен		Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі	Байланысты тараптар бойынша кредиторлық берешек
Самұрық-Қазына Тобына кіретін еншілес ұйымдар	2017 жыл	2.783.369	1.264.918
	2016 жыл	1.906.324	1.612.641
Самұрық-Қазынамен қауымдасқан компаниялар	2017 жыл	395.840	537.332
	2016 жыл	289.396	188.262
Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары	2017 жыл	199.497	6.967
	2016 жыл	200.141	334.881
Топтың қауымдасқан компаниялары	2017 жыл	29.140	17.194
	2016 жыл	37.099	10.975

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін топтың байланысты тараптармен мынадай операциялары болды:

Мың теңгемен		Сату байланысты тараптарға	Байланысты тараптардан сатып алу
Самұрық-Қазына Тобына кіретін еншілес ұйымдар	2017 жыл	37.601.709	21.295.283
	2016 жыл	22.997.812	15.969.180
Самұрық-Қазынамен қауымдасқан компаниялар	2017 жыл	7.988.875	1.602.714
	2016 жыл	7.539.481	2.804.717
Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары	2017 жыл	4.799.287	33.829
	2016 жыл	7.004.120	2.793.163
Топтың қауымдасқан компаниялары	2017 жыл	375.228	85.049
	2016 жыл	300.653	90.194

Топтың байланысты тараптарға сатуларына, негізінен, электр қуатын беру, техникалық диспетчерлеу қызметтері және электр қуатының өндірісі мен тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру қызметтері кіреді. Топтың байланысты тараптардан сатып алуларына, негізінен, байланыс қызметтері, энергетика саласындағы қызметтер және электр қуатын сатып алу кіреді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 56.657.386 мың теңге мөлшеріндегі қарыздар бойынша берешегіне Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдігін берді (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 65.437.392 мың теңге).

29. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

2007-2009 жылдары Топ Батыс Транзит, өзінің қауымдасқан компаниясы облигацияларын сатып алды, әрі оның облигациялары Қазақстан қор биржасында шығарылған. Облигациялар бойынша купондық мөлшерлеме

8,4%-ды құрайды. Облигациялар өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері ретінде жіктелген. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Батыс Транзит облигацияларының баланстық құны 868.269 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 868.269 мың теңге) болды.

БатысТранзит облигацияларына есептелген пайыздық кіріс 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 65.405 мың теңге болды (2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 207.287 мың теңге).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың басқа да ағымдағы активтердің құрамында көрсетілген «Балқаш ЖЭС» АҚ негізгі құралдарын байланысты тарапқа 201.284 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 184.276 мың теңге) мөлшерінде сату үшін дебиторлық берешегі болды. Сату шартына сәйкес «Балқаш ЖЭС» АҚ берешектің ақысын 2018 жылдың соңына дейін төлеуі тиіс. «Балқаш ЖЭС» АҚ құрылысының тоқтап қалуына орай Топ басшылығы 100% мөлшерінде берешек резервін есептеу туралы шешімді қабылдады.

2015 жылғы 30 қыркүйекте Топ құрал-жабдық кешенімен және Астана қаласында орналасқан іргелес жер учаскелерімен үйлер мен ғимараттарды байланысты тарапқа – «Қазпошта» АҚ-на 2.161.476 мың теңгеге сатты. Сату шартына сәйкес «Қазпошта» АҚ берешектің ақысын 2027 жылдың маусымына дейін тең бөлікті ай сайынғы төлемдермен төлейді. Тиісінше, Топ келешек ақша ағындарын 10,37% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконттады, бұл Топ басшылығының нарықтық мөлшерлемені ең жақсы бағалауы болып табылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазпошта» АҚ-нан дебиторлық берешек бойынша дисконт 660.250 мың теңге болды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дисконттың шегере отырып берешек сомасы 1.190.104 мың теңге болды, мұнда 1.009.981 мың теңге сомасы байланысты тараптардан болған ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құрамына кірді. 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ «Қазпошта» АҚ-ның ұзақ мерзімді берешегі бойынша дисконт амортизациясынан 123.468 мың теңге сомасында түскен кірісті мойындады.

2017 жылы Топ «Самұрық-Қазына Бизнес Контракт» ЖШС байланысты компаниямен бағдарламалық жасақтаманы жалға беруді пайдалану құқықтарын беру туралы ұзақ мерзімді келісімшартты жасады. Келісімшарттың қолданылу мерзімінің соңында бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқықтары Топқа беріледі, Топ қаржылық жалдау бойынша берешекті мойындады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек 12.957 мың теңге болды.

Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша шығыстар құрамына қосылған негізгі бақсарушы қызметкерлерге төленген сыйақы 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 434.374 мың теңге (2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін: 542.242 мың теңге) болды. Негізгі басқарушы қызметкерлердің сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған облигациялар, сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді. Бұл қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топ операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді депозиттері бар. Сондай-ақ Топтың сатуға арналған инвестициялары бар.

Топ пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш келеді.

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелеріне жатады (16 және 17-ескертпелер).

Топ оның қарыздары көрсетілген валюталардағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне мониторингі жасау арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін шектейді. Барлық басқа параметрлердің өзгермеуі шартымен құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасына келесідей әсерін тигізеді:

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)

Мың теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаяу*	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
Либор	70/(8)	(393.671)/44.991
Евробор	25/(1)	(42.939)/1.718
2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін		
Либор	60/(8)	(445.007)/59.334
Евробор	12/(8)	(57.299)/38.199

* 1 базистік тармақ = 0,01%

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді, әрі ол алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай үлкен волатильділікпен сипатталады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Топтың қаржылық қызметімен негізделген. Сондай-ақ, Топтың айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы операциялық қызметпен байланысты (кірістер мен шығыстар Топтың функционалдық валютадан ерекшеленетін валютада білдірілген).

Келесі кестелерде барлық басқа параметрлердің өзгермеуі шартымен, АҚШ долларының және Еуроның айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге сезімталдылық талдауы көрсетілген. Топтың өзге валюталар бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы елеусіз болып табылады.

Мың теңгемен	Айырбас бағамының ұлғаюы/(азаяуы)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2017 жылдың 31 желтоқсанына		
АҚШ доллары	10%/(10%)*	(3.254.584)/3.254.584
Еуро	13,5%/(9,5%)**	(2.343.820)/1.649.355
2016 жылдың 31 желтоқсанына		
АҚШ доллары	13%/(13%)	(1.445.471)/1.445.471
Еуро	15%/(15%)	(7.182.007)/7.182.007

* Теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамының абсолютті ұлғаюы/азаяуы 33,23/(33,23) теңге болды.

** Теңгенің еуроға қатысты айырбас бағамының абсолютті ұлғаюы/азаяуы 53,76/(37,83) теңге болды.

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Топ қаржылық шығындарды көтереді деген тәуекел, өйткені қарсы агенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Топ операциялық қызметпен ең алдымен, сауда дебиторлық берешекке қатысты (9-ескертпе) және банктер мен қаржы ұйымдарындағы депозиттерді қоса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді 11, 12 және 13-ескертпелер). Топтың және оның қарсы агенттерінің несиені төлеу қабілетіне ұшырағыштығы үнемі қадағаланып отырады. Ең көп несиелік тәуекелге ұшырағыштық әрбір қаржы активінің баланстық құнымен шектелген (9, 10, 11, 12 және 13-ескертпелер).

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған қаржы активтерінің баланстық құны, құнсыздану резервтерін шегере отырып, Топтың несиелік тәуекелінің ең көп көлемін көрсетеді.

Тұтынушылармен байланысты несиелік тәуекелді басқару несиелік тәуекелді басқарумен байланысты Топтың саясатына, рәсімдері мен бақылауларына сәйкес жүзеге асырылады. Тұтынушылардан түсетін өтелмеген дебиторлық берешек балансын Топтың басшылығы тұрақты бақылайды.

Құнсыздануға жасалатын талдауды Топтың басшылығы мерзімі өткен күн саны негізінде дербес түрде әр есепті күнге жүргізеді. Есептеулер бұрын нақты болған залалдар туралы ақпаратқа негізделеді. Есепті күнге несиелік тәуекелге аса бейімділік 11-ескертпеде қарастырылған қаржылық активтердің әр сыныбының баланстық құнымен берілген. Топта өзіне кепілдікке берілген мүлік жоқ.

2016-2017 жылдардың ішінде несиелік портфель сапасының нашарлауына орай Қазақстан Республикасының бірқатар банкі қаржылық қиындықтарға тап болды. Бұл банктер Ұлттық банктің көмегіне жүгінді. Кейбір банктерді Ұлттық Банк банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыру лицензиясынан айырды (11-ескертпе).

Топ өзінің операциялық қызметін және белгілі бір инвестициялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында Топ, негізінен, қазақстандық банктерде салымдарды орналастырады.

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегере отырып «Standard & Poor's» және «Fitch» агенттіктерінің несие рейтингілерін пайдалана отырып есепті күнге банктерде орналастырылған ақша қаражаттары, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетілген:

Мың теңгемен	Орналасқан жері	Рейтинг		2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
		2017 жыл	2016 жыл		
«ForteBank» АҚ	Қазақстан	В3/Позитивті	В/Тұрақты	19.605.491	5.006.158
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ	Қазақстан	ВВ/Теріс	ВВ/Тұрақты	15.455.437	16.851.515
«ЦентрКредит Банкі» АҚ	Қазақстан	В/Тұрақты	В/Тұрақты	13.354.885	6.938.201
«АТФБанк» АҚ	Қазақстан	В3/Позитивті	В-/Теріс	12.748.136	31.499.274
«Цеснабанк» АҚ	Қазақстан	В+/Теріс	В+/Тұрақты	8.361.222	3.170.712
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	Қазақстан	ССС	В/Тұрақты	2.570.204	4.436.326
«Қазкоммерцбанк» АҚ	Қазақстан	В+/Теріс	В-/Теріс	2.409.507	2.437.396
«Нұрбанк» АҚ	Қазақстан	В-/Теріс	В/Теріс	968.004	1.511.630
«Банк KassaNova» АҚ	Қазақстан	В/Теріс	В/Теріс	302.842	–
«Еуразиялық Банк» АҚ	Қазақстан	В/Теріс	В/Тұрақты	133.424	12.765.758
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ	Қазақстан	Қолданылмайды	Қолданылмайды	80.383	80.383
«Delta Bank» АҚ	Қазақстан	D	D	67.742	3.000.000
«Казинвестбанк» АҚ	Қазақстан	D	D	–	645.891
«Qazaq Banki» АҚ	Қазақстан	В-/Теріс	В-/Тұрақты	–	4.373.053
«Астана Банкі» АҚ	Қазақстан	В-/Тұрақты	В/Тұрақты	–	4.829.510
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	Қазақстан	В-/Тұрақты	В-/Тұрақты	–	3.000.022
«Альфа Банк» ЕБ АҚ	Қазақстан	ВВ-/Тұрақты	В+/Теріс	–	3.000.000
«Bank RBK» АҚ	Қазақстан	ССС	В-/Тұрақты	–	2.441.921
«Tengri Bank» АҚ	Қазақстан	В+/Теріс	В+/Теріс	–	2.017.708
«Азия Кредит Банкі» АҚ	Қазақстан	В-/Тұрақты	В/Теріс	–	70
«Ресей Жинақ банкі» ЕБ АҚ	Қазақстан	ВВ+/Позитивті	ВВ+/Теріс	–	–
				76.057.277	108.005.528

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі

Топ басшылығы өтімділік және қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыруды басқарудың талаптарына сай өтімділік тәуекелін басқарудың қажетті жүйесін құрды. Топ бірдей резервтер, банктік қарыздар және қолжетімді несие желілерін қолдау жолымен, болжамдалған және нақты ақша қозғалысына мониторинг жүргізу жолымен қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру жолымен өтімділік тәуекелін басқарады.

Топ борышты қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдердің шоғырлануын бағалады және бұл өте төмен болады деген пікірге келді. Топ жеткілікті түрде сан алуан қаржы көздеріне қол жеткізе алады және 12 (он екі) ай ішінде өтелетін берешектер тиісті кредиторлармен жүргізілуі мүмкін.

Мына кестелерде шартты дисконтталмаған ақша ағындары негізінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша Топтың келісімшарттық мерзімдері көрсетілген.

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Астам 5 жылға дейін	Жиыны
2017 жылдың 31 желтоқсанына						
Қарыздар	–	1.454.277	9.322.742	42.087.100	31.588.145	84.452.264
Сауда кредиторлық және басқа да берешек	–	18.763.337	–	298.327	–	19.061.664
Облигациялар	–	–	4.407.719		83.649.023	88.056.742
	–	20.217.614	13.730.461	42.385.427	115.237.168	191.570.670
2016 жылдың 31 желтоқсанына						
Қарыздар	–	15.279.011	13.947.521	64.035.820	42.194.121	135.456.473
Сауда кредиторлық және басқа да берешек	–	16.981.635	–	2.417.810	–	19.399.445
Облигациялар	–	–	5.251.917	–	47.368.104	52.620.021
	–	32.260.646	19.199.438	66.453.630	89.562.225	207.475.939

Капиталды басқару

Топ капиталын басқарудың басты мақсаты Топтың кірістің барынша көбейтілуімен қатар берешек пен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы акционер үшін табыстарды барынша көбейте отырып, қызмет үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастыра алады.

Топ өз капиталын экономикалық шарттардағы өзгерістерді ескере отырып басқарады. Өзінің капиталын басқару немесе өзгерту үшін Топ акционерге дивидендтердің төленуін ауыстыра, акционерге капиталды қайтара немесе жаңа акцияларды шығара алады.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде капиталды басқару мақсаттарына, саясатына немесе процестеріне қандай да бір өзгерістер енгізілген жоқ.

Топ капиталға қатысты борыш коэффициентін пайдалана отырып капиталды басқарады, бұл капиталдың жиынына бөлінген борыш болып табылады. Топтың міндеті коэффициентті 0,5 жоғары емес деңгейде ұстап тұру болып табылады. Борышқа барлық қарыздар мен облигациялар кіреді. Капитал барлық міндеттемелердің сомасына және барлық акционерлік капиталға тең болады.

	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Борыш/капитал	0,26	0,28

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Капиталды басқару (жалғасы)

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2016 жылғы
Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігі	147.878.205	142.512.099
Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігі	13.910.614	32.586.861
Борыш	161.788.819	175.098.960
Міндеттемелер жиыны	254.780.140	269.974.816
Капитал	374.167.560	362.084.070
Капитал мен міндеттемелер жиыны	628.947.700	632.058.886

Топ капиталының құрылымына 14-ескертпеде ашылып көрсетілгендей акционерлік капитал, резервтер мен бөлінбеген пайда кіреді.

Әділ құнның иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын айқындаудың және бағалау үлгісінің бөлігіне қарай ол туралы ақпаратты ашып көрсетудің келесі иерархиясын пайдаланады:

- 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықтардағы бағалар.
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады.
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Төмендегі кестеде Топтың активтері мен міндеттемелерін әділ құны бойынша бағалау көздерінің иерархиясы көрсетілген:

Әділ құны бойынша ескерілетін активтер

Мың теңгемен	2017 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық емес активтер				
ҰЭЖ активтері (7-ескертпе)	422.319.945	–	–	422.319.945

Мың теңгемен	2016 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржы активтері				
Сату үшін қолда бар қаржы активтері (11-ескертпе)	868.269	–	–	868.269
Қаржылық емес активтер				
ҰЭЖ активтері (6-ескертпе)	416.722.746	–	–	416.722.746

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Әділ құнның иерархиясы (жалғасы)

Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2017 жыл	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық міндеттемелер				
Қарыздар (15-ескертпе)	73.732.077	–	73.732.077	–
Облигациялар (16-ескертпе)	88.056.742	88.056.742	–	–
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	12.957	–	12.957	–

Мың теңгемен	2016 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Қаржылық міндеттемелер				
Қарыздар (15-ескертпе)	122.478.939	–	122.478.939	–
Облигациялар (16-ескертпе)	52.620.021	–	52.620.021	–

Қаржы құралдарының әділ құны

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында басшылық Топтың сауда-саттық дебиторлық және кредиторлық берешек, басқа да қаржы активтері, ақша қаражаты мен оның баламалары, қолданылуы шектеулі ақша қаражаты сияқты қаржы құралдарының әділ құны ең бастысы аталған құралдарды өтеу мерзімдерінің ұзаққа созылмауы себепті шамамен алғанда олардың баланстық құнына тең екенін анықтады. Қарыздар мен Топ шығарған облигациялар амортизацияланған құн бойынша көрсетілген, әрі ол шамамен олардың әділ құнына тең болады.

Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер

Мың теңгемен	2017 жылдың 1 қаңтарына	Ақша ағындары	Валюта бағамдары- ның өзгеруі	Жаңа жалдау шарттары	Басқасы	2017 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	122.478.939	(53.433.954)	4.931.247	–	(244.155)	73.732.077
Облигациялар	52.620.021	27.436.080	–	–	8.000.641	88.056.742
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	–	(992)	–	13.160	789	12.957
Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны	175.098.960	(25.998.866)	4.931.247	13.160	7.757.275	161.801.776

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер (жалғасы)

Мың теңгемен	2016 жылдың 1 қаңтарына	Ақша ағындары	Валюта бағамдары- ның өзгеруі	Жаңа жалдау шарттары	Басқасы	2016 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	171.230.539	(44.951.559)	(3.952.545)	—	152.504	122.478.939
Облигациялар	—	54.275.028	—	—	(1.655.007)	52.620.021
Қаржылық жал бойынша міндеттеме	—	—	—	—	—	—
Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны	171.230.539	9.323.469	(3.952.545)	—	(1.502.503)	175.098.960

«Басқасы» бағанында, қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, ұзақ мерзімді қарыздардың бір бөлігін уақыт өткеннен кейін қысқа мерзімділердің санатына қайта жіктеу нәтижесінде алынған сомалар көрсетілген. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктейді.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың келешектегі тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

Мұнай бағасының төмендеуі қазақстандық экономикаға теріс әсерін тигізуде. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалып отыр. Бұл факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының ұлғаюына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуына әкеп соқтырды, бұл Топтың қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Топ басшылығы ағымдағы жағдайларда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір сәйкессіздігі жиі болады. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Айыппұлдық ықпалшараға 2,5-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда салық тексерулері бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздіктерге байланысты, егер мұндай жағдай болса, салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімақының түпкілікті сомасы осы уақытта шығыстарға жатқызылған және 2017 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асуы мүмкін.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Салық салу (жалғасы)

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 7 қарашадағы № 231-ОД бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық жіктеушісі «Негізгі қорлардың жіктеушісі» (бұдан әрі – «НҚЖ») қолданысқа енгізілді. НҚЖ бұл нұсқасында негізгі құралдардың бір бөлігін «Ғимараттар» тобынан «Машиналар мен жабдықтар» тобына қайта жіктелуі болжанған. Топ НҚЖ жаңа нұсқасын 2015 және 2016 жылдары мүлікке салынатын салықты есептеу үшін қолданды. НҚЖ-ның осы нұсқасын қолданудың нәтижесінде Компания қаражатты үнемдеді. 2016 жылы салық органдары НҚЖ әділет органдарында тіркелмегені жайында мәселені көтерді. Тиісінше, НҚЖ жаңа нұсқасының Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2016 жылғы 23 шілдедегі Шешімімен күші жойылған. Салық органдарының пікірінше әділет органдарында нормативтік құжат тіркелуінің жоқтығы құжатты заңды күшінен айырады. Жоғарыда аталғанға орай, Топ негізгі құралдарды кері қарай қайта жіктеді және 2015 әрі 2016 жылдар үшін 2.630.504 мың теңге мөлшерінде мүлік салығын, оның ішінде 256.639 мың теңге сомаға айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеді (20-ескертпе).

Несие келісімдерінің талаптары

1999 жылдан бастап 2011 жылға дейін Топ ЕДҚҚБ мен ХҚҚДБ-мен (бұдан әрі – «несие берушілер») 506 миллион АҚШ доллары және 228 миллион еуро жалпы сомаға несие келісімдерін жасады (16-ескертпе). Топ пен Топтың несие берушілерінің арасындағы несие келісімдеріне сай Топ несие келісімдерінің келесі талаптарын сақтауға міндетті:

- Ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге ара қатынасы 1:1 кем емес.
- Жиынтық берешектің жалпы капиталдануға ара қатынасы 50% артық емес.
- Қаржы шығыстарын, пайда салығын, тозу мен амортизацияны шегергенге дейінгі кірістердің («EBITDA») қаржы шығыстарына ара қатынасы 3:1 кем емес.
- Таза борыштың EBITDA ара қатынасы 4:1 артық емес.
- Өзін өзі қаржыландыру коэффициенті 20% кем емес.
- Борышқа қызмет көрсету коэффициенті 1,2 кем емес.

Басшылық 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ЕДҚҚБ мен ХҚҚДБ-мен жасалған несие келісімдерінің барлық талаптарын сақтаған деп есептейді. EBITDA-ны есептеу кезінде Топ бағамдық айырмадан болған кірістер мен зияндарды алып тастайды, өйткені бағамдық айырмадан болған кірістер мен зияндар ақшалай емес операциялардың анықтамасына сәйкес келеді және EBITDA-ның есебінен алынып тасталуы тиіс деп есептейді, әрі бұл несие келісімдерінде көрсетілген. 2017 жылғы 31 желтоқсанға EBITDA-ны есептеу кезінде Топ 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 4.356.244 мың теңге сомасында бағамдық айырмадан болған шығыстарды алып тастады.

Сақтандыру

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қалпына келтіру құны 170.542.342 мың теңге болатын өндірістік активтерді сақтандырды. Сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемі активтерді қалпына келтіру құнының шегінде жасалады. Топ қалған өндірістік активтерді сақтандырған жоқ. Сақтандырудың жоқтығы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің пайда болуын білдірмейтіндіктен, мұндай активтердің бүлінуімен немесе айырылумен байланысты көзделмеген шығыстарға осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте еш резерв құрылмады.

31. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Шарттық міндеттемелер

Ұлттық электр желісінің құрал-жабдығының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Топ күрделі инвестициялар жоспарын әзірледі. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы жоспардың шеңберінде жасаған ашық шарттар бойынша міндеттемелер сомасы 21.463.464 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 45.623.560 мың теңге) болды.

Күрделі инвестициялар жоспарының және ашық келісімшарттардың едәуір бөлігін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатып алынатын құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің құрайтындығына орай шарттық міндеттемелердің құбылу ықтималдылығы бар. Бұл құбылулардың негізгі себебі инфляциялық таргеттеуді енгізу шеңберінде теңгенің еркін құбылмалы айырбастау бағамы режиміне өтуден туындаған айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері болып табылады.

Электр қуатын беру және желіге жіберудің техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну бойынша тарифтер

2016 жылдың қорытындылары бойынша Комитетке тарифтік сметаның орындалуы жөніндегі есеп жолданды, соны қарау қорытындылары бойынша Комитет бұйрығымен реттелетін қызметтерге белгіленген тарифтердің шекті деңгейінен төмен белгіленген 2016 жылғы 1 шілде мен 2017 жылғы 30 маусым аралығындағы кезеңде реттелетін тарифтерге уақытша өтеп беретін тариф айқындалды. 2017 жылғы 1 шілдеден бастап 31 желтоқсанға дейін электр қуатын электр желілерімен тарату бойынша уақытша өтеп беретін тариф 2,2457 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен) деңгейінде белгіленді, желіге жіберудің техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну бойынша тарифтер – 0,2339 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен). 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 маусымға дейін электр қуатын электр желілерімен тарату бойынша уақытша өтеп беретін тариф 2,245 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен) деңгейінде белгіленді, желіге жіберудің техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну бойынша тарифтер – 0,2489 теңге/кВтч (ҚҚС-ты ескерместен).

32. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Қарыздар бойынша өтеу

2018 жылғы қаңтарда Топ «Қазақстанның ҰЭЖ-ге 500 кернеулі желілерін қоса отырып ПС 500кВ Алма құрылысы, 220 кВ» жобасы бойынша ХҚҚДБ қарызы бойынша жартыжылдық төлем жасады. Топ 1.784 мың АҚШ доллары (баламасы 588.922 мың теңге) сомада негізгі борышты және 857 мың АҚШ доллары (баламасы 282.824 мың теңге) сомасында сыйақыны өтеді.

2018 жылғы ақпанда Топ 780 мың еуро (баламасы 312.081 мың теңге) сомасында ІІ сатыдағы «Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту» жобасы бойынша сыйақыны төледі.

ГЛОССАРИЙ

5-ҚОСЫМША

АҚ	акционерлік қоғам
«Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
АҚА	автоматты түрде қайта ажырату
ӘЖ	жоғары вольтті желілер
ЖЭК	жаңартылатын энергия көздері
ЖЭС	жел электр станциясы
ГТЭС	газотурбиналық электр станциясы
МАЗС	мемлеттік аудандық электр станциясы
ГЭС	гидроэлектростанциясы
ЕҰ	еншілес ұйымдар
БЖЭ	біртұтас электр энергетикалық жүйе
БМЖ	біріктірілген менеджмент жүйесі
АТК	ақпараттық-телекоммуникациялық кешен
кВт·сағ	киловатт-сағат
кВ	киловольт
Компания	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
ҚНК	қызметтің негізгі көрсеткіші (-тері)
КРЕМИЗКиПП	Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті
ЭЖЖ	электр жеткізу желілері
МВА	мегавольт-ампер
МВт	мегаватт
ҚЕХА	Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары

ЖЭТ	«KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдары
ЖО ҰДО	«KEGOC» АҚ «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» филиалы
ҚҚС	қосымша құн салығы
ҒТК	ғылыми-техникалық кеңес
ҰЭТ	Ұлттық электр торабы
ААҚ	ашық акционерлік қоғам
БЭЖ	біріккен энергетикалық жүйе
НАОК	Найзағайдан қорғайтын арқансымдағы оптикалық кабель
ҚС	қосалқы станция
ЭҚР ПУЛ	Қазақстанның электр қуаты резервтерінің пулы
ПХД	полихлордефинил
ӨДО	өңірлік диспетчерлік орталық
РҚАжәнеАА	Релелік қорғау мен автоматика және аварияға қарсы автоматиктика
ӨЭК	өңірлік электр желілік компания
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ІБЖ	ішкі бақылау жүйесі
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТБЖ	тәуекелдерді басқару жүйесі
ЭМЖ	экологиялық менеджмент жүйесі
КЭС	күн электр станциясы
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТЭН	техникалық-экономикалық негіздеме
ЖЭС	жылу электр станциясы
Филиалдар	«KEGOC» АҚ ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары
ЭҰҰ	энергия үнемдейтін ұйымдар



БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

ЖАЛПЫ

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы

Қазақстан Республикасы, Астана қ.,
Тәуелсіздік даңғылы, 59-ғимарат

тел.: +7 (7172) 693-824, 690-203
факс: +7 (7172) 690-455
e-mail: kegoc@kegoc.kz

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БОЙЫНША СҰРАҚТАР ҮШІН

Корпоративтік даму департаменті:
Рамазанова Айжан
тел.: +7 (7172) 690-434
e-mail: Ramazanova@kegoc.kz

Инвесторлармен байланыс жөніндегі
департамент:
Молдыбаева Ника
тел.: +7 (7172) 690-292
e-mail: Moldybayeva_N@kegoc.kz

АУДИТОР

«Эрнст энд Янг» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7 (Есентай тауэр)
тел.: +7 (727) 258-5960
факс: +7 (727) 258-5961
e-mail: almaty@kz.ey.com

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздардың біртұтас тіркеушісі» АҚ

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ.,
Сәтпаев көш., 30А/3-үй (Теңіз тауэрс)
тел.: +7 (727) 272-4760
факс: +7 (727) 272-4760, ішкі тел. 230
e-mail: info@tisr.kz

www.kegoc.kz